

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ
ЖАНЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫ
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ

АБДИКЕРИМОВ БЕКМУРАТ МУСАНОВИЧ

Жасырын тергеу әрекеттері процесі этаптарының дифференциациясы:
проблемалары мен оларды шешу жолдары

7М04203 «Құқықтану» (ғылыми-педагогикалық бағыт)
білім беру бағдарламасы бойынша заң ғылымдарының магистрі
дәрежесін алуға диссертация

Ғылыми жетекші:
арнайы заң пәндері кафедрасының
доценті С.А. Августхан
PhD докторы, аға әділет кеңесшісі

Қосшы қ., 2025 ж.

ТҮЙІНДЕМЕ

Зерттеу жасырын тергеу әрекеттерінің құқықтық реттелуін жеке өмірге қол сұғылмаушылыққа конституциялық кепілдіктерді қамтамасыз ету тұрғысынан талдауға бағытталған. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу жүйесі талдау нысаны ретінде алынған. Диссертация кіріспеден, екі бөлімнен және оларға кіретін екі кіші бөлімдерден, қорытындыдан, пайдаланылған дереккөздердің тізімінен және қосымшалардан тұрады.

Процессуалдық рәсімдердің айқын еместігі мен бақылаудың әлсіздігі жеке өмірге заңсыз араласу қатерін туындататыны анықталды. Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу тәртібін нақтылау және алдын - ала прокурорлық қадағалауды енгізу қажеттігі ғылыми түрде негізделді.

РЕЗЮМЕ

Исследование направлено на анализ правового регулирования института негласных следственных действий с позиции обеспечения конституционных гарантий неприкосновенности частной жизни. В качестве объекта анализа выбрана уголовно-процессуальная система Республики Казахстан. Диссертация состоит из введения, двух разделов, каждая из которых состоит из двух подразделов, заключения, списка использованных источников и приложений.

Установлено, что неопределённость процессуальных процедур и слабость контрольных механизмов создают угрозу незаконного вмешательства в частную жизнь. Научно обоснована необходимость нормативного уточнения порядка проведения негласных следственных действий и внедрения превентивного прокурорского надзора.

SUMMARY

The research is focused on the analysis of the legal regulation of the institution of covert investigative actions in the context of ensuring constitutionally guaranteed protection of the right to privacy. The criminal procedure system of the Republic of Kazakhstan has been chosen as the object of analysis. The dissertation consists of an introduction, two chapters (each containing two subsections), a conclusion, a list of references, and appendices.

It has been established that the lack of clarity in procedural regulations and the weakness of oversight mechanisms pose a threat of unlawful interference with private life. The study scientifically substantiates the necessity of clarifying the procedure for conducting covert investigative actions and introducing a mechanism of preventive prosecutorial oversight.

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	4
БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	5
КІРІСПЕ	6
1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖАСЫРЫН ТЕРГЕУ ӘРЕКЕТТЕРІ ПРОЦЕСІНІҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ	
1.1 Жасырын тергеу әрекеттері процесін салыстырмалы-құқықтық талдау.....	22
1.2 Қазақстан Республикасының қылмыстық процесіндегі жасырын тергеу әрекеттерінің процесі кезеңдерінің дифференциациясы (авторлық тәсіл).....	38
2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЖАСЫРЫН ТЕРГЕУ ӘРЕКЕТТЕРІН ЖҮРГІЗУДІҢ ПРОБЛЕМАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ МЕН ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ	
2.1 Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде адамдардың конституциялық құқықтарының бұзылуының алдын алуға бағытталған шаралар	56
2.2 Қазақстан Республикасында жасырын тергеу әрекеттерінің статистикалық есебінің проблемалық мәселелері, оларды шешу жолдары	66
ҚОРЫТЫНДЫ	70
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ	73
ҚОСЫМША	78

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы диссертацияда мынадай стандарттарға сілтемелер пайдаланылған:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған;
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілдеде қабылданған № 231-V;
3. Прокуратура туралы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 2022 жылғы 5 қарашадағы № 155-VII ҚРЗ.
4. Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арызды, хабарды немесе баянатты қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 23 қыркүйекте № 9744 тіркелді.
5. Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 565, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 62, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 892, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі бастығының 2014 жылғы 15 желтоқсандағы № 146 және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2014 жылғы 18 желтоқсандағы № 416 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 27 желтоқсанда № 10027 тіркелді.
6. Жасырын тергеу әрекеттерін санкциялау туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 5 Нормативтік қаулысы.

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Конституция, Ата заң	Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда
Прокуратура туралы заң	республикалық референдумда қабылданды Прокуратура туралы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 1995 жылы 30 тамызда
ЖТӘ санкциялау туралы Жоғарғы Соттың Нормативтік қаулысы	республикалық референдумда қабылданды Жасырын тергеу әрекеттерін санкциялау туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 5 Нормативтік қаулысы
ҚР ҚПК	Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілдеде қабылданған № 231-V
ЖТӘ қағидалары	Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2015 жылғы 3 ақпандағы №13 бұйрығымен бекітілген «Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу қағидалары»
Конституциялық Сот	Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты
Грузия ҚПК	Грузия Қылмыстық-процестік кодексі 2009 жылғы 19 қазанда қабылданған № 1772
Украина ҚПК	Украина Қылмыстық-процестік кодексі 2012 жылғы 13 сәуірде қабылданған № 4651-VI
АЖШ	Арнайы жедел-іздістіру шаралары
ЖТӘ	Жасырын тергеу әрекеттері
ЖТІӘ	Жасырын тергеу (іздістіру) әрекеттері
ҚТӘ	Құпия тергеу әрекеттері
Тапсырма	Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу туралы сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының тапсырмасы

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі қазіргі таңда жасырын тергеу әрекеттерінің (бұдан әрі – ЖТӘ) процесі барысында азаматтардың конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету мәселелерінің бастапқы кезеңдерінде қосымша ғылыми пайымдауды және құқықтық жетілдіруді талап ететіндігімен айқындалады.

Мұндай қажеттілікті негіздейтін факторлардың бірі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде (бұдан әрі – ҚР ҚПК) ЖТӘ жүргізу тәртібінің жеткіліксіз нақты регламенттелуінде көрінеді. Бұл аталған салада жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қорғау тетігінің тиімділігін төмендетеді.

Осы жұмыста қарастырылып отырған мәселелер салыстырмалы түрде жаңашыл болып табылады және кешенді ғылыми көзқарасты қажет етеді. Айта кету қажет, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясында 2020–2022 жылдар аралығында тақырыппен іргелес мәселелер бойынша ғылыми зерттеулер жүргізіліп, олар проблематика аясындағы әрі қарай ғылыми дамудың негізін қалады.

Өз кезегінде, диссертациялық жұмыстың шеңберінде ЖТӘ процесінің кезеңдік ерекшеліктеріне терең талдау жасалып, олардың нормативтік-құқықтық реттелуін жетілдіру жолдары зерделенді.

Диссертацияда баяндалған жекелеген ғылыми тұжырымдар бұған дейін автордың Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының ресми ғылыми еңбектер жинағында жарияланған зерттеу нәтижелеріне негізделген. Зерттеу нәтижелері VII Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция шеңберінде ұсынылған «Қазақстан Республикасында жасырын тергеу әрекеттерін жүргізудің өзекті мәселелері» тақырыбындағы баяндамада айтылды [1, 208 б.].

Жекелеген отандық магистранттардың зерттеулері осы тақырыпта белгілі бір ғылыми базаның қалыптасқанын көрсетеді. Мәселен, 2022 жылы Рамазанов Д.Қ. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізуіндегі жасырын тергеу әрекеттерімен танысу рәсімінің процестік тәртібін зерттеп, мәселені теориялық әрі қолданбалы аспектіде қарастырған [2].

Ал 2020 жылы Секенов Е.Қ. өзінің ғылыми жұмысын қылмыстық сот ісін жүргізу аясында жасырын тергеу әрекеттерін құқықтық реттеу мәселелеріне арнап, олардың электрондық форматта іске асырылуына баса назар аударған. Осы бағыт оның «Правовое регулирование проведения негласных следственных действий в уголовном судопроизводстве» атты зерттеуінде көрініс тапты [3].

2021 жылы Кабидуллаев А.Ф. қылмыстық процесте жедел-іздістіру шаралары мен жасырын тергеу әрекеттерінің арақатынасы мәселелерін зерттеу объектісі ретінде тандаған болатын [4].

Ғылыми еңбектерде қарастырылған мәселелер тақырыптың жекелеген қырларын қамтығанымен, олардың мазмұны қазіргі диссертациялық зерттеу шеңберінде қойылған барлық аспектілерді толық ашпайды. Өз кезегінде бұл көрсетілген тақырып бойынша терең әрі жан-жақты ғылыми зерттеулерді жалғастырудың өзектілігін дәлелдейді.

Қазақстан халқына арналған Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары атты жыл сайынғы Жолдауында Мемлекет басшысы 2023 жылғы 1 қыркүйекте құқықтық саясаттың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасының (бұдан әрі – Тұжырымдама) ережелерін іске асыру шеңберінде «адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау жүйесін нығайту бойынша жүргізіліп жатқан кешенді жұмыстың маңыздылығын» атап өтті [5].

Тұжырымдама азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің, қылмыстық қудалау мен сот төрелігін жүзеге асыру сапасын арттырудың басым маңызы ерекше көрсетілген. Сонымен қатар, жеке өмірге қолсұқпаушылық құқығын қорғауды қамтамасыз ететін тетіктерді одан әрі күшейту қажеттілігіне ерекше назар аударылған.

Теориялық талдау. Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 4 шілдедегі Жарлығымен қылмыстық сот процесін реформалау мен жаңғыртуға бағытталған жаңа Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі қабылданып, ол 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді [6].

ҚР ҚПК құрылымында бірқатар жаңа құқықтық институттар енгізілді, оның ішінде 30-бөлім – «Жасырын тергеу әрекеттері» атты тарау қабылданып, онда құқықтық табиғаты бойынша көптеген жағынан арнайы жедел-іздігі шараларына (бұдан әрі – АЖШ) ұқсас ЖТӨ түрлерінің тізбесі белгіленген. Бұл АЖШ тізбесі Қазақстан Республикасының «Жедел-іздігі қызметі туралы» Заңының 11-бабы 3-тармағында бекітілген [7].

Аталған бөлімнің пайда болуы тергеу әрекеттерін екі негізгі нормативтік категорияға бөлуге алып келді: ашық тергеу әрекеттері – ҚР ҚПК-нің 197-бабында көзделген тәртіппен алдын ала тергеп-тексеру органдарымен жүргізілетін әрекеттер және ЖТӨ – алдын ала тергеп-тексеру жүргізуші адамның тапсырмасы бойынша құқық қорғау немесе арнаулы мемлекеттік органдардың уәкілетті бөлімшелерімен жедел-іздігі қызметінің әдістері мен нысандарын қолдану арқылы жүргізілетін іс-әрекеттер.

Осылайша, ЖТӨ-ні санкциялау тәртібі, сондай-ақ құқықтық табиғатына ұқсас АЖШ-ті санкциялау өкілеттігі прокуратура органдарына жүктелген.

Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасында көзделген адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау жүйесін нығайту жөніндегі міндеттерді іске асыру мақсатында 2018 жылғы 2 наурыздан бастап ЖТӨ-ні санкциялау жөніндегі өкілеттіктер тергеу судьяларының айрықша құзыретіне берілді.

Белгіленген тәртіпке сәйкес, тергеу судьясы алдын ала тергеп-тексеру органымен ұсынылған ЖТӨ жүргізу туралы материалдарды дербес қарайды,

алайда, көп жағдайда, сотқа дейінгі тергеп-тексеру заңдылығын тексермей, сондай-ақ ЖТӘ жүргізу туралы тапсырманың негізділігін толық көлемде бағаламай шешім қабылдайды.

ЖТӘ-ні санкциялау жөніндегі өкілеттіктерді тергеу судьяларына беру кезінде, өкінішке қарай, бірқатар жүйелі факторлар ескерілмей қалды. Атап айтқанда, соттың да, жеке алғанда тергеу судьясының да ЖТӘ-ні санкциялау үшін ұсынылған материалдардың заңдылығы мен шынайылығын тексеру жөніндегі процестік өкілеттіктерге ие еместігі назардан тыс қалды.

Осы мән-жайларды ескере отырып, заң шығарушы ҚР ҚПК-нің 234-бабының 2-бөлігінде тергеу судьясына егер ұсынылған материалдардың шынайылығына қатысты негізді күмән туындаса, ЖТӘ процесінің заңдылығын тексеруді прокурорға ұсыну құқығын бекітті.

ЖТӘ санкциялау жөніндегі өкілеттіктер тергеу судьяларына берілгенге дейін ЖТӘ процесінің бүкіл кезеңі заңда белгіленген өкілеттіктер шеңберінде прокурордың бақылауында болған. Прокурорлық қызмет ЖТӘ процесінің бүкіл циклін қамтыған: алдын ала тергеп-тексерудің басталу негізділігі мен заңдылығын тексеруден бастап, ЖТӘ нәтижелерін қылмыстық іс материалдарына тіркеу заңдылығын бағалауға дейін. ЖТӘ-нің тікелей жүзеге асырылуына прокурорлық қадағалау арнайы уәкілетті прокурорлар арқылы іске асырылды. Прокурорлар бұған дейін жедел-іздігіру қызметінің, соның ішінде АЖШ мен қарсы барлау қызметінің заңдылығына қадағалау жүргізген тұлғалар болған.

Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2015 жылғы 3 ақпандағы №13 бұйрығымен бекітілген Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу қағидаларының (бұдан әрі – ЖТӘ қағидалары) 25-тармағына сәйкес: «тергеу судьясы ЖТӘ жүргізу туралы қаулыны санкциялағаннан кейін қырық сегіз сағаттың ішінде оны іске асырушы орган ЖТӘ-нің санкцияланғаны туралы жазбаша түрде тиісті аумақтық бағыныстылықтағы прокурорға немесе жедел-іздігіру қызметінің заңдылығына қадағалау жүргізетін Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құрылымдық бөлімшесіне хабарлауға міндетті» [8].

Осылайша, тергеу судьясы тарапынан ЖТӘ-ні санкциялау фактісі туралы прокурор тек екі тәуліктен кейін, яғни постфактум негізде хабардар болады. Прокурорды уақтылы хабардар етпеу немесе жедел әрекет етуді талап ететін кездерде ЖТӘ-нің шұғыл түрде жүзеге асырылуы заңдылықты тексеру мерзімін едәуір созып жібереді.

Егер ЖТӘ-ні санкциялау мәселесін тергеу судьясы қарау барысында заңнамада, ең болмағанда, ЖТӘ материалдарының шынайылығына күмән туған жағдайда тергеу сотының бастамасы бойынша прокурордың «жанама» қатысуы көзделсе (ҚР ҚПК 234-бабының 2-бөлігі), санкциялауды талап етпейтін ЖТӘ түрлері бойынша прокурор мүлде «шеттетілген» күйде қалып отыр.

Норманың заңдылық қағидаттарына қайшы келетіндігін атап өткен жөн. Қылмыстық процестегі дәлелдемелерді жинау институтында ЖТӘ ерекше орын

алады. Олардың жасырын сипаты іс үшін маңызды мағлұматтарды, тергеп-тексеруге тартылған тұлғаларды хабарламастан алуға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, ЖТӘ тікелей түрде Қазақстан Республикасы Конституциясының 18-бабында көзделген (бұдан әрі – Конституция) жеке өмірге қолсұқпаушылық, жеке және отбасылық құпия, хат алмасу, телефон арқылы сөйлесу, пошта, телеграф және өзге де хабарлар құпиялығы сияқты адамның негізгі құқықтарына әсерін тигізетіні сөзсіз [9].

Конституцияның 1-бабының 1-тармағына сәйкес: «адамның, оның өмірінің, құқықтары мен бостандықтарының мемлекет үшін жоғары құндылық болып табылатындығы бекітілген». Конституциялық ең жоғары құндылықтарды қорғауды қамтамасыз ету – мемлекеттің басым міндеттерінің бірі және бұл функция тиісті мемлекеттік органдарға олардың Конституцияда және заңдарда белгіленген құзыреті шеңберінде жүктелген.

Осы заңның 83-бабының 1 және 4-тармақтарында: «Прокуратура мемлекет атынан Қазақстан Республикасы аумағында заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды заңда белгіленген шектерде және нысандарда жүзеге асырады, мемлекет мүддесін сотта білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады», сондай-ақ прокуратураның құзыреті, ұйымы мен қызмет тәртібі конституциялық заңмен айқындалатыны көрсетілген.

Ата заңның 61-бабының 3-тармағына сәйкес: «Қазақстан Республикасының Парламенті (бұдан әрі – Парламент) қоғамдық қатынастардың маңызды салаларын реттейтін, негіз қалаушы қағидалар мен нормаларды белгілейтін заңдар шығаруға құқылы. Аталған заңдар: «жеке және заңды тұлғалардың құқық субъектілігі, азаматтық құқықтары мен бостандықтары, міндеттері мен жауапкершілігі» (1-тармақша); «мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекеттік және әскери қызметтің ұйымдастырылуы мен қызметінің негіздері» (3-тармақша); «сот жүйесі мен сот ісін жүргізу мәселелері» (6-тармақша) сияқты салаларды қамтуы мүмкін. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының заңдары, Парламент пен оның Палаталарының қаулылары Конституцияға қайшы келмеуге тиіс» (Конституция, 62-бап, 7-тармақ) [9].

Мемлекет мүддесін сот органдарында прокурордың қолдауы туралы норма Конституцияның бастапқы редакциясында-ақ бекітілген және Прокуратура туралы заң қолданыста болған бүкіл кезең бойы өзінің заңдық күшін сақтап келеді.

Конституцияның 83-бабында: «прокуратура мемлекет атынан Қазақстан Республикасы аумағында заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды заңда белгіленген шектерде және нысандарда жүзеге асыратыны, мемлекет мүддесін сотта білдіретіні және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асыратыны» нақты көрсетілген. Негізгі заңның ережелері тек прокуратура органдарына ғана мемлекет мүддесін сотта білдіру өкілеттігін беруді көздейді және бұл өкілеттікті басқа қандай да бір субъектілерге беруге жол берілмейді.

Конституцияның 4-бабында бекітілген Прокуратура туралы заңның жоғары заңдық күші мен оның Республика аумағында тікелей қолданылуын ескеретін болса, прокуратураға жүктелген мемлекет мүддесін сотта білдіру функциясы өзге субъектілерге берілмейтінін тұжырымдауға болады. Мұндай конституциялық ұстаным Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 5 қарашадағы «Прокуратура туралы» Конституциялық заңында (бұдан әрі – Прокуратура туралы заң) өз жалғасын тапты [10].

Прокуратура туралы заңның 6-бабының 2-тармағына сәйкес: «прокуратура органдарының міндеттерінің бірі ретінде, өзге де өкілеттіктермен қатар, мемлекет мүддесін сот инстанцияларында білдіру жүзеге асырылады. Осы функцияны іске асырудың тәртібі, негіздері мен шектері қылмыстық іс жүргізу, азаматтық іс жүргізу заңнамасымен, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді және әкімшілік сот ісін жүргізуді реттейтін заңнамалармен айқындалады» [10].

Заңнаманың бұзылуын анықтауға және жоюға, сондай-ақ азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған кешенді тәсілді прокуратураның бастамашылдығы мен жүйелілігімен үйлестіру оны мемлекет мүддесін сот органдарында білдіруді қоса алғанда, құқықтық қорғаудың сенімді тетігі ретінде тануға негіз болады.

Қолданыстағы іс жүргізу заңнамасын талдау көрсеткендей, азаматтық іс жүргізу құқығы нормаларында, әкімшілік құқық бұзушылық туралы және әкімшілік сот ісін жүргізу туралы заңнамаларда прокурордың мемлекет мүддесін сот инстанцияларында білдіру тәртібі егжей-тегжейлі реттелген, сондай-ақ осы өкілеттіктерді іске асырудың нақты шектері белгіленген.

Азаматтық процестік заңнамада прокурордың азаматтық істерге қатысуы мемлекет мүддесіне нұқсан келуі мүмкін жағдайларда көзделеді. Мәселен, Азаматтық процестік кодекстің 54-бабының 2-тармағына сәйкес: «прокурордың қатысуы қоғамдық мүддені немесе өз құқықтарын өз бетінше қорғай алмайтын азаматтардың мүдделерін қорғау қажет болғанда, сондай-ақ соттың шешімі бойынша міндетті болып табылады» [11].

«Кәметке толмағандар жасаған әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі істер, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға қатысты Қазақстан Республикасы шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберу немесе қамауға алу шараларын қолдану туралы істер бойынша сот отырыстарының уақыты мен орны туралы прокурорға міндетті түрде хабарлануы тиіс». Бұл талап Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 759-бабында айқындалған [12].

Ал, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 31-бабы әкімшілік сот ісін жүргізуде мемлекет мүдделерін білдіру бөлігінде прокурордың өкілеттіктерін айқындайды [13].

Жүктелген міндеттерді орындау мақсатында прокурор салықтық, кедендік және бюджеттік құқықтық қатынастардан туындайтын әкімшілік істерді карауға, экологиялық салаға ықпал ететін шаруашылық немесе өзге де қызметті

жүзеге асыру барысында қоршаған ортаны қорғау, қалпына келтіру және сақтау, табиғи ресурстарды пайдалану мен молайтуға қатысты даулар бойынша істерге қатысу құқығына ие.

Сонымен қатар, заңмен көзделген өкілеттіктер шеңберінде прокурор мемлекетке немесе мемлекет пайдасына ақша өндіріп алу жөніндегі құжаттарды орындау барысында мемлекеттік сот орындаушысының әрекеттеріне (не әрекетсіздігіне) шағымдануға байланысты әкімшілік істер бойынша қорытынды бере алады. Сайлау немесе республикалық референдумға қатысатын азаматтардың және қоғамдық бірлестіктердің сайлау құқықтарын қорғауға құқылы.

Прокурордың қатысуы келесідей жағдайларда да мүмкін: егер даулы әкімшілік актілер, әрекеттер немесе әрекетсіздік өз құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін өз бетінше қорғай алмайтын азаматтар үшін (физикалық, психикалық немесе өзге де объективті себептерге байланысты) құқықтарды шектеуге әкеліп соқтырса; немесе белгісіз адамдар тобының құқықтары бұзылса. Бұдан бөлек, сот заңдылықты қамтамасыз ету мақсатында прокурордың қатысуын қажетті деп таныған жағдайда оны іске қатысуға тартуға құқылы.

Заңнамамен бекітілген нормалар, мемлекет мүддесін сот органдарында білдіру жөніндегі конституциялық норманы дамыту процесінде прокурордың қатысуы міндетті болып табылатын құқықтық салаларды нақты айқындағанын көрсетеді. Бұл ең алдымен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын заң жүзінде едәуір шектеуге жол берілетін кездерге қатысты, сондай-ақ олардың өз құқықтары мен мүдделерін қорғауға қабілетсіздігі себепті объективті түрде қорғансыз болып табылатын санаттарына байланысты.

Мұндай заңнамалық шешім Конституцияның 12-бабында бекітілген ережелермен үндеседі. Онда адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын тану, сақтау және қорғау – мемлекеттің жоғары құндылығы болып табылатындығы жарияланған. Олар әр адамға туған сәтінен бастап тиесілі, абсолютті және ажыратылмайтын сипатқа ие әрі заңнама мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуының негізін құрайды.

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесінің «Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабының 7-тармағы мен 28-бабының 1-тармағын ресми түсіндіру туралы» қаулысында нақты бір құқық түрін немесе бостандықты конституциялық деңгейге көтеру және оны Конституцияда кепілдендірілген деп жариялау – мемлекет өзіне осы құқықтар мен бостандықтардың іске асырылуын қамтамасыз ету міндетін жүктейтіні ерекше атап өтілген [14].

Ата заңда бекітілген адам құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың тиімді құқықтық тетіктерін қамтамасыз ету мақсатында, заң шығарушы, прокуратура органдарына мемлекет мүддесін сот инстанцияларында білдіру

өкілеттігін берген. Қабылданған шешімнің негізінде мемлекеттік мүдделер әрбір азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етумен тығыз байланысты деген құқықтық тұжырым жатты.

Сонымен қатар, прокурордың барлық сот сатыларында қатысу қажеттігін көздейтін өкілеттіктерді жүзеге асыру шектері де заңнамада нақты белгіленді. Мұндағы бастапқы қағидат – мемлекеттік мүдделер мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының өзара ажырамас байланыста екендігін тану болып табылды. Заң прокурор өкілеттіктерінің шектерін айқындап, оны сот ісін жүргізудің барлық сатыларында іске асыру қажеттігін нақтылады. Осыған байланысты прокурордың заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалау жүргізу функциясы сот ісін жүргізуде мемлекет мүдделерін білдірумен өзара тығыз байланыста жүреді.

Жоғарыда көрсетілгендей, қолданыстағы қылмыстық процестік заңнама тергеу судьясы сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезеңінде қабылдайтын, алайда прокурордың мемлекет мүддесін білдіруі қарастырылмаған жекелеген процестік шешімдердің бар екенін көрсетеді. Бұл шешімдер тергеп-тексерудің бастапқы сатысында тергеу судьясымен қабылданады.

Атап айтқанда, ЖТӘ жүргізуге санкция беру (ҚР ҚПК 234-бабы) немесе олардың мерзімін ұзарту мәселесін қарау кезінде (ҚР ҚПК 236-бабы) сот шешімі прокурордың қатысуынсыз, қылмыстық қудалау органы ұсынған материалдар негізінде жүзеге асады.

Құқықтық нормалардың мазмұны көрсетіп отырғандай, адам құқықтары мен бостандықтарын елеулі түрде шектейтін тергеу әрекеттерін жүргізудің қажеттілігі туралы шешімді судья жеке өзі қабылдайды. Тиісінші прокурордың ұстанымы назарға алынбайды, себебі оның сот отырысына қатысуы қарастырылмаған.

Осындай іс-шараларды іске асыру барысында қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттерін орындауға уәкілетті мемлекеттік органдардың жеке өмірге, оның ішінде азаматтардың жеке және отбасылық құпиясына — Конституциямен қорғалатын аса осал құқық саласына — ұзақ мерзімді араласуы жүзеге асырылады.

Сонымен бірге, ҚР ҚПК-нің 234-бабында ЖТӘ жүргізу тек тергеу судьясының санкциясы негізінде жүзеге асырылатыны нақты көрсетілген. Санкция сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізетін лауазымды адамның уәждеделген қаулысы негізінде беріледі.

Оған қоса, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2020 жылғы 11 желтоқсандағы №5 «Жасырын тергеу әрекеттерін санкциялау туралы» нормативтік қаулысының (бұдан әрі – ЖТӘ санкциялау туралы Жоғарғы Сотының Нормативтік қаулысы) 15-тармағында: «тергеу судьясы ЖТӘ жүргізу туралы қаулыны қылмыстық процеске қатысушыларды хабардар етпей және сот отырысын өткізбей, жеке-дара қарайтыны» белгіленген [15].

Қылмыстық сот ісін жүргізу шеңберінде ЖТӨ процесі барысында азаматтардың жеке өміріне қолсұқпаушылықты сақтау мәселесіне байланысты өзге де қиындықтар анықталған.

Мысалы, ҚР ҚПК-нің 232-бабының 3-тармағында 231-баптың 1)–6) тармақтарында көзделген ЖТӨ түрлері тек тергеу судьясының санкциясы болғанда ғана жүзеге асырылатыны нақты көрсетілген.

Алайда, осы баптың 7 және 9-тармақтарында көрсетілген өзге ЖТӨ түрлерін жүргізу үшін соттың рұқсаты талап етілмейді. Осындай жағдайда ерекше назар аударуға тұрарлық мәселе – «тұлғаға не белгілі бір орынға қатысты жасырын бақылау» шарасы. Өйткені ол тікелей түрде азаматтардың жеке өміріне қолсұқпаушылыққа, жеке және отбасылық құпияларға қатысты Конституцияның 18-бабымен кепілдендірілген құқықтарына әсер етеді.

ҚР ҚПК-нің 232-бабының 2-бөлігі мен ЖТӨ қағидаларының 3-тармағына сәйкес, ЖТӨ-ні бастау, пошта және өзге де жөнелтілімдерге қатысты жасырын бақылаудан басқа жағдайларда, тек бір құжат – сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізуші адамның тапсырмасы (бұдан әрі – тапсырма) негізінде жүзеге асырылады. Бұл ретте, ҚПК нормаларында тапсырма сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында ресімделуге тиіс міндетті процестік актілердің (қаулылардың, хаттамалардың) қатарына жатқызылмаған, ол ҚР ҚПК-нің 198 және 199-баптарында айқын көрсетілген.

ҚР ҚПК-нің 193-бабында (сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы прокурордың өкілеттіктері) сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның тапсырмасын жою жөнінде прокурорға қандай да бір өкілеттіктер берілмеген. Прокурордың құзыретіне тек 231-баптың 7) және 9) тармақтарында көзделген, санкциялауды талап етпейтін ЖТӨ-ні тоқтату, тергеушінің, анықтаушының, анықтау органының заңсыз қаулыларын, тергеу бөлімінің және анықтау органының бастықтарының, сондай-ақ төмен тұрған прокурордың қаулылары мен нұсқауларын жою жатады.

Соның салдарынан сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізушінің ЖТӨ жүргізу туралы тапсырмасы заңсыз немесе дәлелсіз болған жағдайда прокурордың мұндай әрекеттерге дер кезінде ден қою үшін құқықтық құралдары жоқ деген күрделі проблема туындайды. ЖТӨ жүргізу туралы ресми қаулы шығарылғанға дейінгі кезеңде (яғни рәсімді іске қосу сатысында) прокурордың тапсырмалардың заңдылығы мен негізділігін бағалауға нақты мүмкіндігі болмайды. Қалыптасқан жағдай қылмыстық процесте азаматтардың жеке өміріне тиімді құқықтық қорғау тетіктерін қамтамасыз етуге елеулі қауіп төндіреді.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде, Конституцияның 83-бабында бекітілген функцияларды басшылыққа ала отырып және тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесіндегі айрықша рөлін назарға алып, прокуратура адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін уақытылы қорғауды қамтамасыз ете алатын бірден-бір орган болып табылады деп пайымдауға болады. Әсіресе, ол

азаматтардың тергеу немесе анықтау органдарының қаулылары туралы хабарсыз болатын, алайда олардың құқықтары мен бостандықтары тікелей шектелетін жағдайларда ерекше мәнге ие.

Осыған байланысты, қылмыстық процеске тартылған адамдардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын алдын ала қорғауды қамтамасыз ету мақсатында ЖТӨ процесінің әрбір кезеңін жеке-жеке ашып көрсету, сол сатыларда туындайтын өзекті мәселелер мен оларды шешу жолдарын нақты айқындау қажет деп есептеледі.

Зерттеудің мақсаттары мен міндеттері, пәні мен объектісі. Осы диссертациялық жұмыстың мақсаты – Қазақстан Республикасының қылмыстық сот ісін жүргізу жүйесінде ЖТӨ процессіне қатысты мәселелерді ғылыми-теориялық және практикалық тұрғыдан зерделеу мен талдау болып табылады.

Көзделген мақсатқа қол жеткізу үшін келесі шараларды әзірлеу көзделді:

- ЖТӨ процесінің әрбір кезеңінің мазмұнына қатысты ұсыныстар әзірлеу;

- ЖТӨ жүргізу барысында мүдделері бұзылуы мүмкін адамдардың конституциялық құқықтарының бұзылуының алдын алуға бағытталған шаралар жүйесін тұжырымдау;

- ЖТӨ бойынша бірыңғай мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастыруға қатысты (біріздендірілген есептілік жүйесін жасау) ұсыныстар дайындау;

- ЖТӨ процесінің тәртібін регламенттейтін ҚР ҚПК нормаларын жетілдіру жөнінде нақты ұсыныстар енгізу.

Сонымен қатар, зерттеу аясында төмендегі міндеттерді шешу көзделді:

- ЖТӨ процессі саласындағы отандық және шетелдік тәжірибені жинақтау арқылы ең тиімді ұйымдастырушылық-құқықтық тетіктер мен құқық қолдану тәсілдерін анықтау;

- ЖТӨ мәселелерін реттейтін нормативтік актілерге, оның ішінде қылмыстық іс жүргізу нормалары мен ведомстволық актілерге талдау жүргізу арқылы олардың құқықтық реттелуіндегі олқылықтар мен қайшылықтарды айқындау;

- ЖТӨ процессі барысында азаматтардың конституциялық құқықтарының бұзылуын болдырмау не оны жою жөніндегі нақты шараларды әзірлеу. Прокурорлық қадағалауды, сот бақылауын және құқық қорғау органдарының ведомстволық бақылау жүйесін жетілдіруге бағытталған ұсыныстарды қалыптастыру;

- ЖТӨ бойынша бірыңғай құқықтық статистиканы жүргізудің (біріздендірілген есепке алу жүйесін құрудың) қағидаттары мен әдістемелерін айқындау, мұндай есептіліктің ашықтығын қамтамасыз ету мен бақылау тиімділігін арттыруды көздеу.

Зерттеу объектісі – ЖТӨ процесі кезінде туындайтын қылмыстық процестік қатынастар, соның ішінде қылмыстық сот ісін жүргізудің түрлі субъектілерінің (сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының, прокуратураның, соттың және өзге де уәкілетті органдардың) өзара іс-қимыл процесі.

Зерттеу пәні – ЖТӨ процесінің тәртібін, шарттарын және ерекшеліктерін айқындайтын, оларды есепке алу, бақылау және статистикалық есептілік жүйесін қалыптастыратын нормативтік құқықтық актілер мен заңнамалық ережелердің, сондай-ақ практикалық аспектілердің жиынтығы.

Сонымен қатар, ғылыми талдау шеңберінде ЖТӨ процесінің әрбір кезеңінде азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің кепілдіктерін нығайтуға бағытталған құқық қолдану практикасын жетілдіру және біріздендіру мәселелері қарастырылады.

Зерттеудің нормативтік базасы. Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелерін, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің нормаларын, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2020 жылғы 11 желтоқсандағы №5 «Жасырын тергеу әрекеттерін санкциялау туралы» нормативтік қаулысын және Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2015 жылғы 3 ақпандағы №13 бұйрығымен бекітілген «Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу қағидаларын» талдау арқылы қалыптастырылады.

Құқықтық базаның қосымша элементтерін, Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры мен сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары қабылдаған, ЖТӨ жүргізудің тәртібі мен қағидастарын регламенттейтін нұсқаулықтар мен ведомстволық актілер құрайды.

Аталған құжаттар жасырын тергеу әрекеттерінің қазіргі кезеңдегі құқықтық реттелуінің жай-күйін бейнелейді, олардың процестік шектерін айқындайды және уәкілетті органдардың қадағалау функцияларын бекітеді.

Зерттеудің теориялық негізі – Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілерінен, ресми статистикалық деректерінен, сондай-ақ түрлі деңгейдегі ғылыми-зерттеу еңбектерінен тұратын кең ауқымды дереккөздерге сүйенеді. Теориялық базаның құрамына монографиялар, ғылыми мақалалар, оқу-әдістемелік құралдар, ғылыми ақпараттық порталдар мен құқықтық ресурстардағы желілік материалдар кіреді.

Сонымен қатар, жұмыс барысында ЖТӨ-ні жүзеге асыруға байланысты құқық қолдану тәжірибесінен алынған нақты материалдар кешенді түрде талданады. Бұл материалдар арқылы іс жүзінде туындайтын проблемаларды анықтап қана қоймай, оларды бағалау мен жүйелеу мүмкін болады. Осы арқылы ЖТӨ жүргізу барысында жиі кездесетін құқықтық және ұйымдастырушылық сипаттағы қайшылықтарды неғұрлым нақты айқындауға жол ашылады.

Жоғарыда көрсетілген ғылыми ұстаным теория мен тәжірибені өзара тығыз ұштастыруға мүмкіндік беріп, жасырын тергеу әрекеттері институтының қылмыстық процесс шеңберінде дамуының халықаралық тенденцияларын да

ескеру қажеттігін көрсетеді. Осылайша зерттеудің кешенділігі артып, алынған қорытындылардың практикалық қолданысқа енгізілу негізі артады.

Зерттеуді жүргізудің теориялық және әдістемелік негіздері. Ғылыми жұмыстың мақсаттары мен алға қойылған міндеттерін жүзеге асыру үшін бір-бірін өзара толықтырып отыратын әдіснамалық тәсілдердің жиынтығы қолданылды. Таңдалған тәсілдер жалпы ғылыми қағидаттарға да, сонымен қатар құқықтық талдаудың арнайы әдістеріне де сүйенеді. Теориялық негіз ретінде зерттеліп отырған объектінің құрылымы мен мазмұнын терең түсінуге, теория мен практиканың өзара байланысын анықтауға, сондай-ақ ЖТӘ процесі шеңберінде құқықтық институттардың даму динамикасы мен сапалық өзгерістерін байқауға мүмкіндік беретін жалпы таным әдістерінің ережелері алынды.

Жалпы ғылыми әдістердің – талдау, синтез, ұқсастық (аналогия) және салыстыру тәсілдерінің – пайдаланылуы құқық қолдану практикасының әртүрлі аспектілерін жан-жақты және терең зерделеуге жол ашады. Ұсынылған әдістердің көмегімен ЖТӘ саласындағы заңнаманы жетілдіру бағытында неғұрлым тиімді шешімдер ұсынылып, осы қатынастарды реттейтін құқықтық нормаларды іске асырудың оңтайлы жолдары айқындалады.

Статистикалық және динамикалық талдау әдістері тек шектеулі көлемде қолданылды. Өйткені ЖТӘ процесіне қатысты нақты сандық мәліметтер жария етуге жатпайды және құпия сипатқа ие. Осыған байланысты зерттеу негізінен ашық түрде қолжетімді жалпыланған деректерге, құқық қолдану тәжірибесіне және құқық доктринасы аясындағы теориялық тұжырымдарға сүйенеді. Бұл өз кезегінде, ЖТӘ институтының даму тенденциялары мен бағыттарын заңмен қорғалатын құпия ақпаратты ашпай-ақ ғылыми түрде бағалауға мүмкіндік береді.

Осылайша, таңдалған әдіснамалық негіздеме зерттеудің тұтастығын қамтамасыз етеді. Ол теориялық тұжырымдарды нақты құқық қолдану тәжірибесін талдаумен ұштастыра отырып, жасырын тергеу әрекеттеріне қатысты мәліметтердің құпиялығына қойылатын талаптарды да ескеруге мүмкіндік береді. Әдістемелік тәсіл зерттеу барысында негізделген ғылыми қорытындыларды қалыптастыруға, сондай-ақ қазіргі заманғы қылмыстық сот ісін жүргізу жүйесінде ЖТӘ процесін құқықтық реттеу мен ұйымдастыру тетіктерін жетілдіру жөнінде дәлелді ұсыныстар әзірлеуге жағдай жасайды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы Қазақстан Республикасының қылмыстық сот процесіндегі ЖТӘ-ға қатысты терминология мен ұйымдық-процестік аспектілерді кешенді түрде қайта пайымдаудан көрініс табады. Атап айтқанда, ғылыми айналымға дәстүрлі түрде қолданылып жүрген «ЖТӘ жүргізу» ұғымының орнына «ЖТӘ процесі» терминін енгізу ұсынылады. Өйткені ЖТӘ-ні «жүргізу» – әлдеқайда кең, құрылымдық жағынан жүйеленген процестің тек бір ғана кезеңін білдіреді.

Мұндай көзқарас ЖТӨ-ні жүзеге асырудың түрлі кезеңдерін нақты ажыратып, сипаттауға мүмкіндік береді. Бұл кезеңдерге: бастамашылық ету (ынталандыру), санкциялау, ЖТӨ-ны тікелей жүргізу, алынған нәтижелерді ұсыну, оларды зерттеу және пайдалану, адамға өзіне қатысты жүргізілген ЖТӨ туралы хабардар ету, сондай-ақ бірыңғай есепке алу жатады. Жіктеу әрбір кезеңді құқықтық реттеу тетіктерін нақтылап, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға қосымша кепілдіктерді тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, зерттеу барысында қылмыстық процестегі ЖТӨ процесінің кезеңдерін ұлттық құқық қолдану тәжірибесінің ерекшеліктерін ескере отырып дифференциациялау қажеттігі ғылыми тұрғыдан негізделеді. Жұмыс барысында ЖТӨ процесінің әрбір кезеңінде туындайтын проблемалық мәселелер жан-жақты талданып, оларды алдын ала болдырмауға бағытталған нақты әрі жүйелі шаралар жиынтығы әзірленді.

Осы орайда, прокурорлық қадағалау механизмдерін жетілдіруге ерекше назар аударылады. Себебі прокуратура тарапынан тиісті қадағалаудың жүзеге асырылуы ЖТӨ-нің ынталандырылуы мен жүргізілуіне қатысты заң бұзушылықтарды уақытылы анықтап, оларды жоюға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қадағалау жүргізілген әрекеттердің нәтижелерін есепке алудың ашықтығы мен шынайылығын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Зерттеу барысында ұсынылған әдістемелік тәсілдер бірыңғай терминологиялық базаны қалыптастыруға, қолданыстағы заңнаманың олқылықтары мен қайшылықтарын жоюға, сондай-ақ жеке өмірге қолсұқпаушылық пен азаматтардың өзге де негізгі құқықтарына конституциялық кепілдіктерді нығайтуға бағытталған.

Осылайша, зерттеудің ғылыми жаңалығы тек терминологияны ауыстыру ұсынысында ғана емес, сонымен қатар ЖТӨ-мен байланысты барлық процестік әрекеттерді, оның ішінде есепке алу және қадағалау рәсімдерін жүйелеуге арналған әдіснамалық алғышарттарды әзірлеуде де көрініс табады. Ұсыныстар ЖТӨ процесінің барлық кезеңдерінде жүзеге асырылатын әрекеттердің мазмұнын кешенді түрде құрылымдауға мүмкіндік береді.

Келешекте мұндай теориялық тұжырымдар Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу доктринасын одан әрі дамытуға және ЖТӨ-ға қатысты нормаларды қолдану тәжірибесін жетілдіруге бағытталған ғылыми және практикалық ізденістерге негіз бола алады. Атап айтқанда, прокурорлық қадағалау регламентін жетілдіру және ЖТӨ нәтижелерін есепке алу механизмдерін жүйелеу арқылы құқық қорғау органдары мен сот арасындағы өзара іс-қимылдың тиімділігі арттырылады, қабылданатын процестік шешімдердің заңдылығы мен негізділігі қамтамасыз етіледі.

Ол өз кезегінде қылмыстық әділет жүйесіне деген қоғамдық сенімді нығайтуға ықпал етеді және қылмыстық процесте заңдылықты сақтау қағидатын іс жүзінде іске асырудың маңызды элементіне айналады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі ережелер:

– «ЖТӨ процесі» ұғымын әзірлеу және ғылыми айналымға енгізу. ЖТӨ процесін мазмұндық жағынан біртұтас жүйелі рәсім ретінде қарастыру ұсынылады. Қарастырылып отырған рәсім келесі кезеңдерден қамтиды: бастамашылық ету (ынталандыру), санкциялау, ЖТӨ-ны тікелей жүргізу, алынған нәтижелерді ұсыну, оларды зерттеу және пайдалану, сондай-ақ адамға өзіне қатысты жүргізілген ЖТӨ туралы хабардар ету. Қолданыстағы заңнама ЖТӨ-ні жекелеген, оқшау элементтер ретінде қарастырады және олардың мазмұны мен реттілігін бірізді, логикалық аяқталған процесс ретінде нақтыламайды;

– ЖТӨ процесінің кезеңдерін нақты құқықтық тұрғыдан саралау. ҚР ҚПК-де ЖТӨ процесі құрылымын анық түрде айқындайтын жіктелген процесік құрылымды енгізу ұсынылады. Атап айтқанда: «бастамашылық ету», «санкциялау», «жүргізу», «ЖТӨ нәтижелерін ұсыну», «нәтижелерді зерттеу мен пайдалану», «адамға өзіне қатысты жүргізілген ЖТӨ туралы хабардар ету». Ұсынылған құрылым прокурорлық және сот бақылауын жеңілдетеді әрі дәлелдемелерді жинау сапасын арттыруға ықпал етеді;

– ҚР ҚПК-нің 24-тарауына 199-1-бапты енгізу. Осы бапта «сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның тапсырмасы» ұғымын заң жүзінде айқындау ұсынылады. Нақтылау ЖТӨ процесінің бастапқы кезеңінде тұлғалардың құқықтық кепілдіктерін күшейтеді және тергеу әрекеттерінің заңдылығын қамтамасыз етудің алғашқы сатысынан бастап құқықтық айқындықты орнатады;

– ЖТӨ-ні санкциялау рәсінде прокурордың міндетті қатысуын заңмен бекіту. ҚР ҚПК-ге ЖТӨ жүргізу туралы қаулыны прокурормен міндетті түрде келісе отырып қабылдау, ЖТӨ материалдарын тергеу судьясында қарау кезінде прокурордың қатысуы, прокурорға ЖТӨ-ні жүргізудің кез келген сатысында, соның ішінде тікелей орындау кезеңінде оны өз бетінше тоқтату құқығын беру ұсынылады. Бұл ұсыныс прокурорға ЖТӨ-ға қатысты тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарының бұзылу қаупіне дер кезінде ден қоюға мүмкіндік береді;

– Қазақстан Республикасының деңгейінде ЖТӨ-нің барлық түрлерін бірыңғай есепке алу жүйесін енгізу. Мұндай жүйе ЖТӨ қолдану практикасын кешенді түрде талдауға, жүйелік сипаттағы кемшіліктерді уақытылы анықтауға және құқықтық реттеуді жетілдіруге мүмкіндік береді. Ескеретін жағдай, құпия, конфиденциалды немесе қызмет бабында пайдалануға жататын мәліметтерді жария етуге жол берілмейді.

Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау жөніндегі практикаға бағытталған құқықтық кепілдіктер. Қылмыстық іс жүргізу шеңберінде адамға өзіне қатысты жүргізілген ЖТӨ туралы хабардар ету рәсімін нақты және егжей-тегжейлі регламенттеу қажет. Осылайша хабарлау

қылмыстық іс аяқталғаннан кейін немесе ЖТӨ нәтижелері дәлелдеме ретінде пайдаланылмаған жағдайда жүзеге асырылуы тиіс.

Дәлелдік күшін жоғалтқан немесе іс бойынша маңызын жойған материалдарды заңмен белгіленген тәртіпте жою тетігін де айқындау маңызды. Ұсынылып отырған шаралар ЖТӨ заңдылығын қамтамасыз ету жүйесінің ашықтығын арттырып қана қоймай, алынған мәліметтерді негізсіз немесе заңсыз пайдалану мүмкіндігін болдырмауға бағытталған нақты құқықтық тосқауыл ретінде қызмет етеді. Бұл өз кезегінде азаматтардың жеке өміріне қолсұқпаушылыққа берілген конституциялық кепілдіктерді нығайта түседі.

Қолданыстағы ведомстволық актілер мен Жоғарғы Соттың түсіндірмелерін өзектендіру және жетілдіру. ЖТӨ жүргізу қағидаларын жаңа заңнамалық өзгерістерге сәйкес қайта қарау және толықтыру қажет. Аталған нормалар ЖТӨ жүргізудің нақты тәртібі мен шектерін, уәкілетті органдардың өкілеттіктерін және есептілік механизмдерін реттейтін басты ішкі құқықтық актілердің бірі болып табылады.

Зерттеу нәтижелерін апробациялау және практикалық тұрғыдан енгізу. Осы диссертациялық зерттеуде тұжырымдалған негізгі ережелер мен қорытындылар апробациядан өтті. Олар Астана Халықаралық университетінің Жоғары құқық мектебінде өткізілген педагогикалық практика барысында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының жедел-іздігі, қарсы барлау қызметі және жасырын тергеу әрекеттерінің заңдылығына қадағалау департаментінде ғылыми-тәжірибелік тағылымдама шеңберінде сыннан өткізілді.

Зерттеу жасалған бағытта алынған ғылыми нәтижелердің практикалық деңгейде қолданылғанын растайтын тиісті ресми актілермен құжаттық негізде дәлелденген.

2024 жылғы 11 сәуірде Астана Халықаралық университетінің Жоғары құқық мектебінің деканы бекіткен акт негізінде оқу бағдарламасына «Қазақстан Республикасының қылмыстық процесі» пәні аясында «Қазақстан Республикасында жасырын тергеу әрекеттерін жүргізудің өзекті мәселелері» атты диссертациялық зерттеу фрагменті енгізілді (Қосымша 1).

Оқу орнының комиссиясы зерттеу нәтижелерінің ғылыми және қолданбалы маңызын ерекше атап өтті. Осыған байланысты материалдар қылмыстық процесс саласы бойынша болашақ мамандарды даярлау кезінде оқу процесінде пайдалануға ұсынылды.

Бұдан бөлек, диссертациялық жұмыстың жекелеген ережелері прокуратура органдарының практикалық қызметіне де енгізіліп, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының тиісті бейінді департаменті бастығының міндетін атқарушы тұлғамен 2025 жылғы 4 наурызда бекітілген ресми актімен құжат жүзінде расталған (Қосымша 2).

Департаменттің басшылығы мен қызметкерлерінен құралған комиссия зерттеу жұмысының 2-бөліміндегі (2.1 және 2.2 кіші бөлімдері) тұжырымдар

талдау нысанына айналғанын және оларды нақты практикалық қызметінде қолданғанын анықтады.

2025 жылғы 15 қаңтарда диссертациялық зерттеудің 2.1 кіші бөлім – «ЖТӘ процесі барысында адамдардың конституциялық құқықтарының бұзылуын болдырмауға бағытталған шаралар» бойынша алынған ғылыми нәтижелер уәкілетті мемлекеттік органға жолданды. Бұл ұсыныстар ҚР ҚПК-ға өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселелерін қарау шеңберінде талқылауға енгізілді.

Ұсыныстардың ішінде тергеу судьясы ЖТӘ жүргізуге санкция беру туралы өтініштерді қарау кезінде прокурордың қатысуын міндетті ету туралы бастама негізделген. Мұндай қадам прокурорлық қадағалаудың тиімділігін арттыруға, сондай-ақ ЖТӘ-ға тартылған тұлғалардың конституциялық құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған.

2025 жылғы 27 ақпанда – «Қазақстан Республикасындағы жасырын тергеу әрекеттері бойынша статистикалық есептілік жүргізудің проблемалық мәселелері және оларды шешу жолдары» атты 2.2 кіші бөлімінде әзірленген ұсыныстар Бас прокуратураның бейінді департаментінің практикалық қызметіне енгізілді.

ЖТӘ-ні есепке алу жүйесін цифрландыру мәселесіне, сондай-ақ прокурорлық қадағалау тетіктерін жетілдіруге байланысты ұсыныстарға да ерекше назар аударылды. Ұсыныстар уәкілетті құрылымның қолданыстағы ұйымдастырушылық процестеріне нақты бейімделіп, ведомстволық регламенттерді жетілдіруде ескерілді.

Комиссия атап өткендей, ұсынылған ғылыми тұжырымдарды іске асыру келесі маңызды нәтижелерге қол жеткізуге ықпал етеді:

- Конституцияның 18-бабында көзделген азаматтардың жеке өміріне қолсұқпаушылық құқықтарын қорғауға қатысты кепілдіктерді күшейтуге;
- ЖТӘ процесінің заңдылығына прокурорлық қадағалауды оңтайландыруға және оның тиімділігін арттыруға;
- Жасырын шараларды қолданумен байланысты қылмыстық процестік қызметтің ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық механизмдерді нығайтуға.

Зерттеу нәтижелерін жариялау. Диссертациялық зерттеу барысында қалыптасқан негізгі теориялық ережелер мен тұжырымдар ғылыми қауымдастыққа ұсынылып, бейінді ғылыми басылымдарда жариялану арқылы апробациядан өтті.

2024 жылғы сәуірде Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының базасында өткен «Қазіргі заманғы заң ғылымының дамуы: теория және практика» атты VII Халықаралық ғылыми-практикалық конференция аясында «Қазақстан Республикасында жасырын тергеу әрекеттерін жүргізудің өзекті мәселелері» тақырыбында ғылыми баяндама ұсынылды. Баяндаманың материалдары конференцияның ресми ғылыми еңбектер жинағында жарияланды (Қосымша 3).

Бұдан бөлек, ЖТӘ-ні статистикалық есепке алу мәселелерін ұйымдастыруға қатысты проблемаларды талдау нәтижелері мен оларды нормативтік жолмен шешуге арналған ұсыныстар «Қазақстан Республикасында жасырын тергеу әрекеттерін есепке алудың проблемалық қырлары және оларды шешу жолдары» атты мақала түрінде баяндалып, 2025 жылғы 5 ақпанда ғылыми сараптамадан өткен, ұсынылатын басылымдар тізіміне енгізілген «Академик» халықаралық ғылыми журналында жарық көрді (Қосымша 4).

Осылайша, диссертациялық зерттеудің нәтижелері ішкі (педагогикалық) және сыртқы (құқық қорғау) деңгейлерде ғылыми апробациядан сәтті өтті, бұл олардың білім беру және құқық қолдану практикасына енгізілуімен, сондай-ақ салалық ғылыми басылымдарда жариялануымен нақты түрде расталады.

Жоғарыда ұсынылған ережелер мен қорытындылардың өзектілігі жоғары, ғылыми негізделген және қолданбалы бағыттылығы бар екенін көрсетеді. Зерттеу барысында алынған нәтижелер практикада — прокуратура органдарының нақты қызметінде және жоғары оқу орындарының оқу үдерісінде — нақты қолданылуда. Ол өз кезегінде автордың Қазақстан Республикасындағы қылмыстық іс жүргізу ғылымының дамуына және ЖТӘ институтының нормативтік-құқықтық реттелуін жетілдіруге қосқан нақты үлесін айғақтайды.

1. Қазақстан Республикасындағы жасырын тергеу әрекеттері процесінің жалпы сипаттамасы

1.1 Жасырын тергеу әрекеттері процесін салыстырмалы-құқықтық талдау

Қазақстандық және шетелдік бірқатар ғылыми зерттеулерде қылмыстық-процестік құқықтық тәртіп шеңберіндегі ЖТӘ институтын институционализациялау мәселесіне арналған еңбектерде оның жүйелік мәні мен көпқырлылығы атап өтіледі. Авторлар ЖТӘ-нің қалыптасуы мен дамуы мемлекеттік басқару қағидаттарын іске асыру және құқықтық тәртіп қауіпсіздігін қамтамасыз ету шеңберінде маңызды рөл атқаратынын көрсетеді.

ЖТӘ институтының эволюциялық даму үдерісіне жүргізілген талдау институттың пайда болуын жедел-іздігі тәсілдерін азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғауға кепілдік беретін құралдармен ұштастыру қажеттілігімен түсіндіруге болатынын дәлелдейді.

Зерттеуші ғалымдардың пікірінше, ЖТӘ институтының институционалдық дамуы — нормативтік-құқықтық бастамалар, құқық қолдану тәжірибесі және қылмыстық процестегі теориялық-құқықтық ілімдердің өзара ықпалдастығы нәтижесінде қалыптасқан күрделі үдеріс.

Қарастырып отырған әдіснамалық тәсіл ЖТӘ институтын тек жедел әсер ету құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар тергеу әрекеттерінің тиімділігін арттыру мен заңдылық, іс жүргізу әділеттілігі және құқықтық айқындық қағидаттарын сақтау арасында тепе-теңдік орнатуға бағытталған құқықтық механизм ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Осы бөлімде ҚР ҚПК-да ЖТӘ институтының жалпы сипаттамасы ұсынылып, оның құқықтық негіздеріне, қолдану ерекшеліктеріне және институционалдық кепілдіктеріне баса назар аударылады.

ЖТӘ-ға қатысты құқықтық тетіктерді салыстырмалы-құқықтық тұрғыдан зерделеу барысында ерекше назар Грузия ҚПК-сы мен Украина ҚПК-сына назар аударылады. Мұндай тәсіл ЖТӘ-ні құқықтық реттеудегі жалпы заңдылықтарды анықтауға, сондай-ақ әрбір ұлттық құқық жүйесіне тән ерекшеліктерді көрсетуге мүмкіндік береді.

Грузия мен Украинадағы ЖТӘ институттарын зерттеу объектісі ретінде таңдау бірқатар маңызды алғышарттарға негізделген. Олардың тәжірибесі қылмыстық процесті қайта құру және құқықтық реформалар жүргізу контекстінде өзектілігі мен практикалық маңызын айқындайды.

Біріншіден, тарихи тұрғыдан алғанда, Грузия мен Украина ЖТӘ институтын өздерінің қылмыстық іс жүргізу жүйесіне алғашқылардың бірі болып енгізген мемлекеттер қатарында. Бұл тәжірибе ЖТӘ-ні қолданудың ерекше құқықтық механизмдерін қалыптастыруға мүмкіндік беріп, кейіннен өңірлік деңгейде орныққан құқық қолдану практикасының негізіне айналды.

Екіншіден, аталған елдерде жүргізілген реформалар еуропалық құқықтық стандарттармен терең интеграцияланған сипатқа ие болды. Нәтижесінде, олардың қылмыстық процестік заңнамасы Еуропалық экономикалық қауымдастықтың талаптарына бейімделіп, азаматтардың құқықтарын қорғаудың сапасын арттыруға және ЖТӨ жүргізу кезінде процестік тиімділікті жоғарылатуға бағытталды.

Осылайша, ҚР ҚПК-дағы ЖТӨ институтын Грузия мен Украинадағы ұқсас тетіктермен салыстыру қылмыстық процестік реформалардың дамуындағы ортақ үрдістерді анықтауға ғана емес, сонымен бірге тарихи тәжірибе мен халықаралық интеграциялық процестерге негізделген ұлттық ерекшеліктерді бағалауға мүмкіндік береді. Оған қоса, талдау Қазақстан Республикасындағы ЖТӨ саласындағы құқықтық реттеуді тереңірек түсінуге және оны одан әрі жетілдіруге негіз бола алады.

ҚР ҚПК-дағы ЖТӨ институтының қалыптасу тарихы ғылыми қауымдастықта терең зерттеулердің тұрақты объектісіне айналған. Бұл – тақырып бойынша жарық көрген монографиялық еңбектердің, ғылыми мақалалардың және диссертациялық зерттеулердің кең ауқымымен дәлелденеді. ЖТӨ мәселесі зерттеушілердің қызығушылығын тек тарихи-құқықтық тұрғыдан ғана емес, сонымен бірге азаматтардың құқықтарын сақтай отырып жедел тиімділікті қамтамасыз ету тетіктерін теориялық-әдіснамалық деңгейде түсіндіру бағытымен де тартып отыр.

Мәселенің ғылыми өзектілігі мен практикалық маңыздылығын, қылмыстық процесс шеңберінде институционалдық қайта құруларды кешенді зерделеу қажеттігін ескере отырып, зерттеудің басты тақырыбына назар аудару орынды деп есептеледі. Салыстырмалы-құқықтық талдау әдісін қолдану Қазақстан Республикасындағы ЖТӨ процесінің мәнін, құқықтық табиғатын және қолдану ерекшеліктерін жан-жақты ашады.

Сонымен қатар, бұл тәсіл нормативтік-құқықтық реттеу саласындағы бар құқықтық қайшылықтарды және жүйелі проблемаларды анықтауға, сондай-ақ заңнаманы жетілдірудің нақты бағыттарын негіздеуге жағдай жасайды.

Мұндай көзқарас теориялық негіздер мен эмпирикалық материалдарды ұштастыра отырып, сот практикасының заманауи стандарттары мен іс жүргізу әділеттілігі қағидаттарын ескеретін тиімді құқықтық тетіктерді әзірлеуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасындағы қазіргі заманғы қылмыстық сот процесі заңдылық, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарына құрметпен қарау және оларды сақтау қағидаттарына негізделеді. Осыған байланысты қылмыстық қудалаудың тиімділігі мен жеке өмірге қолсұқпаушылықты қорғау арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ету қажеттілігі туындайды.

Қылмыстық іс жүргізу аясында қылмыстық қудалау органдарына тергеу әрекеттері мен жедел-іздістіру шараларының әртүрлі түрлерін жүргізуге өкілеттік берілген. Осындай шаралардың ішінде ЖТӨ ерекше орын алады. Олар

қылмыстық процестің ерекше құралы бола отырып, дәлелдемелерді жасырын түрде жинау арқылы қылмыстарды анықтауға, жолын кесуге және тергеп-тексеруге мүмкіндік береді, әсіресе жасырын әрекет ету қажет болатын күрделі санаттағы қылмыстарға қатысты.

Осы бөлім Қазақстан мен Грузияда ЖТӘ-ні құқықтық реттеу мәселелеріне арналған ғылыми-практикалық талдауға бағытталған. ЖТӘ институты – мүдделі тұлғаларды алдын ала хабардар етпей, дәлелдемелерді жинау мақсатында жүргізілетін арнайы рәсімдер жиынтығы. Көрсетілген әрекеттер қылмыстарды әшкерелеу және жолын кесу үшін қолданылады.

Соңғы онжылдықтарда көптеген мемлекеттердің қылмыстық процестік жүйелерінде жасырын тергеу тәсілдерін енгізуге бағытталған реформалар жүргізілді. Бұл тұрғыда Қазақстан Республикасы мен Грузия посткеңестікте ЖТӘ-ні қылмыстық процес шеңберіне интеграциялаған елдердің айқын мысалы болып табылады.

Қалыптасқан ереже, ең алдымен, ұйымдасқан және жасырын (латентті) сипаттағы қылмыстармен күрестің тиімділігін арттыруға бағытталды. Адам құқықтарын сақтау талаптары да назардан тыс қалмады. Дегенмен, тергеудің қажеттіліктері мен адамның құқықтарына берілетін кепілдіктер арасындағы (әсіресе жеке өмірге қолсұқпаушылық құқығы тұрғысынан) тепе-теңдікті сақтау әлі де өзекті және күрделі құқықтық мәселе ретінде қалып отыр.

Салыстырмалы зерттеу аясында ЖТӘ-нің түрлері, оларды жүргізу шарттары, санкциялау тәртібі және сот бақылауы, алынған материалдардың дәлел ретінде жол берілетіндігі мәселелері, адамға өзіне қатысты жүргізілген ЖТӘ туралы хабардар ету тәртібі, ЖТӘ-ні есепке алу және қадағалау барысындағы прокурордың рөлі қарастырылады.

Екі ел ғалымдарының аталған мәселелерге қатысты ұстанымдары да зерттеледі. Жүргізілген талдау негізінде құқықтық ұстанымдар арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар айқындалып, халықаралық стандарттарды ескере отырып, нормативтік базаны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірленеді.

Тақырыптың өзектілігі: жасырын тергеу әдістерін тиімді қолдану қылмыстардың ашылуын едәуір арттыруы мүмкін, алайда тиісті құқықтық кепілдіктер жеткіліксіз болған жағдайда азаматтардың конституциялық құқықтарының бұзылуына алып келуі ықтимал.

Қазақстан мен Грузияның тәжірибесі назар аударарлық: қос мемлекет те қылмыстық-процестік заңнаманы реформалау жолынан өткен (Қазақстанда — 2014 жылғы жаңа ҚПК қабылдануы арқылы, Грузияда — сол жылы енгізілген түзетулермен). Алайда екі елдің ЖТӘ-ні құқықтық реттеу тәсілдері мен мазмұндық бөліністері белгілі бір айырмашылықтармен сипатталады.

Таңдалған компаративтік талдау тек қана қылмыстық процестің теориялық аспектілерін дамыту үшін емес, сонымен қатар тергеу және сот органдарының практикалық қызметін жетілдіру үшін де маңызды, себебі ол оң

тәжірибелер мен проблемалық тұстарды жүйелі түрде анықтауға мүмкіндік береді.

ЖТӘ институтының теориялық негізі. ЖТӘ – конфиденциалды түрде, яғни тергелетін тұлғаға алдын ала ескертілместен жүргізілетін тергеу (іздістеу) әрекеттері болып табылады. Қазақстандық заңгер-ғалымдар ЖТӘ-ні тергеу әрекеттерінің ерекше түрі ретінде сипаттайды, оларды жүргізу фактісі мен әдістері туралы мәліметтер заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, жария етуге жатпайды.

Басқаша айтқанда, әрекеттердің жүргізілгені немесе жүргізіліп жатқаны туралы ақпарат күдіктілер мен процеске қатысушы басқа да тұлғалардан құпия сақталады, және бұл құпиялылық тергеудің мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті мерзімге дейін сақталады.

Ғылыми әдебиетте көрсетілгендей, ЖТӘ-нің басым бөлігі өз мәні бойынша жедел-іздістеу шараларының элементтері болып табылады, олар кейіннен қылмыстық-процестік заңнама аясында жүзеге асырылатын тетіктер ретінде қайта құрылды.

Шынында да, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы жаңа ҚПК-сі ЖТӘ-ге арналған жеке тарауды енгізу арқылы жедел-іздістеу қызметінің нәтижелерін қылмыстық сот процессінде қолдануға құқықтық негіз қалады. Бұл – тергеушінің сотқа дейінгі тергеп-тексеру шеңберінде әрекеттерді өз бастамасы бойынша іске асыру құқығын көздейтін маңызды процестік өзгеріс болды.

Ұқсас үрдістер Грузияда да байқалды, 2014 жылғы реформа шеңберінде Грузия ҚПК-не құпия тергеу әрекеттеріне (бұдан әрі – ҚТӘ) арналған жеке тарау енгізілді. Осы әрекеттер іс жүзінде арнайы тергеу іс-шаралары болып табылады және оларды Еуропа Кеңесінің сарапшылары мемлекеттік құпия бақылау жүйесін жетілдіру жолындағы елеулі ілгерілеу ретінде бағалаған болатын.

Грузия ҚПК-де көзделген ҚТӘ түрлері мазмұндық жағынан ҚР ҚПК-де бекітілген ЖТӘ тізбесімен сәйкес келеді. Тізбе телефон және өзге де байланыс арналарын тыңдауды, құпия бақылау жүргізуді, электрондық жүйелерден деректер жинауды, хат-хабарларды перлюстрациялауды қамтиды.

Ерекше атап өтетін жәйт, Қазақстан мен Грузияның ҚПК-лерінде ЖТӘ-нің (ҚТӘ-нің) нақты әрі шектеулі тізбесі белгіленген. Осы тізімге енбейтін қандай да бір жасырын іс-шараларды жүргізу – жол берілмейтін әрекет болып табылады. Мұндай жағдайда алынған ақпарат жарамсыз дәлелдеме ретінде танылып, процестік салдары болмайды. Таңдалған тәсіл құқықтық айқындықты қамтамасыз етеді, тергеу органдары тек заңда нақты көрсетілген ЖТӘ түрлерін ғана қолдануға құқылы, бұл өз кезегінде процестік шектердің сақталуына кепілдік береді.

Бұрынғы Кеңес Одағына мүше мемлекеттер тәжірибесінде жасырын шараларды құқықтық реттеудің екі негізгі тәсілі қалыптасқанын атап өткен жөн.

Бірінші тәсіл – арнайы (жасырын) тергеу әрекеттерін тікелей ҚПК құрамына енгізіп, олардың нысандары мен жүргізілу тәртібін нақты регламенттеу (Қазақстан, Грузия, Украина, Литва және басқа да елдер таңдаған).

Екінші тәсіл – тетіктерді ҚПК шеңберінен тыс, тек жедел-ізвестіру қызметі туралы заңдар аясында сақтап қалу (Ресей, Беларусь, Қырғызстан және басқа да елдерге тән). Тәсіл кейбір ғалымдардың пікірінше дәстүрлі құқықтық модель ретінде қарастырылады.

Ғылыми әдебиеттерде ЖТӘ-ні ҚПК құрамына енгізудің орындылығы жөнінде әртүрлі көзқарастар білдірілген. Осындай құқықтық жүйе мемлекеттік қылмыстық саясаттың ерекшеліктеріне қарай шешілетін, көпаспектілі теориялық және практикалық мәселе болып табылады.

Мысалы, ресейлік зерттеуші Ю.Р. Фадеева шетелдік тәжірибені салыстыра отырып: «ЖТӘ-нің Ресей Федерациясының қылмыстық-процестік заңнамасына енгізілуі тергеудің жариялылығы қағидатымен қайшылыққа түсетінін» алға тартады. Яғни, процестік жариялылық пен жасырындық арасында құқықтық қайшылық туындайды [16].

Қазақстан мен Грузия тәжірибесінде, керісінше, заң шығарушы ЖТӘ-ні қылмыстық процестің құрамдас бөлігі ретінде заңдастыру жолын таңдады. Бұл тәсіл жасырын жолмен алынған мәліметтердің сотта дәлел ретінде танылуын қамтамасыз етуге және оларды бірыңғай процестік кепілдіктер жүйесіне бағындыруға бағытталған.

Конституциялық негіздер және жеке өмірге қолсұқпаушылық құқығы. ЖТӘ-нің қолданылуы адам құқықтары саласындағы негізгі және іргелі кепілдіктерге, ең алдымен жеке өмірге, хат-хабар алмасуға және телефон арқылы сөйлесуге қолсұқпаушылық құқығына тікелей әсер етеді. Мысалы, Конституцияның 18-бабында және Грузия Конституциясының 20-бабында кепілдік ретінде бекітілген. Аталған құқықтар тек заң негізінде және қажеттілікпен негізделген шектеулер аясында ғана шектелуі мүмкін.

Бірқатар мамандар Грузия ҚПК-не ЖТӘ-ні енгізуді қылмыспен күрестің тиімділігін арттыру мақсатында қажет шара ретінде бағалайды. Бұл тәсіл құқық қорғау органдарына дәлелдемелерді жасырын жолмен жинаудың заңды тәртібін бекітіп, адам құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету қажеттілігімен үйлестірілуі тиіс деген ұстанымға негізделеді.

Профессор А.Н. Халиков: «ЖТӘ институтының қылмыстық-процестік заңнамаға енгізілуі жасырын жедел іс-шаралар нәтижелерін дәлелдеме ретінде белсенді қолдануға мүмкіндік беретінін және ол адамның құқықтары мен бостандықтарын қатаң сақтау шартымен ғана жүзеге асырылуы тиіс» екенін атап көрсетеді. Зерттеуші бұл институтты жазаның бұлтартпастығын қамтамасыз етудің және ауыр қылмыстар бойынша дәлелдемелерді жинаудың пәрменді құралы ретінде қолданудың мақсатқа сай екенін тұжырымдайды [17].

«Проблемы интеграции розыскных начал в досудебное уголовное производство (компаративистские заметки)» атты ғылыми мақалада заң

ғылымдарының докторы А.П. Попов пен заң ғылымдарының кандидаты И.А. Зинченко: «Грузия ҚПК-де құпия тергеу әрекеттері бойынша сот бақылауы тетігінің енгізілуін ілгерішіл үлгі ретінде бағалайды. ЖТӘ-ні қылмыстық процеске біріктіру, соттың шынайы тәуелсіздігін қамтамасыз ету жолында маңызды қадам болды және сотқа дейінгі процеске заңдылық кепілдіктерін күшейтті» деген қорытынды жасайды [18].

Заң ғылымдарының кандидаты А. В. Верещагина Грузия заңнамасындағы қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатыларында сот бақылауын қамтамасыз етуге арналған жүйені салыстырмалы-құқықтық тұрғыда зерттей келе, осы модельге тән бірқатар елеулі белгілерді бөліп көрсетеді.

Ерекшеліктердің қатарына «тергеу судьясы институтының қалыптасуы, сот бақылауының шектерінің кеңеюі (мысалы, куәгердің айғақтарын алдын ала бекіту мүмкіндігі), мәжбүрлеу шараларын қолдануға санкция алу рәсімдерінің заңмен нақты регламенттелуі және тиісті өтініштерді қараудың қатаң белгіленген мерзімдері жатады. Зерттеуші осындай модельдің қолданылуы: сот бақылауының тиімділігін арттыруға ықпал ететінін және қылмыстық-процестік механизмдерді жаңғырту үшін өзге құқықтық жүйелерге үлгі ретінде қарастырылуы мүмкін екенін» атап өтеді [19].

Грузияның қылмыстық-процестік жүйесінде жасырын тергеу әрекеттерін жүргізудің құқықтық негіздерін талдау аясында заң ғылымдарының кандидаты, профессор В. В. Бачила рәсімнің нормативтік реттелу ерекшеліктерін ашуға бағытталған мазмұнды ғылыми зерттеу жүргізген. Автор өз еңбегінде қылмыстық қудалау субъектілерінің құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған институционалдық тетіктерге ерекше назар аударады. Атап айтқанда, ол: «ЖТӘ нәтижелерін жүйелі түрде сақтау, оларды жою және кейіннен есепке алу рәсімдерінің заңнамалық деңгейде айқын регламенттелуін аса маңызды» деп санайды [20].

Зерттеушінің пікірінше, тұлғаның процестік тұрғыдан тартылғаны туралы оны кейіннен хабардар ету тәртібінің заңда бекітілуі, сондай-ақ Грузия Жоғарғы Соты құрылымында орталықтандырылған бірыңғай тіркеу реестрінің жұмыс істеуі — сотқа дейінгі сатыда құқықтық айқындық пен ашықтық қағидаттарын қамтамасыз ететін қосымша кепілдіктер ретінде танылуы тиіс.

Сонымен қатар, Бачила жоғарыда көрсетілген ережелерді басқа ұлттық құқықтық жүйелерге механикалық түрде көшірудің орынсыз екендігін ескертеді. Оның пайымдауынша: «ұлттық құқықтық модельдердің айырмашылықтары жағдайында мұндай тікелей имплементация тек құқықтық-техникалық қиындықтарға ғана емес, сонымен бірге қылмыстық қудалау міндеттері мен адамның құқықтарын қорғау арасындағы тепе-теңдікті бұзу қаупіне әкелуі мүмкін» [20].

Бачила жүргізген салыстырмалы талдау Беларусь Республикасының қылмыстық-процестік жүйесімен салыстыру негізінде көрсеткендей: Онда ұлттық ерекшеліктерді ескермей, ЖТӘ саласындағы құқықтық ережелерді

сырттан біржақты көшіру — құқықтық реттеудің фрагментарлығы мен құқық қолдану практикасының айқын еместігі сияқты тәуекелдерді тудыруы ықтимал.

Бірқатар зерттеушілердің пайымдауынша, ЖТӘ-нің Украина мен Грузияның қылмыстық сот процессіне енгізілуі бастапқыда қылмыстық қудалау тиімділігін арттыруды көздеген, жаңғырту сипатындағы қажетті шара ретінде қарастырылған. Жүргізілген реформалар халықаралық қылмыстық әділ сот пен адам құқықтарының стандарттарына сәйкес болуға бағытталды.

Алайда, халықаралық құқықтық сарапшылар, атап айтқанда Еуропа Кеңесінің Венеция комиссиясының 2022 жылғы қорытындысында Грузия заңнамасына енгізілген өзгерістерге қатысты аландаушылық білдірді. Қорытындыда жедел бақылау саласындағы түзетулердің құқықтық салдарына қатысты соттық және институционалдық қадағалау жүйесінің жеткіліксіздігіне назар аударылып, құқықтық кепілдіктердің әлсіреу қаупі туралы ескерту жасалған [21].

Атап айтқанда, ЖТӘ жүргізу мерзімдерін ұзарту және негіздер аясын кеңейту заңнамалық негіздің жеткіліксіз болуымен қатар жүзеге асырылған кезде, әділеттілік қағидаттарына қайшы келуі мүмкін деп көрсетілген.

Халықаралық сарапшылардың пікірінше, қалыптасқан жағдай тергеу мүдделері мен сот бақылауының қажетті деңгейін сақтау арасындағы тепе-теңдіктің бұзылуына алып келуі ықтимал, сондықтан қолданыстағы заңнаманы жүйелі түрде қайта қарауды талап етеді.

Венеция комиссиясы ұсынған ұсынымдарда қылмыстық-құқықтық негіздер тізбесін шектеу қажеттігіне, жоғарыда көрсетілген шараларды қолдануға тәуелсіз бақылауды күшейтуге (әсіресе бақылаушы органның институционалдық дербестігін қамтамасыз ету арқылы), әрбір жасырын араласу әрекеті заңды мақсатқа сәйкестігі мен демократиялық қоғам жағдайларындағы барабарлық (пропорционалдылық) қағидатына сай болуы тиіс екендігіне ерекше мән берілген.

Халықаралық сараптамалық қауымдастықтың келісілген ұстанымына сәйкес, Грузия ҚПК-де ҚТӘ жүргізу тәртібін реттейтін нормаларды қайта қарау қажет. Қайта қарау анықталған нормативтік олқылықтарды жоюға және Еуропалық адам құқықтарын қорғау туралы конвенцияның 8-бабымен, сондай-ақ Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық сот тәжірибесімен толық сәйкестікке қол жеткізуге бағытталуы тиіс.

ЖТӘ институтын қылмыстық процестің құрылымына енгізу оларды жүзеге асыруға алдын ала сот бақылау механизмдерін әзірлеуді және енгізуді талап етті. ҚР ҚПК-де ЖТӘ-нің басым көпшілігі арнайы мамандандырылған соттың тергеу судьясының санкциясы негізінде ғана жүргізілуі мүмкін, ол ҚПК-нің 234-бабында белгіленген. Аталған норма ЖТӘ жүргізуге рұқсат беру тәртібін егжей-тегжейлі регламенттейді.

Осыған ұқсас қағидат Грузия ҚПК-нің де негізіне алынған. Бұл елдің заңнамасына сәйкес: «ҚТӘ тек прокурордың дәлелді өтініші негізінде

шығарылған сот актісі бойынша ғана жүзеге асырылады» (Грузия ҚПК-нің 143³-бабы) [22].

Алайда, бұл механизмнің Қазақстанмен салыстырғанда елеулі процестік айырмашылығы бар: егер Қазақстанда ЖТӨ жүргізуге рұқсат беру туралы өтініш тікелей сотқа сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының бастамасы бойынша берілсе, Грузияда өкілеттік тек қана прокуратура органдарына тиесілі.

Осылайша, Грузияда прокурорлық сүзгі (фильтр) – ЖТӨ-ні санкциялауға дейінгі міндетті кезең ретінде заңнамалық тұрғыда бекітілген және алдын ала бақылау тетігі ретінде қызмет етеді.

Одан бөлек, Грузияда заң шығарушы прокурорлық құрылым аясында ішкі бақылаудың қосымша деңгейін көздеген: ҚТӨ-ні әртүрлі кезеңдерде ұзарту үшін жоғары тұрған прокурорлардың қатысуы талап етіледі.

Атап айтқанда, Грузия ҚПК-не 2022 жылы енгізілген түзетулерге сәйкес, ҚТӨ-ні ұзарту рәсімі үш сатылы тәртіпке ауыстырылған: бастапқы рұқсатты 90 күнге дейін прокурордың өтініші негізінде сот береді; мерзімді 180 күнге дейін ұзарту үшін аға прокурордың араласуы қажет; ал ең ұзақ мерзім – 270 күнге дейін ұзарту тек Бас прокурордың немесе оның бірінші орынбасарының өтініші бойынша ғана мүмкін (Грузия ҚПК, 143³-баптың 2-бөлігі).

Жалпы алғанда, мұндай жүйе нормативтік деңгейде заңдастырылған ұзақ мерзімді бақылау мүмкіндігін көздейді және бұрын қолданылған алты айлық шектеуден елеулі түрде ерекшеленеді.

Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында ЖТӨ-ні жүргізу мерзімдері сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерімен өзара байланысты және ҚР ҚПК-нің 236-бабында айқындалған. Әрбір санкцияланған ЖТӨ отыз тәулікке дейінгі мерзімге ғана рұқсат етіледі, мерзім аяқталған соң қайтадан дәлелді өтініш негізінде тағы да отыз тәулікке ұзартылуы мүмкін.

Алайда, Қазақстанда жалпы ұзарту санына қатысты нақты шектеу белгіленбеген, бұл өз кезегінде мемлекеттік араласудың ұзақтығы жөнінде процестік айқындықтың болмауына алып келеді.

ЖТӨ-ні (ҚТӨ-ні) тоқтату мүмкіндігіне қатысты мәселе де елдер тәжірибесінде ерекшеленеді. Грузия ҚПК-нің 143⁶-бабына сәйкес, прокурор ҚТӨ-ні кез келген сәтте тоқтатуға құқылы.

Оған қарама-қарсы, Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 193-бабы 1-тармағының 9-1) тармақшасына сәйкес, прокурор тек сот санкциясын қажет етпейтін ЖТӨ түрлерін ғана өз бетінше тоқтата алады (мысалы, ҚПК-нің 231-бабының 7) және 9) тармақтарында көзделгендер). Шектеу прокурорлық қадағалаудың тиімділігін төмендетіп, жеке адамның конституциялық құқықтарын қорғауға теріс әсер етуі мүмкін.

Грузия заңнамасындағы оң тәжірибенің бірі – Жоғарғы Соттың ҚТӨ жүргізу туралы жыл сайынғы статистикалық есеп жариялау талабының енгізілуі. Грузия ҚПК-нің 143⁵-бабына сәйкес, ҚТӨ жүргізетін орган барлық іс-шараларды

– олардың түрін, мерзімін, объектісін және жүргізілу негіздерін – есепке алуға міндетті.

ҚПК-нің 143¹⁰-бабына сәйкес, Грузияның Жоғарғы Соты сотқа келіп түскен өтініштер мен алынған ақпараттың тағдыры жөніндегі статистикалық деректерді қамтитын арнайы реестр қалыптастырып, жариялауы тиіс. Реестрде, сонымен қатар, қылмыстық әрекетпен байланысы болмаған ақпараттың жойылған жағдайлары да көрсетіледі. Мұндай тетік қоғамдық бақылау құралы болып табылады және құқық қолдану тәжірибесінің ашықтығына ықпал етеді.

Қазақстанда ашық статистикалық есептілік жүйесі мүлде жоқ. ҚР ҚПК-нің 241-бабына сәйкес, ЖТӘ және олардың барысында алынған ақпарат туралы мәліметтер тиісті іс-шаралар аяқталғанға дейін құпия сипатта болады. Жүргізілген және санкцияланған ЖТӘ саны жөніндегі ресми статистика ашық түрде жарияланбайды. Әдетте, ақпарат тек шектеулі қолжетімді есептерге енгізіледі. Публикацияның болмауы ұлттық қауіпсіздік мүдделерімен түсіндіріледі, алайда бұл жеке өмірге араласудың барабарлығы мәселелері бойынша толыққанды қоғамдық пікірталасты жүргізуге кедергі келтіреді.

Сонымен қатар, жеке тұлғаны өзіне қатысты ЖТӘ қолданылғаны туралы хабардар ету тәсілінде де елеулі айырмашылық бар екенін атап өткен жөн. Қазақстан ҚПК-де ЖТӘ аяқталған соң адамды міндетті түрде хабардар етуге қатысты арнайы ереже жоқ. Жалғыз ерекшелік – ЖТӘ нәтижесінде алынған материалдар қылмыстық процесте дәлел ретінде қолданылғаннан кейін адамға танысу үшін ұсыну (ҚР ҚПК-нің 239-бабы).

Ал егер іс ақтау негіздері бойынша тоқтатылса, онда адам, оған қатысты араласу жүргізілгенінен бейхабар қалады, сондықтан оған ЖТӘ әрекеттеріне шағымдану құқығын жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді.

Керісінше, Грузия ҚПК-нің 143⁹-бабы ҚТӘ жүргізілген тұлғаны міндетті түрде хабардар ету тәртібін көздейді. Хабарлама іс-шара аяқталған сәттен бастап он екі ай ішінде берілуі тиіс. Мерзімді прокуратураның негізделген ұстанымы болған жағдайда, сот шешімімен тағы он екі айға ұзарту мүмкіндігі қарастырылған.

Аталған тәсіл Еуропа Кеңесінің ұсынымдарына сәйкес келеді және тергеу тиімділігі мен адам құқықтарының сақталуы арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Осылайша, Қазақстан Республикасы мен Грузияның заңнамаларын салыстырмалы түрде талдау негізінде төмендегі жинақталған тұжырымдарды бөліп көрсетуге болады:

– Екі юрисдикция да бастапқыда қолданылған жедел-іздістіру сипатындағы реттеу моделінен бас тартып, ЖТӘ-ні қылмыстық-процестік реттеу шеңберіне енгізіп, оларды ҚПК-де бекіткен;

– Грузияда прокуратура тек қадағалау функцияларын ғана емес, сонымен қатар ұйымдастырушылық өкілеттіктерді де орындайды, яғни ҚТӘ-ге санкция

беру туралы өтініштіхатты тек прокурор ғана бере алады, бұл қадағалауды күшейтіп, жауапкершілік вертикалін қамтамасыз етеді;

– Грузия прокуроры ҚТӘ-ні өз бетінше тоқтатуға құқылы, мұндай жағдай жеке тұлғаның құқықтарын қорғаудың қосымша кепілі ретінде және заңсыз әрекеттерді жедел түзетудің құралы ретінде бағалануы мүмкін;

– Грузияда ҚТӘ-нің қолданылуы бойынша ашық статистикалық есептілік қамтамасыз етілсе, Қазақстанда ондай ашықтық болмағандықтан жүйенің транспаренттілігіне шектеу қояды;

– Грузия ҚПК-де ҚТӘ аяқталғаннан кейін адамды міндетті түрде хабардар ету туралы норма көзделген, бұл жеке өмірге қолсұқпаушылық құқығын қорғаудың маңызды элементі ретінде қарастырылады, ал Қазақстанда құқықтық реттеу көзделмеген.

Грузияда прокурорлық қадағалауды жаңғырту және сот процесінің ашықтығын арттыру тәжірибесі Қазақстан үшін қылмыстық-процестік заңнаманы реформалау контексінде маңызды әрі өзекті. 2000-жылдары жүзеге асырылған грузин реформалары прокуратура өкілеттіктерін децентрализациялауды, сот рәсімдеріне ашық қол жеткізуді қамтамасыз ететін цифрлық жүйелерді енгізуді, тергеу сатылары туралы азаматтарды міндетті түрде хабардар ету рәсімін институционалдандыруды қамтыды.

Қазақстан үшін Грузия тәжірибесінің кейбір элементтерін имплементациялау прокурорлық қадағалауды күшейтуге және құқық қолдану тәжірибесінің тиімділігін арттыруға ықпал етуі мүмкін.

Сонымен бірге, Қазақстандық модель Грузия тарапына ЖТӘ-ні жүргізу мерзімдерінің икемділігі, сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы өзгерістерге жедел әрекет ету тетіктері тұрғысынан қызығушылық тудыруы мүмкін. Ғылыми ортада қалыптасқан тұжырымдамалық ұстанымдарды қолдай отырып, Грузияның қылмыстық-процестік жүйесіне ҚТӘ институтын енгізудің негізділігі мен өзектілігін тағы бір рет атап өту орынды деп санаймыз.

Аталған процестік категорияны ұлттық заңнама шеңберінде формализациялау, қылмыстық әділет жүйесінің кезең-кезеңмен трансформациялануы нәтижесінде жүзеге асырылды және ол ішкі құқықтық кеңістікті халықаралық құқық стандарттарымен үйлестіруге, ең бастысы — адамның іргелі құқықтарына кепілдіктерді қамтамасыз етуге бағытталған болатын.

Грузияда ҚТӘ институты ақпаратты жинаудың конфиденциалды әдістерін қолдануды көздейтін процестік құрал ретінде әрекет етеді. Ол жоғары дәрежеде жасырын сипаттағы, ұйымдасқан және қылмыстық процестегі фигуранттардың белсенді қарсы әрекетімен сипатталатын қылмыстарды тергеу барысында дәлелдемелік базаның жетіспеушілігін толықтыру мақсатында қолданылады.

Институттың маңызды сипаттамаларының бірі – сот бақылауы тетігіне заңды түрде енгізілуі. Мұндай бақылау құқықпен қорғалатын құқықтар мен бостандықтарға негізсіз араласуға жол бермеудің кепіліретінде әрекет етеді.

ҚТӘ-ге санкция беру рәсімінің регламенттелуі, өтініштердің мазмұнына қойылатын талаптар, сондай-ақ оларды жүргізудің мерзімі мен негіздері – осының барлығы заң шығарушының араласуға тек қана нақты, құқықтық негізі бар және заң аясында дәлелденген жағдайларда ғана рұқсат етуге ұмтылатынына ықпалдайды.

Айта кету керек, ҚТӘ қолданудың тиімділігі олардың бастамашылық тәртібі мен жүзеге асыру процесіне қойылатын нормативтік талаптардың нақтылық дәрежесіне тікелей байланысты болып табылады. Осыған орай, ҚТӘ институтын одан әрі заңнамалық тұрғыда жетілдіру қажеттігі туралы тұжырым негізделген және орынды деп есептеледі. Мұндағы басты назар құқықтық айқындықты, салдарлардың алдын ала болжамдылығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ сыртқы бақылаудың институционалдық тетіктерін – соның ішінде сот және прокурорлық қадағалауды – нығайтуға бағытталуы тиіс.

Ғылыми доктринада келтірілген пікірлер Грузияның ҚПК-сын дамытудың қазіргі кезеңіне толықтай сай келеді және ҚТӘ институтын енгізудің қисындылығы мен құқықтық тұрғыдан негізделгендігін растайды. Бұл құқықтық тетік теңгерімді қолданылған жағдайда қылмыстық қудалаудың тиімділігін қажетті деңгейде қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар ұлттық әрі халықаралық құқықтық жүйелерде бекітілген заңдылық пен адам құқықтарын қорғау стандарттарының сақталуына да кепілдік береді.

ҚР ҚПК мен Украина Қылмыстық процес кодексінің (бұдан әрі – Украина ҚПК) шеңберінде жасырын тергеу (ізвестіру) әрекеттері (бұдан әрі – ЖТІӨ) институтының салыстырмалы-құқықтық талдауы. Украинада ЖТІӨ институтының қылмыстық іс жүргізу заңнамасына енгізілуі қылмыстық сот процесін халықаралық стандарттармен үйлестіру қажеттілігімен, бұрын қолданылып келген жедел-ізвестіру шараларын процессуализациялау талабымен байланысты болды. ЖТІӨ-ні заңнамалық тұрғыда бекіту Украина ҚПК-ның 2012 жылғы жаңа редакциясында жүзеге асырылды [23].

ЖТІӨ институты қылмыстық іс жүргізудегі жедел-ізвестіру шараларының материалдарын пайдалануға байланысты орын алған құқықтық вакуумды жою мақсатында енгізілді. 2012 жылға дейін ақпарат көбінесе дәлелдеме ретінде нақты құқықтық реттеусіз қолданылып келген, бұл өз кезегінде сот тәжірибесінде оның жол берілмейтін деп танылуына себеп болып, ел ішінде де, халықаралық деңгейде де сынға ұшыраған.

Украина ҚПК-нің 246-бабы қабылданғаннан кейін, ЖТІӨ ресми түрде тергеу (ізвестіру) әрекеттерінің бір түрі ретінде нормативтік тұрғыда бекітілді.

Аталып кеткен әрекеттердің айрықша белгісі – оларды жүргізу фактісі, әдістері мен құралдары туралы мәліметтердің құпия сақталуында. Мұндай

ақпарат тек заңда тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, жария етуге жатпайды.

ЖТІӨ институтын енгізу Украина заңнамасының Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық конвенциясының, атап айтқанда, жеке және отбасылық өмірге құрмет құқығын көздейтін 8-бабына сәйкестендіру үшін жасалған [24].

Осылайша, Украина қылмыстық процесіндегі ЖТІӨ институтының пайда болуы адамның құқықтарын сақтау жөніндегі мемлекет мойнына алған халықаралық міндеттемелермен қатар, ішкі құқықтық қажеттіліктермен де негізделді. Институтты институционализациялау қылмыстық істерді тергеу тиімділігі мен тұлғаның конституциялық құқықтарын сақтау арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Нәтижесінде құқықтық кепілдіктер жүйесі орнатылды, оның ішінде ЖТІӨ-ны бастамас бұрын сот бақылауын жүзеге асыру, ЖТІӨ аяқталғаннан кейін тұлғаны хабардар етуі, олардың қолданылуын іс санаттарына қарай шектеу көзделді.

Сонымен қатар, ЖТІӨ Украина ҚПК-ға енгізілуі ғылыми қауымдастық тарапынан біржақты оң бағаға ие бола қойған жоқ.

Мысалыға, заң ғылымдарының кандидаты, Днепропетровск ішкі істер мемлекеттік университетінің қылмыстық процесс кафедрасының доценті, Украинаға еңбегі сіңген заңгер В. Г. Уваров өзінің «Проблемы института негласных следственных (розыскных) действий в новом Уголовно-процессуальном кодексе Украины» атты зерттеуінде ЖТІӨ-ні заңнамалық тұрғыда рәсімделуімен байланысты бірқатар елеулі кемшіліктерге назар аударады [25, 2 б.].

Автор ЖТІӨ институтының құрылымында жүйеліліктің және ішкі логикалық үйлесімділіктің жеткіліксіздігін, бірін-бірі қайталайтын ережелердің болуын, сондай-ақ жүзеге асырудың нақты механизмімен қамтамасыз етілмеген үстірт сипаттағы құқықтық рұқсаттардың кездесетінін көрсетеді. Атап айтқанда, Уваров: «ЖТІӨ-ны жүргізудің процесік нысанын нормативтік деңгейде бекіту қажеттілігіне» тоқталады. Баяндалған норма олардың қылмыстық сот процесі шеңберінде дәлел ретінде жол берілетіндігін және айғақтық маңызын қамтамасыз ететін ең төменгі талаптарға сәйкес болуы тиіс [25, 3 б.].

ЖТІӨ-ны қолданудың құқықтық негізі Украина ҚПК-нің 21-тарауында айқындалған, ол 246–275-баптарды қамтиды. Аталған тарауда ЖТІӨ жүргізудің шарттары, рұқсат етілетін әрекеттердің тізбесі, сот бақылауының тетігі, мерзімдер, санкциялау рәсімі мен процесік субъектілердің міндеттері реттеледі. Қарап отырсақ, олардың ережелері Қазақстанда ЖТІӨ жүргізу тәртібімен белгілі бір дәрежеде ұқсастыққа ие.

Украинадағы ЖТІӨ және Қазақстандағы ЖТІӨ институттары қылмыстық қудалаудың тиімділігін қамтамасыз ету мақсатын ортақ ұстанғанымен, олардың құқықтық реттелуінде елеулі айырмашылықтар бар. Ең алдымен бұл, әр елдің ұлттық құқықтық жүйесінің ерекшеліктерімен байланысты.

Украинада ЖТІӨ жүргізуді реттейтін нормалар мен Қазақстан Республикасының қылмыстық процесінде ЖТӨ-ны жүзеге асыру тәртібін регламенттейтін нормаларды салыстыру арқылы, олардың қолданылу негіздері мен процестік іске асыру механизмдері жағынан елеулі айырмашылықтардың бар екенін анықтауға болады.

Украина ҚПК-нің 246-бабының ережелеріне сәйкес, ЖТІӨ тек қылмыстық құқықбұзушылық жасалған факті мен оған қатысы бар тұлға туралы ақпаратты өзге заңды тәсілдермен алу мүмкін болмаған кезде ғана жүргізілуі мүмкін. Оған қоса, Украина ҚПК-нің 260, 261, 262, 263, 264-баптарында (тергеу судьясының қаулысы негізінде жүзеге асырылатын шараларға қатысты), сондай-ақ 267, 269, 269-1, 270, 271, 272 және 274-баптарында көзделген бірқатар нақты ЖТІӨ түрлері тек ауыр немесе аса ауыр қылмыстар бойынша қылмыстық істер шеңберінде ғана қолданылуы мүмкін.

Украинадағы құқықтық реттеуден айырмашылығы, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 232-бабының талаптарына сәйкес ЖТӨ жүргізуге негіз – бір жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген қылмыстардың белгілерінің болуы, ұйымдасқан қылмыстық топ құрамында дайындалып жатқан немесе жасалып жатқан әрекеттер болып табылады.

Сонымен қатар, өзге санаттағы қылмыстық құқықбұзушылықтар бойынша ЖТӨ-ның тек шектеулі тізбесі ғана қолданылуы мүмкін, тізбе ҚР ҚПК-нің 231-бабының 7) және 9) тармақтарында айқындалған. Атап айтқанда, жасырын түрде үй-жайларға ену (және/немесе) оларды қарау, объектілерге не тұлғаларға қатысты жасырын бақылау жүргізу әрекеттерін қамтиды. Айрықша маңызды ерекшелік – әрекеттерді жүргізу үшін тергеу судьясының санкциясын алу талап етілмейді. Көрсетілген жәйт Қазақстандағы құқықтық модельдің артықшылығы ретінде бағалануға тиіс, себебі ол шұғыл әрекет етуге мүмкіндік береді және формалды рәсімдерге кететін уақытты азайтады.

ЖТІӨ жүргізу туралы шешім қабылдауға уәкілетті субъектілерге келсек, Украина ҚПК-нің 246-бабына сәйкес, мұндай өкілеттіктер тергеуші мен прокурорға, сондай-ақ заңда тікелей көзделген жағдайларда тергеу судьясына тиесілі, бұл үшін тиісті өтінішхаттың болуы талап етіледі. Өз кезегінде, тергеуші прокурорды қабылданған шешім және ЖТІӨ нәтижелері туралы хабардар етуге міндетті, ал прокурор басталған шараны тоқтата алады немесе оның жүргізілуіне жол бермеуге құқылы.

ҚР ҚПК-да ЖТӨ-ні келісу және санкциялау рәсімі өзгеше реттелген: ҚР ҚПК-нің 234-бабына сәйкес, ЖТӨ жүргізу туралы, оны жүзеге асыру мерзімдерін ұзарту туралы (ҚР ҚПК-нің 236-бабы) өтініштер тергеу судьясымен прокурордың қатысуынсыз және сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының ұсынған материалдары негізінде қаралады.

Сонымен қатар, ҚР ҚПК-нің 193-бабына сәйкес, алдын ала тергеп-тексеру заңдылығының сақталуын қадағалауды жүзеге асыратын прокурор ЖТӨ-ні

тоқтата алмайды және оны жүргізуге тыйым сала алмайды. Мұндай құқықтық реттеу моделі қылмыстық заңнаманың кемшілігі ретінде сипатталуы мүмкін, өйткені ол дәлелдемелік ақпарат жинаудың аса сезімтал кезеңіне прокурорлық бақылауды шектей отырып, тергеу үстінен қадағалау қағидатын формальды сипатқа айналдырады.

Украина ҚПК-де бекітілген ерекше назар аударуға тұрарлық норма – қылмыстық құқық бұзушылықты бақылау секілді ЖТІӨ нысанын бастамалау өкілеттігі тек прокурорға ғана тиесілі екендігі. Өз кезегінде, ҚР ҚПК-де норма көзделмеген, бұл өз кезегінде қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеп-тексеру кезінде, әсіресе бақыланатын жедел іс-шараларды жүргізу қажеттілігі туындаған жағдайларда, процестік мүмкіндіктердің аясын едәуір тарылтады.

Аталған мәселе магистрант А.Қ. Әбілхан мен заң ғылымдарының кандидаты Р.А. Медиевтің «Актуальные вопросы обеспечения прокурорского надзора за законностью производства негласных следственных действий» атты ғылыми мақаласында егжей-тегжейлі қарастырылған. Авторлар қылмыстық іс жүргізу заңнамасының соңғы өзгерістері мен жедел-іздістіру қызметінің трансформациясы жаңа деңгейдегі прокурорлық бақылау тетіктерін енгізуді қажет ететінін атап көрсетеді. Зерттеушілер қолданыстағы қадағалау механизмдері процестегі қатысушылардың мүдделерін толық қанды қорғамайды, оны нормативтік күшейту қажет деп санайды.

Теңгерімсіздікті жою мақсатында ғалымдар ЖТІӨ жүргізу кезінде прокурорлық қадағалау бойынша арнайы процестік ережелерді әзірлеуді ұсынып, қадағалаушы прокурордың өкілеттіктері мен функцияларын нақты айқындауды қажет деп есептейді. Олардың пікірінше: «ережелерді институционализациялау жеке өмірге араласудың өлшемділік қағидатын сақтауына ықпал етеді» [26].

Жасырын тергеу әрекеттерін санкциялау туралы өтінішхаттарды қарау мерзімдік тәртібі де елеулі айырмашылықтарға ие. Мәселен, Украинада ҚПК-нің 248-бабына сәйкес, тергеу судьясы тиісті өтінішті оның келіп түскен сәтінен бастап алты сағат ішінде қарауға міндетті, осы ретте өтініш берушінің қатысуы міндетті болып табылады.

Ал Қазақстандағы рәсім ҚР ҚПК-нің 234-бабына және ЖТӨ санкциялау туралы Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысының 15-тармағына сәйкес жүзеге асырылады. Осы құжаттарға сай, өтінішті соттың қарау мерзімі он екі сағатқа дейін созылуы мүмкін, ал қосымша материалдарды талап ету қажеттілігі туындағанда — жиырма төрт сағатқа дейін ұзартылуы мүмкін. Өтінішхат судья тарапынан жеке-дара қаралады, отырыс өткізілмейді және процестің басқа қатысушылары шақырылмайды. Бекітілген рәсім, сөзсіз, сот жұмысының тиімділігін арттырады, алайда ол процестік ашықтық деңгейін төмендетеді. Қалыптасқан жағдайды Қазақстан тәсілінің кемшілігі ретінде қарастыруға болады, өйткені ол тергеу әрекеттерін санкциялау сатысында тараптардың қатысу мүмкіндігін шектейді.

ЖТІӨ және ЖТӨ жүргізуге рұқсат беру мерзімі де ерекшеленеді. Украина ҚПК-нің 249-бабында әрекеттерді жүргізуге рұқсаттың ең ұзақ мерзімі екі айдан аспауы тиіс деп белгіленген, негізді өтінішхат болған жағдайда ол ұзартылуы мүмкіу.

Зерттеуші, заң ғылымдарының кандидаты О. В. Маленконың пікірінше, Украина ҚПК-нің 249-бабының 1-бөлігі ЖТӨ жүргізу үшін «екі айдан аспауы тиіс» деген императивті талапты бекітеді [27].

Алайда, заңда нақты өлшемшарттар белгіленбеген, сондықтан судьялар көбіне екі айлық ең ұзақ мерзімді автоматты түрде белгілейді, бұл «сот бақылауын әлсіретеді» және айыптау тарабына ЖТӨ мерзімін нақты шектеусіз ұзартуға мүмкіндік береді. Автор нормативтік деңгейде бірнеше рет ұзартуға жол бермеуді шектеуді және судьялар үшін нақты өлшемдер енгізуді ұсынады.

ҚР ҚПК-нің 236-бабына сәйкес, ЖТӨ жүргізуге берілетін рұқсаттың бастапқы мерзімі отыз тәулікпен шектеледі, әрі бұл мерзімді тағы отыз тәулікке ұзартуға болады, ол үшін уәкілетті орган санкция қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін үш тәулік бұрын негізделген қаулыны сотқа тапсыру қажет. Уақытша шектеу Қазақстандық моделдің оң шешімі ретінде бағалануға лайық, себебі ол жеке өмірге араласудың жалғасуына қатысты қажеттілік пен негізділікке жедел түрде бақылау жүргізуге мүмкіндік беріп отыр.

ЖТӨ-ға байланысты тұлғалардың құқықтары шектелгендігі туралы хабарландыру тәртібі де әр юрисдикцияда әртүрлі. Украинада ондай міндет прокурорға немесе оның тапсырмасы бойынша тергеушіге жүктелген (Украина ҚПК-нің 253-бабы). Ал Қазақстанда хабарландыру ҚПК-нің 240-бабының 1-1-бөлігіне сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарына жүктелген. Осындай тәсіл жеке тұлғаның құқықтарына араласу үшін жауапкершілікті процесуалдық орталықтандыру қағидасына сәйкес болуды қажет етеді.

Украина ҚПК-нің 257-бабында көрсетілгендей, егер ЖТІӨ барысында, ағымдағы қылмыстық процесстің тақырыбына кірмейтін қылмыстың белгілері туралы ақпарат алынған болса, оны басқа процесте кейінгі қолдану тек прокурордың өтініші негізінде шығарылған тергеу судьясының қаулысымен ғана рұқсат етіледі. Осы уақытта сот ақпараттың заңдылығын және қылмыстың құрамының белгілері бар деп есептеуге жеткілікті негіздердің бар-жоғын тексеруге міндетті. Ақпаратты басқа органдарға беру тек прокурор арқылы мүмкін. Қазақстан Республикасының ҚК-нда осындай тәртіп жоқ, сондықтан біздің пікірімізше кемшілік болып табылады. Себебі дәлелдеме материалын жинау барысында құқықтарды қорғаудың деңгейін төмендетеді. Мұндай норманы ұлттық заңнамада қалдыру дәлелдемелердің қабылдануының стандартын жоғарылату мен НСД нәтижелерін басқа қылмыстық процестерде заңдылықпен пайдалануды қамтамасыз етуге әсерін тигізуде.

Қазақстан Республикасы мен Украина Республикасының Қылмыстық процес кодекстерінде ЖТӨ жүргізу тәртібін регламенттейтін нормаларға жүргізілген салыстырмалы-құқықтық талдау іс-шараларды жүзеге асырудың

жекелеген механизмдерінің құқықтық табиғаты мен негізгі процестік субъектілердің институционалдық рөлі арасында түбегейлі маңызды айырмашылықтардың бар екенін айқын көрсетеді.

Сол себепті прокурордың ЖТІӨ-ні бастамалау, санкциялау және оларды жүргізуге кйінгі бақылау кезеңдеріндегі қатысуы мәселесіне ерекше назар аудару қажет.

Атап өту керек, Украина моделінде прокурор ЖТІӨ-ні жүзеге асырудың барлық сатыларында толыққанды қатысатын құқықтық тетіктің ажырамас құрамдас бөлігі ретінде көзделеді. Прокурорға ЖТӨ бастамалау, тергеу судьясына өтініш беру, процестік талаптардың орындалуын бақылау, сондай-ақ тиісті іс-шараларды тоқтату немесе олардың жүзеге асырылуына жол бермеу туралы шешім қабылдау құқығы берілген.

Мұндай нормативтік құрылым, институционалдық тепе-теңдік логикасына сай келеді, онда прокурор тек қадағалау функциясын ғана емес, сонымен қатар жеке адамның заңмен қорғалатын құқықтарына араласу процесінде заңдылықтың белсенді кепілі ретінде әрекет етеді.

Ғалымдардың ЖТІӨ-ні жүзеге асырудың әрбір кезеңіне прокурордың қатысуы адам құқықтарын сақтаудың кепілдіктерін арттырады деген пікірін қолдай отырып, бұл тәсіл тек халықаралық құқықтық стандарттарға сәйкес келіп қана қоймай, сонымен қатар конституциялық құқықтарды шектеу рәсіміне қосымша процестік сүзгі деңгейін енгізетінін атап өткен жөн. Прокурордың сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы мен сот арасындағы аралық буын ретінде қатысуы — соттың санкция беру сатысына дейін жеке өмірге араласудың негізділігін қамтамасыз етеді.

Оған қарама-қарсы, Қазақстан моделі сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысындағы формалды прокурорлық қадағалау болғанымен, ЖТӨ жүргізу туралы шешім қабылдау кезеңінде прокурорды белсенді қатысушылар қатарынан іс жүзінде шығарып тастайды. Осы салада прокуратура өкілеттіктерінің нормативтік тұрғыда шектелуі — қылмыстық іс жүргізу тетігінің осал буыны ретінде қарастырылады, өйткені ол тергеу органдары тарапынан артық және шамадан тыс араласудан жеке тұлғаны қорғау кепілі ретінде қызмет атқаруда.

Жоғарыда көрсетілгендерді ескере отырып, прокурордың ЖТӨ -ны жүзеге асырудың барлық кезеңдерінде — бастамадан бастап нәтижелерінің қорытынды бағалауына дейін — қатысуын тиімді және заңды қылмыстық іс жүргізу моделінің міндетті элементі ретінде тану орынды және мақсатқа сай болып табылады. Заңдылық, пропорционалдылық және процестік есеп беру принциптеріне негізделген тәсіл, озбырлық қаупін минималдауға, ЖТӨ барысында алынған дәлелдердің рұқсат етілуін қамтамасыз етуге және қылмыстық әділет институттарына деген сенімді күшейтуге мүмкіндік береді.

1.2 Қазақстан Республикасының қылмыстық процесіндегі жасырын тергеу әрекеттерінің процесі кезеңдерінің дифференциациясы (авторлық тәсіл)

Зерттеудің келесі бөлігінде дәстүрлі доктриналық әдебиет көздерімен қатар, Қазақстан Республикасында ЖТӘ ұйымдастыру, нормативтік қамтамасыз ету және жүзеге асыру тәжірибесіне тікелей қатысудың жинақталған деректері де негіз ретінде алынды. Осы сипаттағы әдістемелік тәсіл ЖТӘ институтын тек жалпы теориялық сипаттаудан шығып, оны нақты практикалар, анықталған қайшылықтар мен реттелмеген аспектілер тұрғысынан құрылымдық талдауға мүмкіндік ашады.

Авторлық көзқарастың өзектілігі бүгінгі күні ЖТӘ-ға арналған зерттеулердің басым бөлігі негізінен теориялық құрылымдар болып табылуымен, жалпы қағидалар, формулировкалар мен бағалауды қайталаумен байланысты. Олар, әдетте, ҚПК нормалары шеңберінде немесе жалпы ұғымдар көзімен сипаттап, ЖТӘ процесінде туындайтын нақты ұйымдастырушылық-құқықтық қиындықтарды қозғаудан аулақ келеді.

Әдетте, ғылыми еңбектерде ЖТӘ институты, ҚПК ережелері шеңберінде немесе жинақталған ұғымдар призмасы арқылы сипатталады, алайда ЖТӘ процесі кезінде туындайтын нақты ұйымдастырушылық-құқықтық сын-қатерлер қозғала бермейді. Көп жағдайларда институттың негіздерін, түрлерін, санкциялау шарттарын жеке аспектілері қарастырылады – алайда ЖТӘ процесінің ішкі құрылымына жүйелі тұрғыдан көзқарас ұсынылмайды. Бұл салада санкциялау, ұйымдастыру, қадағалау және талдауға тікелей қатысудың тәжірибесіне негізделген ғылыми жұмыстар жоқ.

Сондықтан да, тәсілдерден айырмашылығы, зерттеу авторының бірегей кәсіби біліктілікке ие болуында. Бұрын ЖТӘ санкциялау материалдарын тергеу судьяларына беру тәжірибесі енгізілгенге дейін оларды қарауға тікелей уәкілетті басшылық лауазымды иелене отырып, дәлелдік және құқықтық мәні жоғары шешімдерді қабылдау процесіне тікелей қатысқан. Кейіннен ҚР Бас прокуратурасының профильді департаментінде қызмет атқара отырып, аумақтық прокурорлардың қызметін ұйымдастыру және үйлестірумен айналысты, нормативтік актілерді әзірлеуге қатысып, ЖТӘ бойынша аймақтар мен ведомстволар бойынша бірыңғай статистикалық есептерді қалыптастырған, ЖТӘ бойынша материалдарды қарастыратын тергеу судьяларының жұмысын талдаған.

Осы жан-жақты практикалық тәжірибеге сүйене отырып, кіші бөлімде Қазақстан Республикасындағы ЖТӘ жүйесінің нақты қызмет ету барысынан туындайтын нақты мазмұны, процестік маңыздылығы және нормативтік олқылықтары ескерілген ЖТӘ процесі кезеңдерінің жүйелендірілген сипаттамасы ұсынылады. ҚПК-мен реттелген рәсімдермен қатар, тәжірибеде анықталған, бірақ нормативтік тұрғыда нақты реттелмеген қызмет бағыттары да егжей-тегжейлі ашып көрсетіледі.

Ұсынылып отырған көзқарас ЖТӨ кезеңдерін теориялық тұрғыдан ғана емес, олардың ішкі құрылымын нақты құқық қолдану тәжірибесі аясында ашуға мүмкіндік береді. Таңдалған тәсіл жүргізіліп отырған ғылыми зерттеуге қолданбалы мән мен тұжырымдардың негізділігін береді.

Қылмыстық процесті жіктеу – қылмыстық сот ісін жүргізудің құрылымын жекелеген сатыларға, кезеңдерге немесе процестік нысандардың түрлеріне ғылыми және нормативтік негізде бөлуді білдіреді. Мұндай бөлу қылмыстық құқық бұзушылықтың ерекшелігіне, дәлелдеу күрделілігіне, адамның құқықтарына төнетін қатердің деңгейіне және қолданылатын процестік мәжбүрлеу шараларының сипатына қарай жүзеге асырылады.

Қылмыстық іс жүргізу теориясында дифференциация жүйелі құқықтық реттеу мен процестік қызметті функционалды тәртіпке келтірудің қажетті құрамдас бөлігін құрайды. Ол қылмыстық қудалау тетігін нақты жағдайларға бейімдеуге, сонымен қатар құқықтық анықтықты, рет-реттілікті және процестік тұрақтылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. ЖТӨ жүргізу процесінде дифференциация айрықша мәнге ие болады, өйткені ақпаратты алудан бастап ЖТӨ жүргізудің қажеттілігін негіздеуге дейінгі, сондай-ақ алынған мәліметтердің дәлелдік жарамдылығына қатысты шешім қабылдауға дейінгі әрбір кезең нақты құқықтық реттеуді талап етеді.

Дифференциацияның мақсаты – қылмыстық қудалау саласындағы мемлекеттік жария мүдделер мен қылмыстық процес қатысушыларының жеке құқықтарын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, логикалық тұрғыда өзара байланысқан әрі нормативтік қайшылықтардан ада кезеңдер жүйесін қалыптастыру. Кезеңдердің нақты құрылымының болмауы немесе олардың ескерілмеуі ЖТӨ шеңберінде алынған материалдардың дәлелдік күшін жойып, бүкіл сотқа дейінгі тергеп-тексеру рәсімінің заңдылығын күмән келтіреді. Ғылыми доктринада дифференциация қылмыстық процестік қызметті жүйелеу құралы ретінде маңызды рөл атқаратыны атап көрсетілген.

ЖТӨ жүргізу барысында бірқатар елеулі құқықтық тәуекелдер байқалады: тараптардың тең құқықтылығы мен жарыспалылық қағидаттарының бұзылуы, қорғау құқығының шектелуі, жедел шағымдану тетіктерінің болмауы, өз кезегінде азаматтардың құқықтарының әлсіз қорғалуына әкеліп соғады. Осыған байланысты процестік кезеңдерді, олардың функцияларын және шектерін нақты бөліп көрсететін құқықтық архитектураны құру – алынатын дәлелдердің заңдылығы мен жарамдылығын қамтамасыз етудің міндетті шарты болып.

Заң ғылымдарының кандидаты Е.В. Мищенко атап өткендей: «қылмыстық сот ісін жүргізудің мақсаттарын іске асыру көбінесе қылмыстық-процестік нысанның жай-күйіне байланысты, өйткені дәл осы нысан құқықтық айқындықты қамтамасыз етіп, қылмыстық істің тиісті түрде шешілуінің кепілі ретінде қызмет атқарады». Процестік нысан аясында дәлелдеуге жататын нақты мән-жайларды және негізді құқықтық шешім қабылдау үшін маңызды өзге де деректерді айқындау әдістері белгіленеді. Нысанды бұзу, әдетте, заңдылық

қағидатынан ауытқу ретінде бағаланады, ал бұл – қылмыстық сот процесінің негізгі бастауларының бірі [28].

Жоғарыдағыларды ескере отырып, қылмыстық-процестік нысан құқық қолдану қызметінің техникалық қаптамасы ғана емес, керісінше, қылмыстық сот ісін жүргізудің мақсаттарын іске асыруды қамтамасыз ететін дербес құқықтық тетік ретінде қарастырылуы тиіс деген ұстаным қолдауға лайық.

Біз қылмыстық-процестік нысан — процестік реттілікті реттейтін, заңдық маңызы бар мән-жайларды анықтаудың дәлелденген әдістерін бекітетін және соның негізінде қабылданатын шешімдердің заңдылығы мен жарамдылығына кепілдік беретін құрылым деген ғылыми тұжырымдармен келісеміз. Процестік нысанның нормативтік құрылымын бұзу — істің қандай сатысында орын алғанына қарамастан — заңдылық қағидатының іргелі негіздеріне нұқсан келтіру ретінде бағаланады және бұл құқықтық мемлекеттің қызмет ету жағдайында жол беруге болмайтын құбылыс.

Осыған байланысты, қылмыстық процес сатыларын, оның ішінде ЖТӨ жүргізумен байланысты кезеңдерді құрылымдау және ішкі жіктеу мәселелері ерекше назар аударуды талап етеді. Қарастырып отырған мәселелер теориялық тұрғыдан дәлелденген және тәжірибеге бағытталған шешімдер негізінде жүзеге асырылуы тиіс. Ұсынылып отырған тәсіл процестегі ерікті әрекеттерді болдырмауға және процестік үлгінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, ҚР ҚПК-нің 30-тарауы ЖТӨ жүргізу тәртібін регламенттейтін нормалар жиынтығы бола отырып, олардың бастамасын ұйымдастырудың негізгі алғышарттарын нақтыламайды. Заң шығарушы ЖТӨ-нің түрлері, оларды жүргізу шарттары мен санкциялау ерекшеліктерін егжей-тегжейлі баяндағанымен, ЖТӨ бастамасына негіз болатын бастапқы құжаттарға қатысты мәселелер процесуалдық реттеу шеңберінен тыс қалған.

Бұл жерде сөз сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның тапсырмасында – ол, ҚР ҚПК-нің 232-бабының 2-бөлігі және ЖТӨ жүргізу қағидаларының 3-тармағына сәйкес, құқық қорғау немесе арнайы органдардың уәкілетті бөлімшелері тиісті іс-шараларды жүргізуді бастай алатын жалғыз рұқсат етілетін жазбаша өкім болып табылады. Ережедегі жалғыз ерекше жағдай – пошта және өзге де жөнелтімдерді жасырын бақылау.

Аталған құжаттың іргелі мәніне қарамастан, ҚР ҚПК оны міндетті процесуалдық актілер қатарына енгізбеген, олардың рәсімделу тәртібі 198 және 199-баптармен реттеледі. Бекітілген заңнамалық үндеместік тапсырмаға тиісті процесуалдық мәртебе бермейді және оның нысанына, мазмұнына, реквизиттеріне, сондай-ақ құқықтық табиғатына қойылатын талаптарды нақтыламай қалдырады. Ол өз кезегінде нормативтік теңгерімсіздің тудырады, өйткені іс жүзінде тапсырма азаматтардың жеке өміріне жасырын араласу рәсімін бастайды, бірақ оның заңдық мәртебесі белгісіз күйінде қалып отыр.

Осы нормативтік олқылықтың орнын толтыру мақсатында тапсырманы ресімдеу қажеттілігі ведомстволық деңгейде реттелді: құжаттың нысаны Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу қағидаларына қосымша ретінде әзірленді. Алайда көрсетілген шешім, мәні жағынан, қылмыстық-процестік заңнаманың жетілмегендігін айқын көрсетеді.

ЖТӘ бастауға құқықтық негіз болатын жалғыз құжат ретінде тапсырманың маңыздылығын ескере отырып, оның процесуалдық мәртебесі мен оған қойылатын ресми талаптар ҚР ҚПК мәтінінде тікелей бекітілуі тиіс. Бұл нормаларды тек қосалқы құқықтық актілер арқылы реттеу жеткіліксіз. Заң шығарушы кемшілікке жол беріп, шын мәнінде жасырын тергеу іс-шараларын жүргізу кезінде нормативтік анықтық пен құқықтық қорғаудың деңгейін төмендетті.

Айта кету қажет, ЖТӘ жүргізу қағидаларына қосымша ретінде тапсырма нысаны әзірленгенімен, ол ҚР ҚПК-де процесуалдық акт ретінде тікелей танылмаған. Одан бөлек, тапсырманың құрылымы мен мазмұны, сондай-ақ оның құқықтық сипаты да қылмыстық-процестік заңнама шеңберінде нақты белгіленбеген. Құжаттың заңдық анықтамасының, оның міндетті реквизиттеріне қойылатын талаптардың, ресімдеу және іске асыру тәртібінің болмауы құқық қолдану тәжірибесін едәуір күрделендіреді.

Тапсырманың құқықтық табиғатының айқындалмағанын қосымша түрде дәлелдейтін жәйт – ЖТӘ жүргізу қағидаларының 6-тармағының мазмұны. Оған сәйкес, егер алынған тапсырмада ҚР ҚПК-нің 233-бабына сай ЖТӘ жүргізу туралы қаулыны дайындау үшін қажетті мәліметтер болмаса, орындаушы бөлімше ол жөнінде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлғаны жиырма төрт сағат ішінде хабардар етуге міндетті. Мұндай ереже, шын мәнінде, орындаушыларға тапсырма мазмұны мен дұрыстығын тексеру міндетін жүктейді, салдарынан тапсырманың процесуалдық мәртебесі заңда белгіленбеген күйінде қалып отыр.

Осылайша, тіпті қосалқы құқықтық деңгейде де тапсырманың белгіленген нысаны, құқықтық анықтамасы және бірыңғай рәсімдеу алгоритмі бар дербес процесуалдық құжат мәртебесіне ие бола алмады. Практикада тергеушінің тапсырмасын орындайтын қызметкерлердің оның мазмұнын ЖТӘ жүргізу туралы қаулы деректерімен салыстыруға мәжбүр болуына алып келеді. Қаулы, өз кезегінде тапсырма негізінде тергеушінің өзі тарапынан әзірленуі тиіс. Іс жүзінде бұл нормада нақты белгіленбеген тапсырманы кейінгі процесуалдық акт – қаулы құрылымымен алмастырылатынын білдіреді, алайда ол құқықтық айқындық және ЖТӘ кезеңдерінің реттілігі қағидаттарының бұзылуына алып келеді. Қалыптасқан жағдайларда заң шығарушыға ҚР ҚПК-де тапсырмаға арналған жеке ережені тікелей енгізіп, оған тиісті құқықтық мәртебе беріп, оның нысаны мен мазмұнына қойылатын ең төменгі талаптарды белгілеуі орынды болар еді.

Айрықша назар аударуға тұрарлық жәйт – ҚР ҚПК-де тапсырма ЖТӨ-ні бастау үшін дербес құқықтық негіз ретінде нақты айқындалып, реттелмегендіктен, құқық қолдану тәжірибесінде туындаған құқықтық олқылықтар тек 2020 жылғы қаңтарда ғана ішінара жойылды. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының бастамасы бойынша Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Жасырын тергеу әрекеттерін санкциялауға байланысты кейбір мәселелер туралы» нормативтік қаулысына тапсырма мазмұнына қойылатын талаптарды көздейтін нормалар енгізілді.

Жаңадан қабылданған нормаларда тапсырманың міндетті реквизиттері нақты айқындалып, сонымен қатар оның ерекше мәртебесі –ЖТӨ бастауға құқықтық негіз болатын басты құжат ретіндегі орны баса көрсетілді. Осылайша, жедел-ізвестіру қызметі мен ЖТӨ саласындағы қадағалау өкілеттіктеріне ие прокуратура органы құқық қолдану тәжірибесін талдау нәтижесінде құқықтық айқынсыздықты жою қажеттілігін мойындады.

Сонымен қатар, Жоғарғы Сот тапсырманың маңызды рөлін тануына және ол жайлы сот қаулысы сипатындағы актіде тиісті нормаларды бекітуіне қарамастан, аталған ережелер әлі күнге дейін ҚР ҚПК мәтініне енгізілген жоқ. Заң шығарушы тапсырманы ҚПК-ның 198 және 199-баптарына сәйкес ресімделетін процесуалдық құжаттар тізбесіне енгізбей отыр. Салдарынан, бүгінгі күнге дейін құжаттың нақты құқықтық маңызымен оны заңнамалық деңгейде ресімдеудің арасындағы теңгерімсіздік сақталуда. Бұл өз кезегінде құқықтық айқындықтың бұзылуына және ЖТӨ жүргізу барысында процестік кепілдіктер деңгейінің төмендеуіне алып келеді.

Жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып, ҚР ҚПК-да ЖТӨ процесінің кезеңдік құрылымын дәйекті түрде қарастыру қажеттігі туындайды. Процесті кезеңдерге бөлу жасырын түрде дәлелдемелер жинау механизмдерінің ішкі логикасын ашуға ғана емес, сонымен қатар әрбір кезеңде туындайтын құқықтық тәуекелдерді анықтауға және әрекет етуші құқықтық реттеудің заңдылық қағидатын сақтау мен жеке тұлға құқықтарын қорғау тұрғысынан жеткіліктілік деңгейін бағалауға мүмкіндік береді.

1. Жасырын тергеу әрекеттеріне бастама жасау (ынталандыру). ҚР ҚПК-да ЖТӨ процесі – дәстүрлі тергеу құралдарымен қолжеткізу мүмкіндігі шектеулі немесе мүлде жоқ, дәлелдемелік ақпаратты алуға бағытталған ерекше құқықтық тетік ретінде қарастырылады. ЖТӨ адамның жеке өміріне, хат алмасу мен телефон арқылы сөйлесудің құпиясына, тұрғын үйге қолсұқпаушылыққа қатысты заңмен қорғалатын құқықтарына елеулі түрде араласу сипатына ие болғандықтан, бұл әрекеттерді жүзеге асырудың бастапқы кезеңі аса маңызды мәнге ие болады. Дәл осы сатыда жеке өмірге араласудың фактілік және құқықтық негіздері қалыптасады, сондай-ақ заңдылық қағидатының сақталуы қамтамасыз етіледі.

Ұлттық қылмыстық-процестік модель аясында ЖТӨ-ні ынталандыру дербес кезең ретінде бағалануға тиіс. Ол нақты жасырын іс-шараны жүргізудің

қажеттілігін дәлелдеуге, оның түрін таңдауға және міндетті процесуалдық құжаттарды әзірлеуге бағытталған ұйымдастырушылық-құқықтық әрекеттер жиынтығын қамтиды. Көрсетіліп кеткен әрекеттер қатарына, ең алдымен, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлғаның ЖТӨ жүргізу туралы тапсырманы, сосын тиісті ЖТӨ жүргізу туралы қаулыны шығару.

Аталған процесуалдық әрекеттер формалды түрде жеке сатылар болып табылғанымен, олар өзара логикалық байланыстағы элементтер ретінде ЖТӨ-ні бастау үшін заңды негіз қалыптастырады. Екі қадамның біртұтастығы жасырын араласудың басталуын заңдастырушы басты кезең – ынталандыру сатысының мазмұнын айқындайды.

Бұрын атап өтілгендей, тапсырма ҚР ҚПК-нің 232-бабының 2-бөлігі мен ЖТӨ жүргізу қағидаларының 3-тармағында көзделгенімен, ол міндетті процесуалдық құжаттар қатарына тікелей енгізілмеген. Сол себепті құқықтық айқынсыздық туындатады және тапсырманы белгіленген талаптары бар ресми жазбаша өкім ретінде біржақты құқықтық тұрғыда жіктеуге, сондай-ақ оған бақылау жүргізуге мүмкіндік бермейді. Практикада тапсырма мазмұнын кейіннен дәл осы негізде шығарылатын ЖТӨ жүргізу туралы қаулы деректерімен салыстыру қажеттілігіне алып келеді. Мұндай тәртіп іс жүзінде бастапқы құжаттың, яғни тапсырманың маңызын төмендетуге және оның құқықтық функциясын жоққа шығаруға әкеледі.

Ал ЖТӨ жүргізу туралы қаулыны ресімдеу — ынталандыру кезеңінің келесі құрамы ретінде — неғұрлым нақты құқықтық реттелген рәсімді білдіреді. Оның аясында іс-шараны жүргізудің қажеттілігін негіздеудің қисынды құрылымы, құжат нысаны мен мазмұнына қойылатын нақты талаптар айқындалады. Егер қаулының негізі болып табылатын тапсырма жеткілікті түрде құрылымдалмаса және уәжделмесе, қаулы да жеткіліксіз дәлелді болуы мүмкін немесе мазмұндық қайшылықтарға ұшырауы ықтимал, ал бұл өз кезегінде кейін алынған дәлелдемелердің жарамсыз деп танылуына алып келуі мүмкін.

Осылайша, ЖТӨ-ні бастамалау кезеңі аталған іс-шаралардың бүкіл процесінің іргелі құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл кезең қылмыстық процестің басқа да элементтерімен өзара үйлесімділікті, нормативтік тұрғыдан нақты бекітілуін, құқықтық айқындылықты және заңнамалық толықтықты талап етеді. ҚР ҚПК-де де, оған негізделген қосалқы нормативтік актілер деңгейінде де қамтамасыз етілуі тиіс.

Осы тұрғыдан алғанда, алдағы талдауда ЖТӨ процесінің келесі кезеңдерін — санкциялау, тікелей жүргізу, нәтижелерді ұсыну, оларды зерттеу мен пайдалану, сондай-ақ адамды оған қатысты жүргізілген ЖТӨ туралы хабардар ету рәсімін — процестік рәсімдердің бірізділігі мен адамның құқықтарын қорғау кепілдіктерін күшейту тұрғысынан жүйелі түрде қарастыру қажет.

2. ЖТӨ жүргізу процесінің құрылымындағы келесі логикалық тұрғыдан негізделген кезең – ЖТӨ жүргізу туралы қаулыны санкциялау сатысы болып табылады. Бұған дейінгі тапсырма шығару және қаулыны ресімдеумен

байланысты бастамашылық жасау кезеңінен айырмашылығы, осы кезеңге қатысты нормативтік реттеу құқық қолдану тәжірибесінде елеулі сұрақтар туындатпайды. ЖТӘ-ні санкциялау рәсімі ҚР ҚПК-де, оған негізделген қосалқы нормативтік актілерде және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларында берілген түсіндірмелерде жан-жақты әрі жеткілікті түрде егжей-тегжейлі қамтылған.

ҚР ҚПК-нің 233-бабына сәйкес, ЖТӘ-нің көптеген түрлерін жүргізуге тек соттың санкциясы болған кезде ғана жол беріледі, заңда тікелей көзделген ерекше жағдайлардан басқа. Норма тергеуші, анықтаушы немесе өзге де уәкілетті тұлға шығарған қаулы тиісті жасырын іс-шараны жүзеге асыруға рұқсат алу мақсатында тергеу судьясына жолдануы тиіс деген талапты бекітеді. Мұндай процестік шешім тергеу судьясының қаулысы түрінде ресімделеді және ол негізделген өтінішхат пен оған қоса берілген материалдар негізінде қабылданады.

Айрықша мәнге ие мәселе – ЖТӘ-ні санкциялау туралы өтінішхатты сотта қарау тәртібінің формализациялануы. Атап айтқанда, ҚР ҚПК-нің 233-бабының 3-бөлігіне сәйкес, тергеу судьясы құжаттар түскен сәттен бастап он екі сағаттан аспайтын мерзімде тиісті қаулыны қарайды. Егер қосымша материалдарды сұрату қажеттілігі туындаса, мерзім жиырма төрт сағатқа дейін ұзартылуы мүмкін. Сот талқылауы жеке-дара, тараптарды шақырмай және жабық тәртіпте өткізіледі, бұл қаралатын процестік араласудың ерекшеліктеріне сәйкес келеді.

ЖТӘ жүргізу қағидалары мен ЖТӘ-ні санкциялау туралы Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысы осы тәртіптің мазмұнын нақтырақ айқындаған. Аталған құқықтық актілер тек санкциялауға жолданатын материалдарда көрсетілуі тиіс мәліметтердің тізбесін ғана емес, сонымен қатар сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары мен сот арасындағы өзара іс-қимыл нысанын, белгіленген мерзімдерді, санкция беруден бас тарту негіздерін, сондай-ақ құпия материалдарды алып қою мен сақтаудың тәртібін де реттейді.

ЖТӘ-ні санкциялау кезеңі – процесуалдық тепе-теңдік пен заңнамалық айқындықтың үлгісі ретінде танылатын саты. Ол жеке тұлғаға қатысты ЖТӘ жүргізілген жағдайда құқықтық қорғалудың жоғары деңгейін қамтамасыз ете отырып, сонымен қатар жасырын дәлел жинау тәсілдерін қажет ететін қылмыстық қудалау тиімділігін де сақтауға мүмкіндік береді. Практиканың көрсеткеніндей, қазіргі тергеу судьялары ұсынылған материалдарды сараптауға және уәжді шешім қабылдауға қажетті өкілеттіктерге ие. Сондықтан объективтілік, араласудың өлшемділігі және тергеу құпиясын сақтау талаптары сақталады.

Осылайша, санкциялау сатысы ынталандыру кезеңінен өзінің нақты құқықтық негізге сүйенуімен, рәсімнің формальды тәртібімен және тұрақты сот тәжірибесімен ерекшеленеді. ЖТӘ процесінің кезеңдерге бөлінуі аясында дәл санкциялау кезеңі ең құрылымдалған әрі нормативтік жағынан реттелген элемент болып табылады. ҚР ҚПК-де тергеу судьясы тиісті материалдарды қарау

кезінде прокурордың қатысуы туралы тікелей нұсқау болмағанымен, қалыптасқан құқық қолдану тәртібі тұрақты сипатқа ие және процестік жағынан толық аяқталған саты ретінде қарастырылады. Ол жасырын араласудың заңдылығын қамтамасыз етуде орталық рөл атқарады.

3. ЖТӨ жүргізу: терминологиялық нақтылау және дифференциациядағы маңызы. ЖТӨ процесінің кезеңдік құрылымындағы келесі элемент – оларды тікелей жүргізу кезеңі болып табылады. Бұл кезең уәкілетті құқық қорғау немесе арнайы органдардың тиісті жасырын іс-шараларды фактілік тұрғыда орындауымен сипатталады. Алдыңғы бастамашылық ету мен санкциялау кезеңдерінен айырмашылығы – ҚР ҚПК-нің 30-тарауында және өзге де нормативтік актілерде көзделген ЖТӨ-нің іс-шараларын нақты іске асырылуында.

Қарастырып отырған кезеңнің мазмұнын талдауға кіріспес бұрын, құқықтық реттеу логикасын дұрыс түсіну үшін аса маңызды болып табылатын терминологиялық нақтылауға тоқталған жөн. Заңи сөздіктер мен ғылыми әдебиеттерде «процес» пен «жүргізу» ұғымдары ЖТӨ-ге қатысты бірізді және нақты қалыптасқан анықтамалармен қамтамасыз етілмеген. Дегенмен, қолданыстағы нормативтік базаны, құқық қолдану тәжірибесін және ғылыми көзқарастарды сараптай отырып, көрсетілген ұғымдарды олардың процесуалдық функциясы тұрғысынан жіктеп көрсетуге болады.

ЖТӨ процесі ұғымы дәлелдемелерді жасырын түрде алу тетігін құрайтын барлық кезеңдердің жиынтығын білдіреді: бастамашылық жасау (ынталандыру), санкциялау, жүргізу, нәтижелерді ұсыну, оларды зерттеу және пайдалану, сондай-ақ адамға өзіне қатысты жүргізілген ЖТӨ туралы хабарлау. Бұл ұғым кешенді сипатқа ие және бүкіл процесті тұтастай қамтитын интеграциялық мәнге ие.

Ал «жүргізу» ұғымы өз кезегінде – бұған дейін құжат жүзінде ресімделген және қажет болғанда сотпен санкцияланған шешімдерді жүзеге асыру кезеңі болып табылады. Келтірілген ұғым қолданбалы сипатқа ие: жүргізу дайындық не келісу емес, нақты жоспарланған жасырын іс-шараны заң мен құқық қолдану аясында белгіленген жағдайларда орындау.

Осы контексте «жүргізу» сөзінің мәні – процестің формалды деңгейінен нақты атқару сатысына көшуін білдіретін белгілегіш қызмет атқаруында. Жүргізу – әрдайым нақты тергеу нәтижесіне қол жеткізуге бағытталған әрекет: мысалы, аудио-бейне ақпарат жинау, сырттай бақылау және т.б.

Нақты жүргізу барысында техникалық құралдар пайдаланылады, арнайы бөлімшелер тартылады және құпиялылыққа, жеке өмірге араласуға және мәжбүрлеудің шекті деңгейіне қатысты нормативтік шектеулер қолданысқа енеді.

ЖТӨ кезеңдерін дифференциациялау аясында жүргізу – өзіне тән ерекшеліктері, формасы мен мазмұны бар дербес саты ретінде қарастырылуға

тиіс. Ол «процес» ұғымынан мазмұндық жағынан ажыратылуы қажет және бүкіл процестің синонимі ретінде пайдалануға болмайды.

Алайда, ҚР ҚПК баптарында және қосалқы актілерде екі ұғымды қолдануда терминологиялық бірізділік сақталмай отыр: бірде «ЖТӘ процесі», басқа кезде – «ЖТӘ жүргізу» терминдері пайдаланылады, бұл ұғымдардың орынсыз алмастырылуына және процестік құрылымның бұрмалануына әкеледі.

Мұндай терминологиялық шатасу құқық қолдану тәжірибесінің жүйелілігіне теріс әсер тигізеді, ЖТӘ жүргізу рәсімдерінің сақталуын соттық және прокурорлық бақылауды күрделендіреді, сондай-ақ құқықтық анықтық қағидатын әлсіретеді.

Осыған байланысты, «жүргізу» мен «процес» ұғымдарының ара-жігін нақты айқындау, терминологияны одан әрі нақтылау мен бірыңғайландыру және оларды нормативтік деңгейде бекіту – Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу жүйесіндегі ЖТӘ институтын жаңғырту үдерісінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылуы тиіс.

Терминологиялық айқынсыздықты жою және нормативтік нақтылықты арттыру мақсатында ҚР ҚПК келесідей өзгерістер мен толықтырулар енгізу орынды деп санаймыз:

- ҚР ҚПК-нің 30-тарауын «Жасырын тергеу әрекеттерінің процесі» деп қайта атау, бұл ҚПК құрылымының ішкі логикасын дұрыс бейнелеуге мүмкіндік береді, өйткені «процес» термині дәстүрлі түрде жеке кезеңге емес әрекеттердің бүкіл жиынтығына қатысты қолданылады;

- ҚР ҚПК-нің өзге де баптарының редакцияларын өзара сәйкестендіру, әсіресе «жүргізу» және «процес» ұғымдарының қолданылуын процессуалдық контекстке сай нақтылау;

- ЖТӘ кезеңдеріне қатысты негізгі құқықтық ұғымдарға түсіндірмелік ережелер немесе дефинициялар енгізу арқылы ҚР ҚПК-де олардың құқықтық мәнін біріздендіру және құқық қолдану тәсілінің жүйелілігін қамтамасыз ету.

Осылайша, ЖТӘ кезеңдерін дифференциациялау шеңберінде «жүргізу» мен «процес» ұғымдарының ара-жігін ажырату – тек теориялық мәселе ғана емес, сонымен қатар практикалық қажеттілік болып табылады. Сөз болып отырған міндет жүзеге асырылмайынша, тиісті деңгейдегі нормативтік айқындыққа, құқықтық болжамдылыққа және қылмыстық-процестік реттеудің жүйелілігіне қол жеткізу мүмкін емес.

4. ЖТӘ өндірудің дифференциацияланған жүйесіндегі келесі элемент – ЖТӘ жүргізу барысында алынған нәтижелерді ұсыну кезеңі болып табылады. Бұл ЖТӘ кезеңдерінің құрылымындағы өз мәнінде бағаланбай келе жатқан саты. Аталған саты жедел-ізвестіру іс-шараларының логикалық қорытындысы және алынған мәліметтерді қылмыстық-процестік өңдеуге көшіруді білдіреді.

Зерделеніп отырған кезеңде жиналған ақпараттың кейінгі процессуалдық қолданылуы үшін объективті маңыздылығына қарамастан, ҚР ҚПК оны өте қысқа және шектеулі түрде баяндайды – тек бір ғана баппен, яғни 237-баппен

реттеген. 237-баптың 1-бөлігіне сәйкес: «жасырын тергеу әрекетін жүргізу аяқталғаннан кейін, оның барысында алынған, іс үшін маңызы бар барлық материалдар құпиялылықты сақтай отырып, ілеспе хатпен сотқа дейінгі тергеп-тексеру органына беріледі».

Осылайша, заң ЖТӨ нәтижелерін ұсыну міндетін материалдардың тергеліп жатқан қылмыстық іс үшін маңыздылығының болуымен байланыстырады. Дегенмен мұндай тұжырым нормативтік-құқықтық және тұжырымдамалық қайшылықты туындатады: алынған ақпараттың маңыздылығын кім айқындауы тиіс?

Анық нәрсе – алынған мәліметтердің дәлелдік мәнін бағалау және олардың қылмыстық іс үшін өзектілігін анықтау тек сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлғаның құзыретіне жатады, ал ЖТӨ жүргізген жедел бөлім қызметкерлерінің ондай өкілеттіктері жоқ. Бұл ҚР ҚПК-нің 238-бабынан (ЖТӨ нәтижелерін іске қосу туралы) және дәлелдемелерді жинау, тексеру және бағалау мәселелерін реттейтін 16-тараудың мазмұнынан туындайды.

Сондықтан, ҚР ҚПК-нің қолданыстағы 237-бабының редакциясында нормативтік үйлеспеушілік бар, себебі ЖТӨ жүргізген тұлға жиналған деректердің құқықтық бағасын өз бетінше анықтауға процестік өкілеттікке ие емес.

Оған қоса, ЖТӨ бастамалаушы тұлға – әдетте тергеуші немесе тергеушінің өкілеттіктері берілген прокурор, яғни дәлелдемелерді жинау мақсаты мен шектерін қылмыстық қудалаудың логикасына сүйене отырып айқындайтын сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлға болып табылады.

Демек, ЖТӨ барысында алынған кез келген – тіпті бастапқыда елеусіз болып көрінетін – ақпарат нақты қылмыстық іс аясында, әсіресе эпизодтарды қалпына келтіру, сыбайластардың рөлін бағалау немесе өзге де мән-жайларды дәлелдеу жағдайында айрықша мәнге ие болуы мүмкін.

ЖТӨ өндіру кезеңдерін дифференциациялау шеңберінде нәтижелерді ұсыну сатысы дербес және аяқтаушы кезең ретінде қарастырылуы тиіс, ол мынадай құрамдас элементтерді қамтиды:

- Алдын ала маңыздылығы бағаланған-бағаланбағанына қарамастан, тіркелген барлық материалдарды толық көлемде беру;
- Нәтижелерді ұсыну кезінде құпиялылық тәртібін сақтау;
- Ілеспе хат арқылы ресімдеу – олардың белгіленген тәртіппен іске қосылуына алып келеді.

ЖТӨ-нің аяқталуы тек алынған нәтижені тіркеумен және оны техникалық түрде тапсырумен шектелмеуі тиіс. Ол жедел бөлімшенің барлық алынған ақпаратты – тек өз бағалауы бойынша маңызды деп тапқан мәліметтерді ғана емес – толықтай тапсыру міндетін нормативтік түрде айқындауы қажет. Дәлелдемелік маңыздылықты бағалау құқығы тек тергеу органына тиесілі, сондықтан ЖТӨ процесінің кезеңдерін ажырату құзыреттілігі тікелей көрсетуі тиіс.

Бұл кезеңге қатысты қосымша құқықтық реттеу ЖТӨ жүргізу қағидаларының 3-параграфының 15-тармағында белгіленген. Осы нормаға сәйкес, «ЖТӨ аяқталғаннан кейін дереу, бірақ бес тәуліктен кешіктірмей, жүргізу барысында алынған барлық материалдар құпиялық грифі қойылып, мөрленген күйде уәкілетті орган қызметкеріне жолдануы тиіс». Келесі этап – мемлекеттік құпиялар туралы заңнамада белгіленген тәртіппен материалдарды құпиясыздандыру болып табылады. Сосын, іс үшін маңызы бар ЖТӨ нәтижелері сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлғаға тапсырылады.

Көрсетілген норманың ҚР ҚПК-нің 237-бабынан айырмашылығы, іс-әрекеттердің кеңейтілген алгоритмі, мерзімдерге, тапсырыс формасына, құпиялылық режиміне және құпияны ашу процесіне қойылатын талаптар кеңінен қарастырылған. Яғни, басты заңда нәтиже ұсыну кезеңі өте қысқа сипатталған, ал заңнан төменгі актіде керісінше бәрі қамтылған.

Баяндалған бапта ЖТӨ жүргізген бөлімшенің деңгейінде алынған ақпараттың маңыздылығын бағалауға жол беретін түбегейлі проблемалық тұжырым сақталған. Шын мәнінде, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлғаға қандай материалдар жолдануға тиіс екені жөніндегі шешімді процестік әрекеттің бастамашысы емес, оны орындаушы қабылдайды. Қалыптасқан жағдай дәлелдемелерді жинау, іске қосу және бағалау мәселелерін реттейтін ҚР ҚПК-нің 238-бабына және 16-тарауына негізделген қылмыстық сот ісін жүргізудің процестік логикасына қайшы келеді.

Сонымен қатар, мекенжайы, орау тәртібі, құпиялылық грифтері, мерзімдері және ілеспе құжаттаманың нысандарына қатысты кеңейтілген тұжырымдарға ие қосалқы нормативтік акті техникалық және ұйымдастырушылық тұрғыдан маңызды мәнге ие болғанымен, толыққанды қылмыстық-процестік регламентацияның орнын алмастыра алмайды. Дәлелдемелердің заңдық күші, шынайылығы және жарамдылығы сияқты мәселелер тек заң деңгейінде реттелуге тиіс, әсіресе егер сөз жасырын араласу нәтижесінде алынған аса сезімтал материалдар туралы болып отырса.

Сондай-ақ, ҚР ҚПК-да келесідей аса маңызды элементтер өз көрінісін таппаған:

- ЖТӨ нәтижелерін сақтау тізбегінің үздіксіздігін қамтамасыз ету тәртібі;
- Ақпарат тасымалдаушылардың сақталуын және тұтастығын материалдарды іске қосуға дейінгі кезеңде кепілдендіру шаралары;
- Дәлелдемелердің түпнұсқалығын растау және олардың шыққан көзін дәлелдеу рәсімі.

Көрсетілген аспектілер дәлелдемелердің даусыздығын қамтамасыз ету және олардың бұрмалануы не қолдан жасалуы мүмкіндігіне қатысты кез келген күмәнді жою үшін негізгі мәнге ие. Әсіресе материалдар бірнеше ведомстволар арқылы өтіп, құпияландыру және құпиясыздандыру сатыларынан өтетін жағдайларда аса өзекті.

ЖТӨ процесінің кезеңдерін дифференциациялау тұжырымдамасы шеңберінде нәтижелерді ұсыну кезеңі тек техникалық рәсім емес, нақты құқықтық салмағы бар толыққанды саты ретінде қарастырылуы тиіс. Бұл кезең тек материалдар сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлғаға тапсырылып, олар тиісті процесік тәртіпте тіркелген сәтте ғана аяқталған болып саналады. Осы сәтке дейін алынған деректердің құқықтық мәртебесі анықталмаған күйде қалып отыр, ал оларды дәлелдеме ретінде пайдалану мүмкіндігі – құқықтық күмән тудырады.

Осылайша, заң шығарушы көрсетілген қайшылықтарды жоюға және бағалау функцияларының қайталануын болдырмай, дәлелдемелерді сақтау мәселелерін сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның өкілеттіктеріне толық беру қажет. ЖТӨ нәтижелерінің маңыздылығы мен жол берілуі туралы түпкілікті шешім қабылдау бөлігінде тергеушіге бекіте отырып, осы кезеңді құқықтық реттеуді қылмыстық іс жүргізу заңының деңгейіне дейін көтеруі тиіс.

ЖТӨ нәтижелерін ұсыну кезеңінің мазмұнына қатысты қосымша реттеу ЖТӨ жүргізу қағидаларының 16 және 17-тармақтарында көрініс тапқан. 16-тармаққа сәйкес, ЖТӨ аяқталғаны туралы уәкілетті прокурорға міндетті түрде, әрекет аяқталған сәттен бастап екі тәуліктен кешіктірмей хабар берілуі тиіс.

17-тармақта жазбаша хабарламаның мазмұны нақты белгіленген:

- Хабарлама жасалған күні, орны және уақыты;
- ЖТӨ жүргізілген қылмыстық істің нөмірі;
- Қандай ЖТӨ және қандай мерзімде жүргізілгені;
- ЖТӨ жүргізу туралы нұсқаманы орындаған бөлімше;
- Тергеліп жатқан іс бойынша маңызы бар фактілік мәліметтердің

алынған-алынбағаны, олардың қысқаша сипаттамасы және ЖТӨ нәтижелерінің берілген-берілмегені.

Хабарлама екі данада жасалады, оның бірі мекенжай көрсетіліп, «Жеке өзіне» деген белгісі және құпиялылық грифі бар мөрленген конвертке салынып, құжат айналымы бөлімі арқылы уәкілетті прокурорға жолданады.

Бұл норма ЖТӨ жүргізу қағидаларында нақты көзделгеніне қарамастан, ҚР ҚПК деңгейінде тиісті түрде және мазмұн жағынан нақты бейнеленбеген. Мәселен, ЖТӨ-ні санкциялау тәртібін ғана регламенттейтін ҚПК-нің 34-бабының 5-бөлігінде ЖТӨ нәтижелері туралы прокурорға хабар берілетіні жазылған. Алайда, 234-бап тек санкциялауды талап ететін әрекеттерге қолданылады, ал жүйелі түсіндіру логикасы осы норманың қолданылу аясын шектейтінін көрсетеді. Өз кезегінде, хабарлама беру талаптарының әмбебап сипаты жөнінде қате түсінік туындатуы мүмкін.

Көрсетілгендерге сәйкес, келесідей заңнамалық өзгерістер енгізу орынды және негізделген болып табылады:

– ҚР ҚПК-нің 234-бабының 5-бөлігін 237-бапқа көшіру арқылы ЖТӨ нәтижелерін ұсыну кезеңінің логикалық қорытындысы ретінде прокурорға хабарлау туралы норманы сол баптың мазмұнына енгізу;

– Заңда ЖТӨ жүргізу қағидаларының 16–17-тармақтарында көзделген хабарламаның мазмұнына, мерзіміне және нысанына қойылатын талаптарды бекіту;

– ҚПК-нің 237-бабын прокурордың процестік мәртебесін, сондай-ақ оның алынған ЖТӨ нәтижелерінің шынайылығын, толықтығын, сақталуын және уақтылы берілуін тексеру құқығын реттейтін нормалармен толықтырып, ҚПК-нің 193-бабы мен Прокуратура туралы заңның тиісті ережелерімен үйлесімділікті сақтау.

Ұсынылып отырған өзгерістер ЖТӨ нәтижелерін тапсыру сатысына дифференциация жүйесіндегі дербес құқықтық мән беруге, нормативтік үйлесімсіздіктерді жоюға және жеке өмір саласына жасырын араласу жағдайында заңдылықтың процестік кепілдіктерін нығайтуға мүмкіндік береді.

5. ЖТӨ процесін кезеңдерге бөлу жүйесінде келесі саты – алынған ақпаратты зерттеу және ЖТӨ нәтижелерін қылмыстық іс бойынша дәлелдеме ретінде пайдалану. Бұл кезең тапсырылған материалдарды талдаудың логикалық жалғасы ретінде қызмет атқарады және оларды жедел сипаттағы мәліметтерден дәлелдемелік базаның толыққанды элементтеріне түрлендіруде шешуші рөлге ие. Аталған саты ЖТӨ жөнінде тұлғаларды хабардар ету және бүкіл жасырын процесуалдық араласу циклін аяқтау алдындағы соңғы кезеңдердің бірі.

Қарастырылып отырған регламентациясы ҚР ҚПК-нің 238 және 239-баптарында көзделген. Онда ЖТӨ нәтижелерін зерттеу, бағалау және процестік тұрғыда пайдалану тәртібі егжей-тегжейлі сипатталған. Бұл қылмыстық-процестік құрылымға мұндай мәліметтерді енгізуде жүйелі тәсілдің қолданылғанын көрсетеді.

Атап айтқанда, ақпаратты зерттеуді ҚР ҚПК-нің 47 және 124-баптарының ережелерін міндетті түрде сақтаған кезде сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы жүзеге асырады, сөйтіп жүргізілетін іс-қимылдардың заңдылығын қамтамасыз етеді. Қажет болған жағдайда зерттеуге мамандар мен анықтау органының қызметкерлері тартылады. Ол, әсіресе, аудиовизуалдық жазбалар, фотоматериалдар және ғылыми-техникалық құралдар арқылы алынған басқа да мәліметтерді талдау кезінде техникалық шынайылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. ҚР ҚПК-нің 47 және 199-баптарына сәйкес зерттеу нәтижелері бойынша хаттама жасалады, онда зерттелген материалдар мен тергеу мақсаттары үшін өзекті деп танылған фактілік деректер ресми түрде тіркеледі. Сөйтіп олардың құқықтық түрде бекітілуі және процестік жарамдылығы қамтамасыз етіледі.

Келесі маңызды аспект – алынған мәліметтерді дәлелдеме ретінде бағалау және пайдалану. ҚР ҚПК-нің 239-бабына сәйкес, бағалау ҚР ҚПК-нің 25 және 125-баптарында белгіленген қағидалар – шынайылық, жарамдылық, қатыстылық

және жеткіліктілік негізінде жүзеге асырылады. Зерттеу хаттамалары, аудио және бейнежазбалар, фотосуреттер мен өзге де техникалық құралдар арқылы тіркелген ақпарат тергеу әрекеттері барысында алынған өзге дәлелдемелермен бір деңгейде қарастырылады.

Егер жасырын түрде тіркелген әрекеттер немесе адамның айтқан сөздері дәлелдеме ретінде пайдаланылатын болса, міндетті шарт ретінде оны жауапқа тарту көзделеді. Ол, жауап алу барысында адамға өзіне қатысты ЖТӘ жүргізілгені туралы хабар берілуі тиіс, алайда хабарлау мемлекеттік құпиялар мен заңмен қорғалатын мәліметтерге нұқсан келтірмейтін шектеулі көлемде жүзеге асырылады. Мұндай талап тергеу мүдделері мен жеке тұлғаның құқықтарын сақтау арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етеді және алынған ақпараттың шынайылығы мен заңдылығын арттырады.

Осылайша, ЖТӘ нәтижелерін дәлелдемелер жүйесіне енгізу тек олар тиісті түрде құжаттық ресімделіп, зерттеліп және қылмыстық іске процесстік тәртіппен тіркелген жағдайда ғана мүмкін болады. Бұл кезең азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға және жеке өмірге ерікті араласуға жол бермеуге бағытталған процесстік кепілдіктерді қатаң сақтауды талап етеді.

ҚР ҚПК-де белгіленген нормаларды дәйекті түрде орындау арқылы іске асырылатын кешенді тәсіл – ЖТӘ нәтижелерін пайдалану заңдылығы мен негізділігін қамтамасыз етудің әрі уақтылы бақылаудың да тиімді құралына айналады. Осындай құқықтық реттеу тетігінің жетілдірілуі тек заңдылық пен процесстік әділеттілікті қамтамасыз етумен шектелмей, сонымен қатар Қазақстан Республикасындағы қылмыстық әділет жүйесін жаңғырту ЖТӘ саласында тиімді құқықтық тетіктің қалыптасуына ықпал етеді.

Жалпы алғанда, ЖТӘ нәтижелерін зерттеу және пайдалану кезеңі ҚР ҚПК-нің 15 және 16-бөлімдерінің нормаларымен қамтылған. Бұл бөлімдерде ЖТӘ нәтижелерін бағалау, ресімдеу және іске тіркеу рәсімдері егжей-тегжейлі реттелген. Аталған нормалар ғылыми ортада кеңінен қарастырылып, қазіргі таңда осы кезеңге арналған ауқымды зерттеу материалдары заң әдебиетінде жинақталған.

ҚР Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының арнайы заң пәндері кафедрасының доценті, PhD докторы, қауымдастырылған профессор Р.А. Медиев, оқытушылар Е.К. Саниязова мен А.А. Қызылқожаевтың «Производство негласных следственных действий: сравнительный анализ законодательства Республики Казахстан и Республики Эстонии» атты ғылыми мақаласында [29], сондай-ақ Ресей Федерациясы ІІМ Волгодон заң институтының Ростов филиалының жалпы құқықтық пәндер кафедрасының доценті Е.В. Колбасина, Л.В. Кокорева және А.С. Мелникова авторлығымен дайындалған «Негласные следственные действия в УПК Республики Казахстан: элемент уголовного судопроизводства или оперативно-розыскной деятельности?» [30] атты еңбектерінде: «бұл кезеңнің нормативтік және теориялық базасы едәуір қалыптасқан» деп көрсетілген.

Авторлардың пайымдауынша, «қолданыстағы рәсім көбінесе сипаттамалық тұрғыда баяндалады, реформалауға қатысты сыни ескертулер мен ұсыныстар кездеспейді». Зерттеушілер ЖТӘ нәтижелерін зерттеу және пайдалану тәртібін қазіргі қылмыстық-процестік заңнаманың даму кезеңінде жеткілікті және орныққан құқықтық механизм ретінде мойындайтынын көрсетеді.

Осыған орай, қарастырып отырған кезеңді теориялық тұрғыдан толық қалыптасқан әрі қолданыстағы қылмыстық-процестік заңнаманың аясында нормативтік жағынан жүйеленген деп айтуға болады. Оның құқықтық табиғаты, процестік шектері және практикалық іске асырылуы нормативтік көздерде де, ғылыми әдебиетте де жан-жақты сипатталған, бұл өз кезегінде оны құқық қорғау қызметінде сенімді әрі болжамды құқықтық құрал ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.

6. ЖТӘ процесінің дифференциация құрылымындағы қорытынды кезең — адамды ЖТӘ хаттамаларына тіркелмеген материалдармен таныстыру және өзіне қатысты жүргізілген жасырын әрекеттер туралы хабардар ету. Бұған дейінгі кезеңдер (ынталандыру, санкциялау, жүргізу, нәтижелерді ұсыну мен пайдалану) өзара логикалық байланыстағы, тұйықталған процестік циклді құраған. Ал қарастырылып отырған этап – процестік тұрғыдан дербес сипатқа ие және тек ЖТӘ жиынтығы толығымен аяқталғаннан кейін соң басталады.

Кезеңнің мазмұны — жариялылық және процестік әділеттілік қағидаттарын жүзеге асыру, яғни тұлғаға бұрын жасырын түрде жүзеге асырылған мемлекеттік араласу фактісі туралы ақпарат беру. Оның мәні адамға бұрын құпия нысанда жүзеге асырылған оның құқықтары мен бостандықтарына мемлекеттік араласу туралы ақпарат беру арқылы жариялылық пен іс жүргізу әділдігі қағидатын іске асыру.

Қарастырылып отырған кезең ҚР ҚПК-нің 240-бабында регламенттелген, ал ондағы олқылықтар ішінара ЖТӘ жүргізу қағидаларының 20-тармағы мен ЖТӘ-ні санкциялау туралы Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысымен толықтырылады. Сонымен қатар, кіші бөлімшенің мақсаты нормативтік кемшіліктерді сыни тұрғыдан талдау емес, ЖТӘ процесін кезеңдерге жүйелеу және құрылымдау болып табылатындықтан, талдау тек сатылардың реттілігі мен құқықтық табиғатын айқындаумен шектеледі.

Сонымен бірге, заң мәтінінде көрсетілген міндетті нақты қай бөлімше орындайтыны көрсетілмеген. Көрсетілген олқылық ЖТӘ жүргізу қағидаларының 20-тармағымен толықтырылған, онда хабарламаны тергеу бөлімшесінің бастығы жүзеге асыратыны белгіленген. Мұндай шешім қисынды және заңнамалық тұрғыдан орынды деп есептеуге болады.

Оған қоса, хабарлау үшін белгіленген алты айлық мерзімнің нақты қашан басталатыны да заңда нақты көрсетілмеген. Заң шығарушы «қылмыстық іс бойынша қорытынды шешім» терминін қолданады, алайда оның нақты мазмұнын ашпаған. ҚР ҚПК-нің 7-бабының 14-тармағының 19) тармақшасына

сәйкес, қорытынды шешім деп – «қылмыстық процесті жүргізетін органның іс бойынша іс жүргізудің басталуын немесе жалғастырылуын болғызбайтын, сондай-ақ істі мәні бойынша түпкілікті түрде болмаса да шешетін кез келген шешімі».

Айта кету керек, осы кезеңге арналған ғылыми жарияланымдар көбінесе заңнама ережелерін қайталаумен шектеледі және сипаттамалық деңгейден аспайды. Бұл зерттеушілердің көпшілігі ЖТӘ-ні санкциялау немесе жүргізу саласында нақты практикалық тәжірибеге ие болмауымен түсіндіріледі. Ол өз кезегінде олардың талдауының қолданбалы тереңдігін айтарлықтай шектейді. Сондықтан кіші бөлімше шеңберінде тәжірибелік жаңалығы жоқ ғылыми пікірлерді егжей-тегжейлі қарастыру орынсыз деп есептейміз.

Профессор М.С. Қоғамовтың пікірінше: «қорытынды шешімдер қатарына қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы, үкіммен апелляциялық, кассациялық және қадағалау сатысындағы соттардың қаулылары жатады. Бұдан бөлек, мәні бойынша істі шешетін актілер ретінде айыптау актісі, істі сотқа беру туралы қаулы, басты сот талқылауын тағайындау туралы қаулы және өзге де шешімдер қарастырылған» [31]. Осылайша, адамды хабардар ету процесінің басталуына негіз болатын нақты құқықтық нүкте көрсетілмегендіктен, мерзімдердің бұзылуы мен құқықтық айқынсыздық тәуекелдерін тудырады.

Аталған мәселелер, сондай-ақ басқа да олқылықтар Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының бастамасы бойынша ЖТӘ санкциялау туралы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысына енгізілген түсіндірмелер құрамына қосылған.

Нақты айтқанда, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысының 24-тармағына сәйкес, қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі сатыда шығарылатын жалғыз қорытынды шешім — сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тоқтату туралы қаулы.

Ал сот үкімі шығарылған жағдайда, хабарлау үшін белгіленген алты айлық мерзім үкімнің заңды күшіне енген сәтінен бастап есептеледі.

Соған қарамастан, түсіндірмелер берілгеннен кейін де олар ҚР ҚПК-нің мәтініне енгізілген жоқ, бұл құқықтық айқындық пен құқық қолдану практикасының бірізділігіне қатысты проблемалардың әлі де сақталып отырғанын көрсетеді.

Жасырын тергеу әрекеттерін өндіру кезеңдерін дифференциациялау бөлімі бойынша қорытынды. Жүргізілген зерттеу ЖТӘ процесінің ішкі құрылымын кешенді әрі жүйелі түрде ашып көрсетуге мүмкіндік берді. Ғылыми және практикалық тұрғыда алғаш рет жасырын түрде жеке өмірге араласу жағдайында алынған жедел ақпаратты жинау, талдау, құқықтық бағалау және дәлелдеме ретінде жарамдылығын қамтамасыз ететін тетіктің құрамына кіретін алты өзара байланысты және қисынды жалғасатын кезеңге теориялық негіздеме берілді.

Осы бөлім шеңберінде ЖТӘ процесінің келесідей негізгі кезеңдері айқындалды:

- ЖТӨ-ға бастамашылық жасау (ынталандыру) – бастапқы құқықтық негізді қалыптастыру, ЖТӨ жүргізу туралы тапсырма мен қаулыны ресімдеу;
- ЖТӨ-ні санкциялау – тергеу судьясынан ЖТӨ-ға рұқсат алу арқылы адамның конституциялық құқықтарына араласудың заңдылығын қамтамасыз ету;
- ЖТӨ-ні жүргізу – «жүргізу» мен «процес» ұғымдарының айырмашылығын ескере отырып, жедел іс-шараларды тікелей орындау;
- ЖТӨ нәтижелерін ұсыну – алынған материалдарды сотқа дейінгі тергеп-тексеру органына және прокурорға беру;
- Мәліметтерді зерттеу және дәлелдеме ретінде пайдалану – алынған ақпаратты бағалау, процесуалдық рәсімдер арқылы іске қосу;
- Адамды таныстыру және хабардар ету – өзіне қатысты ЖТӨ жүргізілгені туралы адамға ақпарат беру және хаттамаға енгізілмеген материалдармен танысу құқығын қамтамасыз ету.

Әрбір кезең ҚР ҚПК-мен оған негізделген қосалқы нормативтік актілер тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар ЖТӨ-ні санкциялау мәселелерін қарау, прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру және республика көлемінде ЖТӨ-ні аналитикалық талдау тәжірибесіне негізделген бірегей практикалық көзқарас тұрғысынан жан-жақты талданды. Мұндай тәсіл әрбір процестік буынның ерекшеліктерін және нақты жұмыс істеу механизмдерін декларативтік баяндаудан тыс деңгейде ашып көрсетті.

Зерттеуде терминологиялық нақтылыққа, кезеңдердің ішкі логикасына, субъектілер өкілеттіктерін ажыратуға және тергеу тиімділігі мен адам құқықтарының арасындағы тепе-теңдікті сақтау мәселелеріне ерекше назар аударылды. Дифференциация қағидаттарына негізделген ЖТӨ кезеңдерінің ұсынылған моделі тәжірибені біріздендірудің, нормативтік жетілдірудің және ЖТӨ мен оларға прокурорлық қадағалауды құқықтық пәндер шеңберінде оқытудың іргетасы бола алады.

Атап өтетін жәйт, ЖТӨ процесінің кезеңдерін нақты ажырату, олардың құқықтық табиғатын және рәсімдік логикасын дұрыс түсіну ғана осы салада тұрақты және сенімді құқықтық реттеу тетіктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Терминологиялық нақтылық – әсіресе, «ЖТӨ-ні жүргізу» мен «ЖТӨ процесі» ұғымдарын ажырату – тек теориялық мәселе емес, қолданбалы тәжірибелік мәнге ие. Ұғымдарды ажырата алмау құқық қолдану практикасына шатасушылық енгізеді, прокурорлық қадағалау мен нормашығармашылық қызметтің тиімділігін төмендетеді, құқықтық анықтықты әлсіретеді.

Дифференциацияланған тәсіл тек ішкі процестік тәртіптілікті қамтамасыз етіп қоймай, сонымен қатар азаматтардың конституциялық құқықтарын, ең алдымен, жеке өмірге қол сұғылмаушылық құқығын уақтылы және тиісті деңгейде қорғаудың негізін қалайды. Өз кезегінде ол, алдын алу сипатындағы прокурорлық қадағалауға, нақты заңнамалық түзетулер енгізуге және жеке өмір саласына негізсіз немесе шамадан тыс араласу қаупін азайтады.

Осы тарауды қорытындылай келе, келесі жәйтті ерекше атап өткен жөн: ЖТӨ процесі кезеңдерін нақты әрі әдістемелік тұрғыдан дәл дифференциациялау тек әрбір процестік элементтің ерекшелігін түсінуге мүмкіндік беріп қоймай, сонымен қатар құқықтық, ұйымдастырушылық және қадағалау тетіктерін тиімді түрде құруға негіз қалайды. Кезеңдерді өзара қисынды түрде аяқталатын бөлімдерге дәйекті бөлу жүзеге асырылмаған жағдайда, әрбір субъектінің өкілеттіктер көлемін дәл айқындау, санкциялау мен қадағалау тәжірибесінде бірізділікке қол жеткізу, сондай-ақ заң бұзушылықтарға уақтылы әрекет ету мүмкін болмайды.

Осыған байланысты ұсынылып отырған ЖТӨ кезеңдерін дифференциациялау тұжырымдамасы тек ғылыми-қолданбалы үлес ретінде ғана емес, сонымен қатар ЖТӨ институтын құқық қолдану практикасында орнықты әрі заңға сәйкес іске асырудың іргелі негізі ретінде қарастырылуға тиіс. Көрсетілген тәсіл, әсіресе, жеке өмірге қол сұғылмаушылық құқығын қорғау тұрғысынан маңызды. Өз кезегінде, бұл алдын алу сипатындағы прокурорлық қадағалауды, нысаналы заңнамалық түзетулер енгізу, адамның өміріне ерікті немесе шамадан тыс араласу тәуекелдерін азайтуды қамтамасыз етеді.

2. Қазақстан Республикасында жасырын тергеу әрекеттерін жүргізудің проблемалық аспектілері мен оларды шешу жолдары

2.1 Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде адамдардың конституциялық құқықтарының бұзылуының алдын алуға бағытталған шаралар

Белсенді алдын ала прокурорлық қадағалауға мүмкіндіктің болмауы. Қарастырылып отырған мәселенің өзектілігі келесіде: қазіргі таңда Қазақстан Республикасының қылмыстық процесінде ЖТӘ бастапқы кезеңдерінде азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілмеген. Бұл, ең алдымен, ЖТӘ-ні санкциялау сатысынан прокурорды алшақтатумен байланысты, алайда Конституцияға сәйкес ол мемлекет атынан сотта мүддені білдіруге және заңдылықтың сақталуына жоғарғы қадағалауды жүзеге асыруға міндетті.

ҚР ҚПК-да ЖТӘ процесінің тәртібі тиісті деңгейде регламенттелмегені азаматтардың жеке өміріне қол сұғылмаушылық, жеке және отбасылық құпияны қорғауға бағытталған құқықтық тетіктердің тиімділігін едәуір төмендетеді. Аталған кепілдіктер Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында бекітілген адам құқықтарының жоғары құндылығы қағидатына және 18-бапта көзделген жеке өмірдің құпиялығына тікелей қатысты.

ЖТӘ жүргізу туралы өтінішхаттарды қарау сатысында прокурордың қатыспауы Конституцияның 83-бабының талаптарына қайшы келеді, себебі онда: «прокуратура заңдылықтың сақталуына мемлекет атынан жоғарғы қадағалауды жүзеге асырады және сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді» деп тікелей көрсетілген.

Заңнамаға жүргізілген талдау азаматтық іс жүргізу (ҚР АІЖК 754-бабы), әкімшілік рәсімдік-процестік (ҚР ӘРПК-нің 31-бабы) және әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамада (ҚР ӘҚБтК-нің 759-бабы) прокурордың қатысуы адамның және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделеріне әсер ететін істер бойынша міндетті болып белгіленгенін көрсетеді. Алайда қылмыстық процесте, атап айтқанда ЖТӘ-ні санкциялау кезінде, прокурордың қатысуы заң шығарушы тарапынан көзделмеген, бұл өз кезегінде адам құқықтарын қорғауда елеулі құқықтық олқылықты қалыптастырады.

Көрсетілген олқылықты жоюдың маңыздылығына Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты (бұдан әрі – Конституциялық Сот) 2024 жылғы 29 мамырдағы № 45-НҚ нормативтік қаулысында назар аударған. Конституциялық Сот прокурордың сотта мемлекет мүддесін білдіру жөніндегі ерекше өкілеттігі қылмыстық процестің барлық сатыларына, оның ішінде азаматтардың конституциялық құқықтарына тікелей әсер ететін қылмыстық процестік мәжбүрлеу шарасы ретінде ЖТӘ-ні санкциялау сатысына да таралатынын түсіндірді. Конституциялық Сот, атап айтқанда, құқықты шектеуге

бағытталған шараларды санкциялау мәселелерін қарау кезінде прокурор белсенді қатысушы болуы тиіс екенін ерекше атап өтті [32].

Одан бөлек, конституциялық іс жүргізу материалдарында ЖТӘ-ні санкциялау сатысында прокурорлық қадағалаудың болмауы сот бақылауының сапасын төмендететіні, азаматтарды қорғаудың құқықтық кепілдіктерін әлсірететіні және құқық үстемдігі қағидатына қайшы келетіні атап өтілген.

Жоғарыдағы сәйкессіздікті жою мақсатында қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Парламентіне ҚР ҚПК-ге өзгерістер енгізу жөніндегі түзетулер жолданған. Ұсынылған түзетулер Конституциялық Соттың құқықтық ұстанымдарын іске асыруға бағытталған.

Жобаланған өзгерістер төмендегі негізгі ережелерді қамтиды:

- ЖТӘ-ні, тінту, алу және өзге де әрекеттерді санкциялау туралы барлық өтініштерді прокурор арқылы жолдау міндетін енгізу;
- Өтінішхатты тергеу судьясына жолдамас бұрын прокурорға оның заңдылығы мен дәлелділігін алдын ала бағалау жөніндегі міндетті жүктеу;
- ЖТӘ-ні санкциялау мәселесін сотта қарау кезінде прокурордың қатысуын қамтамасыз ету;
- ЖТӘ жүргізу мерзімін ұзарту және адамды жүргізілген іс-шаралар туралы хабардар ету сияқты кейінгі процесуалдық сатылардың барлығын прокурормен келісу тәртібін көздеу;
- Азаматтардың құқықтарына әсер ететін сотқа дейінгі процестерге прокурордың қатысуын бекіту мақсатында ҚР ҚПК-нің 58, 193 және 234-баптарына өзгерістер енгізу.

Бұның ҚР ҚПК-нің қолданыстағы редакциясынан айырмашылығы, онда прокурор ЖТӘ жүргізілгеннен кейін қырық сегіз сағат өткен соң ғана ол жөнінде хабардар болады (ЖТӘ жүргізу қағидаларының 25-тармағы). Жаңа модельге сәйкес, прокурордың қатысуы материалдар тергеу судьясына жолданғанға дейін қамтамасыз етіледі. Бұл азаматтардың жеке өміріне заңсыз араласу фактілерін дер кезінде анықтауға және мұндай бұзушылықтардың алдын алуға мүмкіндік береді.

Аталған түзетулердің қабылдануы Конституциялық Сотта атап өткен. Көрсетілген шаралар прокуратураның конституциялық мақсаты мен қылмыстық сот ісін жүргізу практикасы арасындағы сәйкессіздікті жоюға, ұлттық заңнаманы адам құқықтарын қорғаудың халықаралық стандарттарымен үйлестіруге және прокурорлық қадағалау сапасын арттыруға ықпал етеді.

Осыған байланысты жеке өмірді және адамның жеке кеңістігінің дербестігін қорғау кепілдіктері тек Конституцияда ғана емес, сондай-ақ мемлекет ратификациялаған халықаралық шарттарда да бекітілгенін атап өткен жөн.

Атап айтқанда, 1966 жылғы 16 желтоқсанда қабылданған Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 17-бабына сәйкес, әрбір адам өзінің жеке және отбасылық өміріне ерікті немесе заңсыз араласудан, тұрғын

үйінің қол сұғылмаушылығына, хат алмасуының құпиясына қол сұғудан, абыройы мен қадір-қасиетіне қарсы әрекеттерден қорғалуға құқылы. Пактке қатысушы мемлекеттер мұндай араласудан немесе қол сұғушылықтан заңды түрде және тиімді қорғалуды қамтамасыз етуге міндетті.

Аталып кеткен халықаралық стандарттар ҚР ҚПК-нің 8-бабында көзделген қылмыстық процестің мақсаттарымен тікелей ұштасады. Бапта адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын негізсіз шектеуден қорғау қылмыстық процестің басты міндеттерінің бірі ретінде белгіленген. ЖТӘ-ні прокурорлық қадағалаусыз және тиісті процестік бақылаусыз жүргізу барысындағы тепе-теңдіктің болмауы адам құқықтарының өрескел бұзылуына алып келуі мүмкін, ол өз кезегінде мемлекеттің халықаралық міндеттемелерімен үйлеспейді.

Прокурор өзіне заңнамамен жүктелген міндеттемелерге байланысты сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басынан бастап-материалды Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізіліміне (бұдан әрі-СДТБТ) тіркеу сатысынан бастап қылмыстық процес заңдылығын қадағалауды, жауап алу, қарап-тексеру және өзге де тергеу әрекеттері бойынша хаттамаларды ресімдеуге дейін жүзеге асырады [33].

Осы бастапқы кезеңде-ақ прокурор істің нақты мән-жайлары, оның басталу заңдылығы, ЖТӘ жүргізуге жол берілетіндігі, сондай-ақ іс-шараларды өткізу қажеттілігі мен дәлелділігі туралы барлық ақпаратқа ие болады. Сәйкесінше, прокурор қалыптасқан жағдайдың толық көрінісіне ие бола отырып, ЖТӘ-ні бастамалаудың заңдылығына объективті баға бере алады.

Ал тергеу судьясы, керісінше, ЖТӘ-ні санкциялау мәселесін қарау кезінде тек тергеу органымен ұсынылған материалдармен ғана шектеледі және, әдетте, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау заңдылығына немесе бастапқы кезеңдегі процестік талаптардың сақталуына жан-жақты баға беруге мүмкіндігі болмайды. Сонымен бірге, судья толыққанды сот отырысын өткізбей, өтінішті жабық режимде, тараптардың қатысуынсыз қарайды. Бұл өз кезегінде жеке тұлғаның конституциялық құқықтарын қорғаудың кепілдік деңгейін объективті түрде төмендетеді.

Осыған байланысты ЖТӘ-ні санкциялау туралы өтінішхаттарды қарау процесіне прокурордың қатысуы тек Конституцияның 83-бабында белгіленген заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалау функциясына ғана сәйкес келіп қоймай, сонымен қатар адам құқықтарын ерікті не дәлелсіз шектеуге жол бермейтін маңызды қосымша процестік кепілдік болып табылады.

Грузия мен Украина сияқты шет елдердің оң тәжірибесі де ЖТӘ-ні санкциялау сатысында прокурордың міндетті түрде қатысуының тиімділігін растайды. Аталған елдерде прокурор тек санкциялауға ғана емес, сонымен қатар ЖТӘ заңдылығын қамтамасыз етуге белсенді түрде қатысады және қылмыстық сот төрелігіне деген сенімді арттыруға ықпал етеді.

Осылайша, ЖТӨ процесі барысында адамдардың конституциялық құқықтарының бұзылуының алдын алудың негізгі шараларының бірі азаматтардың құқықтарын қозғайтын барлық кезеңдерде прокурордың толыққанды қатысуын қалпына келтіру болып табылады. Мұндай модельді енгізу сот бақылауының, сотқа дейінгі тергеу органдарын қадағалаудың және құқықтық мемлекет қағидаттарын сақтаудың тиімділігін едәуір арттыруға мүмкіндік береді.

ЖТӨ жүргізу туралы тапсырманың құқықтық мәртебесінің айқындалмауы және адамның конституциялық құқықтарын қорғауға әсері мәселесі. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасындағы негізгі құрылымдық олқылықтардың бірі – сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлғаның ЖТӨ жүргізу туралы тапсырмасы ҚР ҚПК-де дербес процестік құжат ретінде заңнамалық түрде бекітілмегендігі.

Қазіргі уақытта ҚР ҚПК-нің 232-бабының 2-бөлігіне және ЖТӨ жүргізу қағидаларының 3-тармағына сәйкес, тапсырма – азаматтардың жеке өміріне жасырын араласуға құқық беретін жалғыз ресми болып табылады. Осы құжаттың негізінде құқық қорғау және арнаулы органдардың уәкілетті бөлімшелері тиісті әрекеттерді жүзеге асыруға кіріседі. Мұндағы жалғыз ерекшелік – пошта жөнелтілімдерін жасырын бақылау, тапсырмасыз тікелей тергеушінің өзімен санкциялауға жолданады.

Осындай маңызды рөлге ие бола тұра, тапсырма ҚР ҚПК-нің 198 және 199-баптарында көзделген процестік актілер қатарына енгізілмеген. Оның нақты құқықтық мәртебесінің, мазмұны мен нысанына қойылатын талаптардың, міндетті реквизиттердің белгіленбеуі азаматтардың жеке және отбасылық өміріне еркін араласу тәуекелін тудыратын елеулі қауіп қалыптастырады.

Ерекше назар аударатын жәйт – ҚР ҚПК-нің 193-бабының 1-бөлігі 10-тармағына сәйкес, прокурор тергеуші, анықтаушы, анықтау органы және төмен тұрған прокурор шығарған заңсыз қаулыларды жоюға өкілетті. Алайда, ЖТӨ жүргізу туралы тапсырма тізімде көрсетілмеген. Бұл дегеніміз, егер прокурор ЖТӨ-ні ынталандыру сатысында азаматтардың құқықтарының бұзылғанын анықтаса да, ол басқа процестік актілерге қолданылатын тәртіпте тапсырманы дереу жоюға немесе тоқтатуға құқылы емес.

Сәйкесінше, заң бұзушылық анықталған жағдайдың өзінде, прокурор тек ЖТӨ жүргізу туралы кейінгі қаулы шығарылғаннан кейін ғана әрекет ете алады. Қалыптасқан жағдай прокурорлық қадағалау тетігін едәуір әлсіретеді және оны дер кезінде іске қосуға кедергі.

Құқықтық кемшілікті түзеу мақсатында, ЖТӨ-ні санкциялау туралы Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысы деңгейінде бірқатар шаралар қабылданған. Атап айтқанда, дәл осы акт шеңберінде алғаш рет тапсырманың мазмұнына қойылатын ең төменгі талаптар айқындалды. Алайда жеке өз алдына түбірлі мәселені шешпейді. Көрсетілген нормативтік қаулы, тапсырмаға

қатысты процестік мәртебені және оның құқықтық күшін ҚПК мәтіні деңгейінде тікелей бекіту қажеттілігін жоймайды.

Тапсырманың нақты процестік мәртебесінің болмауы келесі салдарға алып келеді:

- СДТБТ-ның бастапқы кезеңінде азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау деңгейін төмендетеді;
- Прокурорлық қадағалаудың мүмкіндіктерін шектейді;
- Тиісті құқықтық негіздерсіз ЖТӘ ынталандыру ықтималдығын арттырады;
- Орындаушылар үшін құқықтық айқындықтың болмауына әкеп соғады, өйткені олар заңның орнына қосалқы нормативтік актілерге сүйенуге мәжбүр;
- Прокуратура тарапынан толыққанды бақылау жасалмаған ЖТӘ (тапсырмалар) бойынша келіп түсетін өтініштерді тексеру қажет болғандықтан, тергеу судьяларының жүктемесін ұлғайтады.

Тәжірибеде бұл мәселе, әсіресе жас қызметкерлер үшін осалдық тудырады. Заңнамалық базаның жоқтығынан олар кейде тапсырманың үлгісін қайдан алу керектігін немесе оған қандай талаптар қойылатынын білмей жатады. Бұл өз кезегінде ресімдеу қателіктеріне, мерзімдердің бұзылуына, дәлелдемелердің жоғалуына және азаматтардың құқықтарының бұзылуына әкеп соғады.

Жоғарыда көрсетілген кемшіліктерді жою мақсатында төмендегідей шараларды іске асыру қажет деп есептейміз:

- ҚР ҚПК-ге ЖТӘ жүргізу туралы тапсырманы процестік құжаттардың тізбесіне тікелей енгізетін жеке бап енгізу;
- Тапсырманың нысаны мен мазмұнына (негіздемелер, нысаналар, араласу шектері, мерзімдер) міндетті талаптар белгілеу;
- ҚР ҚПК-нің 193-бабы 1-бөлігінің 10-тармағына ұқсас негізде, прокурордың заңсыз тапсырмаларды тоқтату өкілеттігін қарастыру;
- Тапсырма тергеу судьясына санкциялауға жолданар алдында прокурормен оның заңдылығын тексеру тәртібін қамтамасыз ету.

ЖТӘ жүргізу туралы тапсырманы ҚР ҚПК-нің процестік құжаттар тізіміне енгізбеу — азаматтардың жеке өміріне ерікті түрде араласу қаупін тудыратын елеулі заңнамалық олқылық болып табылады. Тапсырмаға қатысты нақты процестік регламент болмайынша, ЖТӘ ынталандыру сатысында азаматтардың конституциялық құқықтарын толық көлемде қорғауды қамтамасыз ету мүмкін емес.

Тапсырманы ҚР ҚПК-да бекіту, оның мазмұнына қойылатын талаптарды айқындау және прокурорға оны жою құқығын беру — жүйелі проблемаларды жоюға, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің заңдылығына прокурорлық бақылауды

күшейтуге, сондай-ақ тергеу судьяларына түсетін жүктемені едәуір азайтуға мүмкіндік береді.

ҚР ҚПК-де ЖТӨ процесінің тәртібін жеткіліксіз регламенттеу мәселесі. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасындағы елеулі құқықтық олқылықтардың бірі ретінде ҚР ҚПК-нің 30-тарауында көзделген ЖТӨ процесінің тәртібін жеткіліксіз әрі жүйесіз регламенттеу атап өтіледі.

Бұған дейін жүргізілген ЖТӨ процесі құрылымына талдау көрсеткендей, бұл әрекеттердің толық циклі объективті түрде алты дәйекті кезеңнен тұрады:

- ЖТӨ-ні ынталандыру;
- ЖТӨ-ні санкциялау;
- ЖТӨ-ні жүргізу;
- ЖТӨ нәтижелерін ұсыну;
- ЖТӨ нәтижелерін дәлелдемелер ретінде пайдалану;
- Адамды оған қатысты ЖТӨ жүргізілгені туралы хабардар ету.

Алайда қолданыстағы ҚР ҚПК-сы өз реттеуін негізінен санкциялау кезеңіне (234-бап) және ішінара хабардар ету кезеңіне (237-бап) шоғырландырған. Яғни, ЖТӨ-ні бастамалау сатысынан бастап өзге барлық кезеңдер тиісті құқықтық регламентациясыз қалып отыр.

ЖТӨ процесінің кезеңдеріне кешенді дифференциацияның болмауы нәтижесінде, құқық қолдану практикасында осы институттың мазмұнын түсіну айтарлықтай бұрмаланған. Проблема тек тергеушілер мен прокурорлар арасында ғана емес, тәжірибелі заңгерлер арасында да байқалады. Іс жүзінде ЖТӨ-нің заңдылығына қатысты талқылаулар көбінесе тергеу судьясы санкция берген сәттен басталады, ал азаматтардың жеке өміріне араласудың негізділігі айқындалатын бастапқы саты – ЖТӨ-ні ынталандыру кезеңі жиі назардан тыс қалып жатады.

Қалыптасқан құқықтық айқынсыздық төмендегі салдарға алып келеді:

- ЖТӨ-ні санкциялау туралы өтінішхатты қозғаудың заңдылығына баға беру қажеттілігі ескерілмейді;
- Санкциялауға материал дайындауды бастау үшін тиісті негіздің бар-жоғы тексерілмейді;
- Қадағалау сатысында прокурордың заңдылық кепілі ретіндегі рөлі бұрмаланады.

Аталған проблема келесі жағдайларда айқын көрініс табады:

- ЖТӨ-ні бастамалау кезеңінің жеке құқықтық регламентінің болмауы;
- Тапсырма дайындау тәртібі мен материалдарды алдын ала прокурорлық тексеру рәсімінің нақты сипатталмауы;
- Жеке өмірге араласуға негіз болатын құжаттардың мазмұнына қойылатын талаптардың жеткілікті дәрежеде нақтыланбауы.

Тағы да атап кететін мәселе, ҚР ҚПК-нің 30-тарауындағы процестік нормалар ЖТӘ кезеңдерінің ғылыми негізделген дифференциациясын ескермейді. Дифференциация соңғы жылдардағы құқықтық зерттеулерде баяндалған және Бас прокуратураның құқық қолдану тәжірибесіне сүйенген ұсыныстарда көрініс тапқан.

Қолданыстағы реттеудің фрагментарлығы мен кезеңдер бойынша бөлінбеуі заңдылық стандарттарының төмендеуіне әкеледі, себебі ЖТӘ-ні ынталандыру, санкциялау және жүргізу кезеңдері нақты кезеңдік бақылаусыз және әрбір сатыға тән процестік ресімдеусіз біртұтас әрі түсініксіз процес ретінде қарастырылады.

Осылайша, қолданыстағы реттеу үлгісі ЖТӘ-ні санкциялауға өтінішхат берілген сәттен бастап, әрекеттердің қаншалықты заңды басталғанын, қандай негізде ұсынылғанын, жеке өмір құпиясына араласу нақты қажеттілікке негізделген бе, әлде процестік қателіктер, кемшіліктер немесе өкілеттілікті теріс пайдалану орын алғанын анықтауды қиындатады.

Жоғарыда көрсетілген проблемаларды жою мақсатында келесідей шараларды іске асыру қажет деп есептейміз:

- ҚР ҚПК-ге ЖТӘ процесінің барлық кезеңдерін егжей-тегжейлі реттеуге бағытталған кешенді өзгерістер енгізу;
- ЖТӘ-ні ынталандыру кезеңінің ұғымын, оның критерийлері мен процестік ресімдеу тәртібін заңнамалық түрде бекіту;
- ЖТӘ жүргізу туралы тапсырмаға қойылатын міндетті талаптарды заң деңгейінде белгілеу (негіздер, мақсаттар, араласудың шегі);
- ЖТӘ-ні ынталандыруға дайындалған материалдарды тергеу судьясына жолдауға дейін прокурордың міндетті тексеру тәртібін енгізу;
- ҚР ҚПК-нің 30-тарауына ЖТӘ процесінің әр кезеңіне арналған жеке нормалар енгізу, бұл ретте ғылыми негізделген дифференциация үлгісін ескеру.

ҚР ҚПК-де ЖТӘ процесінің жеткілікті реттелмеуі азаматтардың жеке өміріне араласудың заңдылығын тексеруге формалды көзқарасқа әкеледі, прокурорлық қадағалау мен соттық қорғау деңгейін төмендетеді, сондай-ақ нақты кезеңдік бақылаудың орнына іс-шараларды постфактум бекітумен алмастыруға ықпал етеді.

Аталған мәселені шешу үшін ЖТӘ-ні ынталандыру сәтінен бастап кезеңдер бойынша кешенді дифференциацияны заңнамалық түрде бекіту қажет. Бұл өз кезегінде қылмыстық сот процесінің ерте сатыларында азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау стандарттарын арттыруға мүмкіндік береді.

ЖТӘ-ні заңдылығы күмән тудыратын жағдайда санкциялау мәселесі. ЖТӘ процесін реттеудегі елеулі олқылықтардың бірі – ҚР ҚПК-нің 234-бабы 2-бөлігінің ережелерінен көрініс табады. Норма тергеу судьясына ЖТӘ жүргізуге санкция беруге құқық береді, тіпті ұсынылған материалдардың заңдылығына күмән туындаса да.

Осы нормаға сәйкес, егер ұсынылған материалдардың шынайылығына қатысты күмән туындаса, тергеу судьясы ЖТӘ жүргізуге санкция беруге құқылы, алайда одан кейін жиырма төрт сағат ішінде процестік прокурорға олардың заңдылығына тексеру жүргізуді бастау туралы бастама көтеруі тиіс.

Өз кезегінде процестік прокурор бес тәуліктен кешіктірмей тиісті тексеру жүргізіп, нәтижесі туралы судьяны хабардар етуге міндетті. Егер бұзушылықтар анықталса, прокурор тергеу судьясына санкцияланған ЖТӘ-нің заңсыз деп танылуы туралы өтініш енгізуі қажет.

Бұл ереже қылмыстық процестегі сот бақылауының мәніне тікелей қайшы келеді, өйткені судья жеке және отбасылық өмірге араласу туралы шешім қабылдас бұрын, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына араласудың заңдылығы мен негізділігін тексеруге міндетті.

Ал күмән туындаған кезде санкция беру сот бақылауы ұғымын мазмұннан айырып, жеке өмірге араласудың бастапқы кезеңдерінде азаматтарды қорғау тиімділігін жоққа шығарады.

Осыған қатысты Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты 2024 жылғы 29 мамырдағы қаулысында келесідей атап кеткен: «тергеу судьясы қабылдайтын шешім заңды және негізді болуы тиіс, ол болжам немесе күмәнге негізделмеуі қажет. Күмән жағдайында шешім шығару сот бақылауы институтының табиғатына қайшы, өйткені оның мақсаты — заң бұзушылықтардың алдын алу, ал оларды кейіннен түзету емес» [32, 12 б.].

Судьяға «уақытша» түрде күмәнді іс-шараларға санкция беруге мүмкіндік беру Конституцияда нақты бекітілген адамның құқықтарын қорғау кепілдіктерін жоққа шығарады.

Сонымен қатар, процестік прокурорға санкцияланған әрекеттердің заңдылығын тексеру міндетін жүктеу – сот пен прокурорлық бақылау органдары арасындағы рөлдердің ауыстырылуын білдіреді. Шын мәнінде, сот — материалдарды бастапқы бағалау кезеңінде заңдылықтың кепілі болуы керек, ал прокурор — тәуелсіз қадағалаушы ретінде заң бұзушылықтардың алдын алуға ықпал етуі тиіс, сот органдарының жіберген қателіктерін кейіннен түзету емес.

Қалыптасқан жағдайдың өзектілігі, ЖТӘ-ні санкциялау сатысында басқа қылмыстық-процестік кезеңдерден айырмашылығында – араласу жасырын түрде жүргізіледі, мүдделі тараптарға ескертусіз жүзеге асады. Бұл өз кезегінде сот шешімдерінің барынша мұқият және мінсіз болуын талап етеді.

ҚР ҚПК-нің 234-бабының 2-бөлігінің қолданылуы тәжірибе жүзінде азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау стандарттарының әлсіреуіне, сондай-ақ ҚПК-нің 8-бабында баяндалған қылмыстық сот ісін жүргізудің мақсаттарына қайшы келуіне алып келеді.

Азаматтардың құқықтарын қорғаудың тиімді тетіктерін қалпына келтіру және ЖТӘ процессі кезеңінде шынайы заңдылықты қамтамасыз ету мақсатында, ҚР ҚПК-нің 234-бабының 2-бөлігінен ЖТӘ-ні заңдылығы күмән тудырған кезде санкциялауға жол беретін ережелерді алып тастау қажет. ЖТӘ-

ні санкциялау туралы шешім тек олардың негізділігі мен заңдылығы толық әрі сенімді дәлелденген жағдайда ғана қабылдануы тиіс.

ҚПК-де, сонымен қатар мынадай норма көзделуі тиіс: ұсынылған дәлелдемелер жеткіліксіз болғанда немесе олардың шынайылығына күмән туындаса да, тергеу судьясы ЖТӘ-ні санкциялаудан бас тартуға міндетті. Мұндай талап сот бақылауын күшейтеді, қылмыстық қудалау басталған сәттен бастап адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғауға кепілдік береді, сондай-ақ тергеу судьялары мен прокуратура органдары әрекеттерінің құқықтық айқындығын арттырады.

Осылайша, ҚПК-нің 234-бабының 2-бөлігінің қолданыстағы редакциясы, яғни ЖТӘ заңдылығына күмән болған жағдайда да санкция беруге мүмкіндік беретін норма, сот бақылауының негізгі қағидаттарына және жеке тұлғаның конституциялық құқықтарын қорғауға бағытталған кепілдіктерге қайшы келеді. Көрсетілген норма соттың заңдылықтың кепілі ретіндегі рөлін әлсіретіп, мүмкін болатын бұзушылықтардың салдарын жою жауапкершілігін прокурорға жүктейді.

Конституциялық Соттың құқықтық ұстанымдарын ескере отырып, құқықтық белгісіздікті жою – азаматтардың конституциялық құқықтарына кепілдіктерді нығайтудың және ЖТӘ процессі үстінен тиімді сот бақылауын қамтамасыз етудің маңызды шарты болып табылады.

Заңнамаға енгізілетін өзгерістер күмән тудыратын іс-шараларды санкциялауға тыйым салып, дәлелдемелер жеткіліксіз болғанда соттың санкция беруден бас тарту міндетін бекітуі тиіс.

Жүргізілген зерттеудің қорытындысы бойынша, Қазақстан Республикасында ЖТӘ процессі саласындағы қолданыстағы қылмыстық-процестік реттеу азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау тетіктерінің тиімділігіне тікелей әсер ететін бірқатар елеулі кемшіліктермен сипатталады.

Жоғарыдағы проблематиканы қарау барысында келесі негізгі құқықтық проблемалар айқындалып, ғылыми тұрғыдан негізделген түрде тұжырымдалды:

- Прокурорды ЖТӘ-ні санкциялау рәсімінен шеттету арқылы прокуратураның конституциялық мақсатының бұзылуы;
- ЖТӘ жүргізу туралы тапсырманың ҚР ҚПК-де көзделген процестік құжаттар тізбесіне нормативтік түрде енгізілмеуі, бұл жеке өмір саласына араласудың бастапқы кезеңінде процестік ресімдеу мен құқықтық айқындық деңгейін төмендетеді;
- ЖТӘ процесі кезеңдерінің жеткіліксіз дифференциациясы, процестік кепілдіктерді іске асыруды қиындатады және заңдылық қағидатын бұзуға алып келеді;
- ҚР ҚПК-нің 234-бабының 2-бөлігіндегі, ЖТӘ заңдылығына күмән туындаған жағдайда санкция беруге жол беретін норма – сот бақылауының мақсаттарына қайшы келеді;

– Прокурорға заңсыз ЖТӘ-ні сотқа жүгінбестен дереу тоқтатуға мүмкіндік берілмейді, бұл заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалау жасау функциясына қайшы келеді.

Олқылықтар мен қайшылықтарды жоюға бағытталған арнайы түзетулерді ҚР ҚПК-ге енгізу қажеттігі негізделген ұсыныстарда көрініс тапты.

Олардың ішінде келесі мәселелер ерекше маңызға ие:

– ЖТӘ жүргізу туралы тапсырманы дербес процестік құжат ретінде заңнамалық түрде бекіту;

– ЖТӘ-ні санкциялау рәсімдеріне прокурордың міндетті түрде қатысуын қамтамасыз ету;

– ЖТӘ-ні заңдылығы күмән тудыратын жағдайда санкциялау тәртібін қайта қарау;

– Прокурордың ЖТӘ-нің заңсыз жүргізілуін сотқа жүгінбей-ақ дереу тоқтату құзыретін кеңейту.

Ұсынылған тұжырымдар мен ұсыныстардың негізін қолданыстағы заңнамалық нормаларға жүргізілген жүйелі талдау құрайды, ол жедел-іздігімен қызметі мен ЖТӘ процессі саласындағы прокурорлық қадағалау бойынша бірегей практикалық тәжірибемен толықтырылған. Практикалық компонент – ғылыми әдебиеттерде тиісті көрініс таппаған немесе нақты құқық қолдану мәселелерін есепке алмай, үзінді ретінде қамтылған құқықтық реттеудің жасырын заңдылықтары мен кемшіліктерін анықтауға мүмкіндік берді.

Сондықтан да, кіші бөлімше аясында ғылыми көзқарастарды кеңінен қолданбай, нормативтік және практикалық талдауға басымдық берілді. Себебі отандық ғылыми доктринада ЖТӘ-ға прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру мәселелері, оның ішінде ынталандыру, санкциялау және тоқтату сатылары, сондай-ақ ЖТӘ жүргізу туралы тапсырманың процестік мәртебесіне қатысты проблемалар әлі де болса жеткілікті дәрежеде зерттелмеген.

Одан бөлек, азаматтардың конституциялық құқықтарына араласу ауқымы мен заңдылығын объективті бағалауға мүмкіндік бермейтін, ЖТӘ процессі бойынша бірыңғай мемлекеттік статистикалық есептің болмауын ерекше атап өткен жөн. Аталған мәселе жеке зерттеуді талап етеді және диссертацияның келесі бөлімінде жан-жақты сипатталып талданатын болады.

2.2 Қазақстан Республикасында жасырын тергеу әрекеттерінің статистикалық есебінің проблемалық мәселелері, оларды шешу жолдары

2018 жылдың наурызына дейін ЖТӨ санкциялау толығымен прокурорлардың айрықша құзыретінде болды. Бұл кезеңде прокуратура органдары барлық құқық қорғау және арнаулы органдар жүзеге асырған ЖТӨ-ні орталықтандырылған бірыңғай есепке алуды жүргізген. Есепке алу жедел-іздістіру және арнайы жедел-іздістіру шараларымен қатар жүргізілді.

Түскен мәліметтердің негізінде ЖТӨ саласындағы заңдылықтың жай-күйіне қатысты жинақталған көрініс қалыптастырылып, институттың даму үрдістері мен заңдылықтары анықталып, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігіне және басқа да мүдделі мемлекеттік органдарға жүйелі ақпарат ұсынылып отырды. Айта кету керек, бұл жұмыс ҚР ҚПК-де ЖТӨ жүргізілгені туралы тұлғаларды хабардар ету туралы нормалар әлі енгізілмеген кезеңде де жүзеге асырылды.

2018 жылғы наурыздан бастап, атап айтқанда, ҚР ҚПК-нің 240-бабының 1-1-бөлігімен, ЖТӨ жүргізу қағидаларының 20-тармағымен және ЖТӨ-ні санкциялау туралы Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысының 24–26-тармақтарымен енгізілген өзгерістер нәтижесінде, адамдардың өздеріне қатысты ЖТӨ жүргізілгені туралы міндетті түрде хабардар ету институты енгізілді. Аталған жаңашылдық ЖТӨ-нің заңсыз жүргізілуі салдарынан келтірілген залалды өтеу бөлігінде адамның процесік мүмкіндіктерін кеңейтумен қатар жүрді.

Көрсетілген нормаларға сәйкес, адамға ЖТӨ нәтижелерін ұсынбай оның жүргізілгені туралы хабарлама тергеп-тексеру органымен жолдануы тиіс. Хабарлама қылмыстық іс бойынша түпкілікті процесік шешім қабылданған сәттен бастап алты айдан кешіктірілмей жүзеге асырылуы керек. Ерекше жағдайларда мерзім тергеп-тексеру органының уәжді өтініші негізінде және мамандандырылған ауданаралық соттың тергеу судьясы санкциялаған жағдайда бір жылға дейін ұзартылуы мүмкін.

Заң шығарушы, адамға өзіне қатысты ЖТӨ жүргізілгені туралы хабарламау жағдайларын да қарастырып кеткен:

- 1) террористік немесе экстремистік қылмыс туралы қылмыстық іс бойынша;
- 2) қылмыстық топ жасаған қылмыс туралы қылмыстық іс бойынша;
- 3) егер хабардар ету мемлекеттік құпияларды жария ету қатерін төндірсе;
- 4) егер хабардар ету қызметті құпия негізде және астыртын нысанда жүзеге асыратын адамдардың және өзге де адамдардың қауіпсіздігіне қатер төндірсе.

Өзіне қатысты ЖТӨ жүргізілген адамның ҚР ҚПК-нің 240-бабының 1-1-бөлігінде көзделген хабардар ету кезінен бастап он бес тәулік ішінде осы Кодекстің 106-бабында көзделген тәртіппен мамандандырылған тергеу сотына, мамандандырылған ауданаралық тергеу сотына тиісті жасырын тергеу

әрекеттерін жүргізуді заңсыз деп тану және келтірілген нұқсанды (ондай болған кезде) өтеткізу туралы арызбен жүгінуге құқығы бар.

Бұл жеке өмірді қорғауды қамтамасыз ететін және қылмыстық қудалау органдарының әрекеттеріне сотқа шағымдануға кепілдік беретін Конституцияның 18-бабының ережелерін іске асыруға қызмет етеді.

Сонымен қатар, ЖТӘ-ні санкциялау өкілеттіктері тергеу судьяларына берілгеннен кейін, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары мен соттар ведомстволық негізде бытыраңқы есепке алуды жүргізе бастады.

Біртұтас шоғырландырылған ақпараттық базаның болмауы келесідей маңызды бағыттар бойынша тиімді мониторинг жүргізуге мүмкіндік бермей отыр:

- Адамдарға өздеріне қатысты ЖТӘ жүргізілгені туралы хабарламалар бойынша;
- Хабардар ету мерзімдерінің ұзартылуы туралы;
- ЖТӘ-ға қатысты әрекеттер мен шешімдерге шағымдану тәртібіне;
- Қылмыс түрлері бойынша ЖТӘ жүргізу динамикасына;
- Жасырын іс-шаралардың нақты орындалуына.

ЖТӘ сұрақтары бойынша жеке қаулылар шығарылуы, прокурорлардың түпкілікті шешімдерді жою фактілері бойынша да есеп жүргізілмейді, ҚР ҚПК-нің 59-бабы 2-бөлігінің 8-1-тармағы бойынша шағымдану туралы статистика жоқ.

Жүргізілген талдау мұндай жағдай ЖТӘ жүргізу барысында заңдылық, ашықтық және есептілік қағидаттарының толыққанды іске асуына кедергі келтіретінін көрсетеді, ал бұл азаматтардың жеке өмір құпиясына жасырын араласудың жоғары сезімталдығын ескере отырып, аса маңызды болып табылады.

Зерттеу үшін Астана қаласы бойынша Мамандандырылған тергеу сотының төрағасы Н.Б. Бекназаровтың 23 тамыз 2018 жылғы мақаласында келтірілген статистикалық деректерді талдау ерекше мәнге ие. Көрсетілген жарияланымда автор былай деп атап өтеді: «ЖТӘ-ні санкциялау өкілеттіктері тергеу судьяларына берілген сәттен бастап, яғни 2 наурыз 2018 жылдан бастап Астана қаласы бойынша 1568 өтінішхаттар келіп түсті, олардың 1425-і қанағаттандырылып, 143-і бойынша санкция беруден бас тартылды» [34].

Өтінішхаттардың шамамен 9,1%-ы сотпен заңнама талаптарына сәйкес келмейді деп танылғаны әрбір оныншы ЖТӘ жүргізу туралы өтініштің қылмыстық-процестік нормаларды бұза отырып ынталандырылатынын көрсетеді.

Мақалада өтінішхаттардың ең көп бөлігі телекоммуникациялық желілерден мәліметтерді ұстап қалуға - 604, 440 - адамды немесе орынды жасырын аудио- және (немесе) бейнебақылау, 154 - абоненттік қосылымдар туралы мәліметтерді алуға, 75 - электрондық құрылғылардан ақпарат алуға және 20 - орынға жасырын кіру және (немесе) оны тексеруге қатысты. Пошта

жөнелтілімдерін және өзге де жөнелтілімдерді жасырын бақылау қолданылғаны жөнінде деректер мүлде кездеспейді.

Ұсынылған статистикалық мәліметтерден құқық қорғау органдарының ЖТӘ аясындағы жедел жұмысының басым бағыттары, сондай-ақ кейбір түрлердің қолдану аясының шектеулі немесе қиын жүзеге асырылатыны жөнінде қорытынды жасауға болады.

Ерекше атап өтетін жәйт — келтірілген мәліметтер қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында ЖТӘ-нің құқық қолдану практикасы бойынша ашық қолжетімділікте жарияланған жалғыз жинақталған статистикалық деректердің көзі болып отыр. Ол, бір жағынан, мақаланың өзектілігі мен маңыздылығын көрсетсе, екінші жағынан — ЖТӘ саласында ресми есептілікті институционализациялау қажеттігін айғақтайды.

Шет мемлекеттердің оң тәжірибесі осы проблемаларды шешуге болатындығын көрсетті. Мәселен, Грузия ҚПК-нің 143¹⁰-бабына сәйкес, Грузияның Жоғарғы Соты жыл сайын жасырын тергеу әрекеттерінің тізілімін жасайды. Онда өтініштер мен қабылданған шешімдер туралы мәліметтер, сондай-ақ жеке өмірге қатысты материалдарды жою фактілері тіркеледі. Одан бөлек, Жоғарғы Сот жыл сайын тиісті статистиканы жариялауға міндетті. Мұндай тәсіл қоғамдық бақылауды күшейтеді және сот жүйесіне деген сенімді нығайтады.

Қорытындылар мен ұсыныстар. ЖТӘ орталықтандырылған мемлекеттік есепке алу жүйесін құру төмендегідей маңызды нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берер еді:

- Процестік рәсімдердің ашықтығын қамтамасыз етуге;
- ЖТӘ-ні ынталандыру және орындау барысында құқықты теріс пайдалану тәуекелдерін азайтуға;
- Жүйелік сипаттағы құқықтық кемшіліктерді жедел анықтауға;
- Тергеу судьяларына түсетін жүктемені оңтайландыруға;
- Жеке тұлғаның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау деңгейін арттыруға.

Осыған байланысты келесі нақты шараларды іске асыру орынды деп есептеледі:

- Жоғарғы Соттың «Төрелік» ақпараттық жүйесіне ЖТӘ туралы мәліметтерді интеграциялау;
- Бірыңғай сотқа дейінгі тергеп-тексеру реестрінде ЖТӘ-туралы арнайы модуль құру;
- Қылмыстық қудалау органдары үшін бірыңғай статистикалық есептілік нысанын енгізу;
- ЖТӘ туралы жинақталған мәліметтерді жыл сайын жариялау;
- Қылмыстық әділет жүйесін нығайтуға;
- Құқық үстемдігін қамтамасыз етуге;

– Азаматтардың конституциялық құқықтарын тиімді қорғауға ықпал етеді.

Тағыда бір ескеретін жағдай — СДТБТ жүргізу қағидаларына сәйкес, ЖТӨ-ға қатысты мәліметтер мемлекеттік құпияларға жатпайды. Бұл өз кезегінде құпиялылықты бұзбастан есепке алу жүргізуге мүмкіндік береді.

Осылайша, Қазақстан Республикасында ЖТӨ бойынша бірыңғай мемлекеттік есептің болмауы — сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезеңінде заңдылық пен азаматтардың құқықтарын қорғау тетіктерін қамтамасыз етудегі елеулі олқылық болып табылады.

Бытыраңқы ведомстволық есепке алу ЖТӨ жүргізу барысына тиімді бақылау жасауға кедергі келтіріп, ведомстволық көрсеткіштерді манипуляциялау тәуекелдерін туындатады.

Грузия Жоғарғы Сотының тәжірибесін талдау Қазақстанда ЖТӨ-ға қатысты бірыңғай реестр құру және жыл сайын жинақталған ақпаратты жариялау қажеттілігін ғылыми тұрғыдан растап отыр.

Ұсынылған шараларды іске асыру азаматтардың конституциялық құқықтарына кепілдіктерді күшейтуге, ЖТӨ жүргізудің заңдылығы мен ашықтығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ тергеу судьялары мен прокуратура органдарына түсетін жүктемені оңтайландыруға мүмкіндік береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан Республикасының қылмыстық процесінде ЖТӘ институтын зерттеу олардың құқықтық реттелуінің ерекшеліктерін терең талдауға, ағымдағы проблемаларды анықтауға және оларды шешу жолдарын ұсынуға мүмкіндік берді.

Зерттеу заңнама мен ғылыми әдебиетте баяндалған теориялық тұжырымдарға, сондай-ақ ЖТӘ-ні ұйымдастыру, санкциялау және қадағалау саласындағы көпжылдық практикалық тәжірибеге сүйене отырып жүргізілді. Практикалық білімді қолдану заңнамадағы формалды кемшіліктерді анықтап қана емес ғана, сонымен қатар ЖТӘ-ні ынталандыру, жүргізу және оның нәтижелерін пайдалану сатыларында азаматтардың конституциялық құқықтарына төнетін нақты қауіптерді анықтады.

Зерттеу барысында қойылған мақсатқа қол жеткізілді — Қазақстан Республикасында ЖТӘ процесін кешенді салыстырмалы-құқықтық тұрғыда зерттеу, құқықтық реттеудегі негізгі проблемаларды анықтау және оны жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар әзірлеу жүзеге асырылды.

Зерттеу нәтижелері бойынша келесі тұжырымдар жасалды:

– Қазақстан Республикасында ЖТӘ процесін қылмыстық процес жүйесіне енгізудің қазіргі үлгісі шетелдік тәжірибе негізінде жасалған, алайда ұлттық құқықтық жүйеге барабар бейімдеу жүргізілмегені анықталды.

– Салыстырмалы-құқықтық талдау Грузия мен Украинаның заңнамасында ЖТӘ-ні санкциялау, прокурордың қатысуы және сот бақылауы мәселелері неғұрлым нақты реттелгенін көрсетті, бұл адам құқықтарының сақталуына кепілдік деңгейін арттырады. Осы оң тәжірибе қазақстандық қылмыстық процеске енгізу үшін ұсынылды.

– Қазақстан Республикасындағы ЖТӘ-нің процесінің кезеңдерін дифференциациялау нәтижелері, ынталандыру, санкциялау, жүргізу және нәтижелерді пайдалану сатыларының нақты процестік регламенті жоқ екені анықталды. Құқық қолдану тәжірибесінде санкциялау кезеңінің негізсіз түрде басты саты ретінде қабылдануы, ЖТӘ-ні ынталандыру мен оның заңдылығын қадағалау сатыларына тиісті назар аударылмай, олардың рөлін әлсіретіп жіберді.

ЖТӘ-нің құқықтық реттелуіндегі проблемаларға арналған бөлімде келесі мәселелер айқындалды:

– ЖТӘ-ні санкциялау сатысынан прокурордың шеттетілуімен байланысты елеулі теңгерімсіздік орын алуда. Қалыптасқан жағдай Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына және Конституциялық Соттың құқықтық ұстанымына қайшы келеді;

– ЖТӘ жүргізу туралы тапсырма — азаматтардың жеке өміріне араласуды бастайтын негізгі құжат — заң шығарушы тарапынан процестік құжат ретінде танылмаған, бұл өз кезегінде құқықтық айқындық пен бақылау деңгейін төмендетуде;

– Заңсыз ЖТӨ-ні дереу тоқтатуға прокурордың процестік құзыреттіліктің болмауы конституциялық құқықтардың бұзылуын кідіртпей жоюды қиындатады;

– ҚР ҚПК-нің 234-бабында ЖТӨ-нің заңдылығына күмән туындаған кезде оларды санкциялауға мүмкіндік беретін механизмнің сақталуы, сот бақылауының мәніне қайшы келеді және қолданыстағы заңнамада жойылуы тиіс.

ЖТӨ бойынша статистикалық есепке арналған бөлімде келесі тұжырымдар негізделді:

– Санкциялау функцияларын тергеу судьяларына беру ЖТӨ-ні есепке алуда фрагментацияға және ұлттық деңгейдегі жүйелі бақылаудың жоғалуына алып келді;

– Бірыңғай есептің болмауы ЖТӨ қолдану практикасын талдау, құқық бұзушылықтарды анықтау және азаматтардың құқықтарын нақты қорғау мүмкіндігіне кедергі;

– Грузияның оң тәжірибесіне ұқсас, СДТБТ базасында немесе Жоғарғы Соттың «Төрелік» жүйесін пайдалана отырып, бірыңғай статистикалық жүйені енгізу ұсынылады, онда Грузияның Жоғарғы Соты секілді ЖТӨ бойынша жыл сайынғы статистиканы жариялауға көздеу.

Зерттеу аясында қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру бойынша келесі нақты ұсыныстар тұжырымдалды:

– ЖТӨ-ні бастама жасау, санкциялау және олардың заңдылығын бақылау кезеңдерінде прокурордың белсенді рөлін қалпына келтіру;

– ЖТӨ жүргізу туралы тапсырманы процестік құжаттар қатарына қосу және оның нысаны мен мазмұнына қойылатын міндетті талаптарды белгілеу;

– Тергеу судьясына ЖТӨ-ні заңдылығына күмән болған жағдайда да санкция беруге мүмкіндік беретін ҚПК нормаларын алып тастау;

– ЖТӨ қолданылу динамикасын және олардың азаматтардың құқықтарына ықпалын талдауға мүмкіндік беретін бірыңғай орталықтандырылған статистикалық базаны құру.

Жоғарыда көтерілген мәселелерді шешу барысында жекелеген ғалымдардың пікірін ескеру біршама қиындық тудыртқанын атап өткен жөн. Өйткені отандық ғылымда бұл аспектілер бойынша кешенді зерттеулер іс жүзінде жоқ.

Соған қарамастан, ЖТӨ процессіне қадағалау жүргізу негізінде қалыптасқан көпжылдық практикалық қызмет бұл салада ғылыми негізделген әрі тәжірибеде жүзеге асыруға болатын нақты ұсыныстарды әзірлеуге мүмкіндік берді.

Осы орайда, нақты зерттеу жұмысы қолданбалы сипатқа ие, онда ғылыми талдау мен практикалық бағыттылық үйлесім тапқан, ал оның нәтижелері Қазақстан Республикасының қылмыстық процесіндегі ЖТӨ саласындағы

заңнаманы және құқық қолдану тәжірибесін одан әрі жетілдіру үшін негіз бола алады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ

- 1 Абдикеримов Б.М. Актуальные вопросы проведения негласных следственных действий в Республике Казахстан // Развитие современной юридической науки: теория и практика: материалы VII Международной научно-практической конференции (г. Астана, 2024г.). — Астана: Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, 2024. — С. 208. — [Электрондық ресурс] — Айналыс режимі: <https://academy-rep.kz/uploads/983-8437c32a18fe0f233ae3a3a28dedf4b4.pdf> (жүгінген күні: 13.12.2023).
- 2 Рамазанов Д.К. Процессуальный порядок ознакомления с материалами негласных следственных действий в уголовном процессе Республики Казахстан: проблемы теории и практики. [Электрондық ресурс]. — Айналыс режимі: <https://academy-rep.kz/uploads/953ea66a1db0249cb91eb3a687558f1c.pdf> (жүгінген күні: 13.12.2023)
- 3 Секенов Е. К. Правовое регулирование проведения негласных следственных действий в уголовном судопроизводстве (в электронном формате). [Электрондық ресурс]. — Айналыс режимі: <https://academy-rep.KZ/uploads/2b90eb501a7521eb4c2650f2e522a2c6.pdf> (жүгінген күні: 13.12.2023).
- 4 Кабидуллаев А.Ф. Актуальные вопросы соотношения оперативно-розыскных мероприятий и негласных следственных действий в уголовном процессе. [Электрондық ресурс]. — Айналыс режимі: <https://academy-rep.kz/item.php?id=371> (жүгінген күні: 13.12.2023).
- 5 Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана «Экономический курс Справедливого Казахстана». [Электрондық ресурс]. — Айналыс режимі: <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-ekonomicheskiiy-kurs-spravedlivogo-kazahstana-18588> (жүгінген күні: 13.12.2023).
- 6 Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ. [Электрондық ресурс]. — Айналыс режимі: https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000231/k14_231.htm (жүгінген күні: 13.12.2023).
- 7 Жедел-іздістіру қызметі туралы Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 15 қыркүйектегі № 154-ХІІІ Заңы. [Электрондық ресурс]. — Айналыс режимі: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z940004000_/z944000.htm (жүгінген күні: 13.12.2023).
- 8 Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 565, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 62, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы

№ 892, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі бастығының 2014 жылғы 15 желтоқсандағы № 146 және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2014 жылғы 18 желтоқсандағы № 416 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 27 желтоқсанда № 10027 тіркелді. [Электрондық ресурс]. — Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V14C0010027> (жүгінген күні: 13.12.2023).

9 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. [Электрондық ресурс]. — Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000> (жүгінген күні: 13.12.2023).

10 Прокуратура туралы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 2022 жылғы 5 қарашадағы № 155-VII ҚРЗ. [Электрондық ресурс]. — Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2200000155> (жүгінген күні: 13.12.2023).

11 Гражданский процессуальный кодекс Республики Казахстан от 31 октября 2015 года № 377-V ЗРК. [Электрондық ресурс]. — Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000377> (жүгінген күні: 14.12.2023).

12 Об административных правонарушениях кодекс Республики Казахстан от 5 июля 2014 года № 235-V ЗРК. [Электрондық ресурс]. — Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000235> (жүгінген күні: 15.12.2023).

13 Административный процедурно-процессуальный кодекс Республики Казахстан от 29 июня 2020 года № 350-VI. [Электрондық ресурс]. — Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K2000000350> (жүгінген күні: 15.12.2023).

14 Постановление Конституционного Совета Республики Казахстан от 12 марта 1999 года № 3/2 Об официальном толковании пункта 7 статьи 61 и пункта 1 статьи 28 Конституции Республики Казахстан (с изменениями от 27.04.2011г.). [Электрондық ресурс]. — Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/S9900000003> (жүгінген күні: 15.12.2023).

15 Жасырын тергеу әрекеттерін санкциялау туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 5 Нормативтік қаулысы. [Электрондық ресурс]. — Айналыс режимі: <https://www.adilet.zan.kz/kaz/docs/P200000005S> (жүгінген күні: 17.12.2023).

16 Фадеева Ю. Р. Следственные действия негласного характера в уголовно-процессуальном законодательстве России и зарубежных стран. [Электрондық ресурс]. — Айналыс режимі: <https://cyberleninka.ru/article/n/sledstvennye-deystviya-neglasnogo-haraktera-v-ugolovno-protsessualnom-zakonodatelstve-rossii-i-zarubezhnyh-stran> (жүгінген күні: 12.10.2024).

17 Халиков А.Н. Институт негласных следственных действий в уголовно-процессуальном законе России и стран ближнего зарубежья (сравнительно-правовое исследование). [Электрондық ресурс]. — Айналыс режимі: <https://cyberleninka.ru/article/n/institut-neglasnyh-sledstvennyh-deystviy-v-ugolovno-protsessualnom-zakone-rossii-i-stran-blizhnego-zarubezhya-sravnitelno-pravovoe/viewer> (жүгінген күні: 13.10.2024).

18 Попов А.П., Зинченко И.А. Проблемы интеграции розыскных начал в досудебное уголовное производство (компаративистские заметки). [Электрондық ресурс]. — Айналыс режимі: <https://www.iaaj.net/node/2680#:~:text=доказательственного%20права%20в%20к%20онечном%20счете,во%20внимание%20руководители%20государственных%20структур> (жүгінген күні: 13.10.2024).

19 А. В. Верещагина А. В. Судебный контроль за досудебным производством в уголовно-процессуальном законодательстве Грузии. [Электрондық ресурс]. — Айналыс режимі: <https://sko-journal.ru/catalog/sko-3-148-2022/sudebnyj-kontrol-za-dosudebnym-proizvodstvom-v-ugolovno-protsessualnom-zakonodatelstve-gruzii/#:~:text=закрепление%20основных%20элементов%20института%20,срок%20разрешения%20ходатайств%20и%20жалоб> (жүгінген күні: 13.10.2024).

20 Бачила В. В. Проведение тайных следственных действий по законодательству Грузии. [Электрондық ресурс]. — Айналыс режимі: https://elib.institutemvd.by/jspui/bitstream/MVD_NAM/8537/1/bachila.pdf (жүгінген күні: 13.10.2024).

21 Заключение Венецианской комиссии CDL-AD(2022)037 по законопроекту о тайных следственных действиях в Грузии (Georgia - Urgent opinion on the Draft Law on the Amendments to the Criminal Procedure Code adopted by the Parliament of Georgia on 7 June 2022, issued on 26 August 2022 pursuant to Article 14a of the Venice Commission's Rules of Procedure). [Электрондық ресурс]. — Айналыс режимі: [https://www.coe.int/en/web/venice-commission/-/CDL-PI\(2022\)028-e](https://www.coe.int/en/web/venice-commission/-/CDL-PI(2022)028-e) (жүгінген күні: 13.10.2024).

22 Уголовно-процессуальный кодекс Грузии от 19 октября 2009 года № 1772. [Электрондық ресурс]. — Айналыс режимі: <https://matsne.gov.ge/ru/document/view/90034?publication=165> (жүгінген күні: 13.10.2024).

23 Уголовно-процессуальный кодекс Украины от 13 апреля 2012 года № 4651-VI. [Электрондық ресурс]. — Айналыс режимі: https://continent-online.com/Document/?doc_id=31197178#pos=4;-124 (жүгінген күні: 14.12.2024).

24 Европейская конвенция о защите прав человека и основных свобод. Измененная и дополненная Протоколами № 11 и № 14, вступившими в силу 1 июня 2010 года. [Электрондық ресурс]. — Айналыс режимі: <https://www.coe.int/ru/web/compass/the-european-convention-on-human-rights-and-its-protocols> (жүгінген күні: 13.10.2024).

25 Уваров В.Г. Проблемы института негласных следственных (розыскных) действий в новом Уголовно-процессуальном кодексе Украины. [Электрондық ресурс] // сайт электронного журнала «Вестник экономики, права и социологии» - Вып. 2 – Айналыс режимі: <https://www.vestnykeps.ru/0213/43.pdf> (жүгінген күні: 13.10.2024).

26 А.К. Абылхан, Р.А. Медиев. Актуальные вопросы обеспечения прокурорского надзора за законностью производства негласных следственных действий. [Электрондық ресурс]. — Айналыс режимі: <https://mir-zakona.kz> (жүгінген күні: 14.10.2024).

27 О.В. Маленко. Актуальні питання продовження слідчим суддею строку дії дозволу на проведення негласних слідчих (розшукових) дій. [Электрондық ресурс]. — Айналыс режимі: <http://baltijapublishing.lv/omp/index.php/bp/catalog/view/352/9676/20162-1>.

28 Е.В. Мищенко. О сущности и свойствах уголовно-процессуальной формы. [Электрондық ресурс]. — Айналыс режимі: <https://cyberleninka.ru/article/n/o-suschnosti-i-svoystvah-ugolovno-protsessualnoy-formy/viewer> (жүгінген күні: 14.10.2024).

29 Р.А. Медиев, Е.К. Саниязов, А.А. Қзылходжаев. Производство негласных следственных действий: сравнительный анализ законодательства Республики Казахстан и Республики Эстонии. [Электрондық ресурс] // электронный сайт Юридический научно-практического журнала «Мир Закона». – 2023. – Айналыс режимі: <https://mir-zakona.kz/proizvodstvo-neglasnyh-sledstvennyh-dejstvij-sravnitelnyj-analiz-zakonodatelstva-respubliki-kazahstan-i-respubliki-estonii/> (жүгінген күні: 14.11.2024).

30 Е.В. Колбасина, Л.В. Кокорева, А.С. Мельникова. Негласные следственные действия в УПК Республики Казахстан: элемент уголовного судопроизводства или оперативно-розыскной деятельности? [Электрондық ресурс] // электронный сайт журнала Юристы-Правоведь, 2021., - Вып.1 (96). – Айналыс режимі: <https://cyberleninka.ru/article/n/neglasnye-sledstvennye-deystviya-v-upk-respubliki-kazahstan-element-ugolovnogo-sudoproizvodstva-ili-operativno-rozysknoy/viewer> (жүгінген күні: 14.11.2024).

31 Комментарий к Уголовно-процессуальному кодексу Республики Казахстан: Учебник / под ред. М.Ч. Когамова. – М.: Жеті жарғы, 2015. – 46 с.

32 Нормативное постановление Конституционного Суда Республики Казахстан от 29 мая 2024 года № 45-НП «Об истолковании пункта 6 постановляющей части нормативного постановления Конституционного Совета Республики Казахстан от 6 марта 1997 года № 3 «Об официальном толковании пункта 1 статьи 4, пункта 1 статьи 14, подпункта 3) пункта 3 статьи 77, пункта 1 статьи 79 и пункта 1 статьи 83 Конституции Республики Казахстан». [Электрондық ресурс]. — Айналыс режимі: <https://kazpravda.kz/n/normativnoe-postanovlenie-konstitutsionnogo-suda-respubliki-kazahstan-ot-29-maya-2024-goda-po-45-np/> (жүгінген күні: 14.11.2024).

33 Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арызды, хабарды немесе баянатты қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 23 қыркүйекте № 9744

тіркелді. [Электрондық ресурс]. — Айналыс режимі:
<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V14W0009744> (жүгінген күні: 14.11.2024).

34 Председатель следственного суда г.Астаны Бекназаров Н.Б. Некоторые вопросы санкционирования негласных следственных действий. [Электрондық ресурс] // электронный сайт INFO ZAKON , 2018. – Айналыс режимі:
<http://infozakon.kz/courts/8535-nekotorye-voprosy-sankcionirovaniya-neglasnyh-sledstvennyh-deystviy.html> (жүгінген күні: 14.11.2024).

Қосымша 1

Приложение №1

72
«БЕКІТЕМІН»

Астана халықаралық университеті

Құқық жоғары мектебінің деканы

Р.И. докторы

Н.И. Хайрмуханмедов

«*[Signature]*» сәуір 2024ж.**А К Т**ғылыми - зерттеу материалдарын оқу процесіне
енгізу туралы**Комиссия құрамында:**төрағалық етуші – Астана халықаралық университеті Құқық жоғары
мектебі деканының орынбасары Ж.Д. Сеилханов.**Комиссия мүшелері:** з.ғ.к., қауымдастырылған профессор Тусупова Л.К.

з.ғ.к., доцент Жамбаев Е.С.

з.ғ.м., аға оқытушы Абугалиева Ф.М.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының 7М04203 «Құқықтану» (ғылыми-педагогикалық бағыт) бағдарламасы бойынша білім алушы – магистрант Б.М. Әбдікерімовтың «Жасырын тергеу әрекеттері процесі этаптарының дифференциациясы: проблемалары мен оларды шешу жолдары» магистрлік диссертациясының 1-тарауының 1.1 бөлімі «Қазақстан Республикасында жасырын тергеу әрекеттерін жүргізудің проблемалық тұстары» Астана халықаралық университеті Құқық жоғары мектебінің «Қазақстан Республикасының қылмыстық процессуалдық құқығы» пәні бойынша оқу процесінде пайдаланылатыны туралы осы актіні жасады.

Комиссия төрағасы*[Signature]***Ж. Сеилханов****Комиссия мүшелері:**

з.ғ.к., қауымдастырылған профессор

*[Signature]***Тусупова Л.К.**

з.ғ.м., аға оқытушы

Абугалиева Ф.М.

«БЕКІТЕМІН»

Қазақстан Республикасы

Бас прокуратураның

Жедел-ізвестіру, қарсы барлау қызметі мен

жасырын тергеу әрекеттерінің

заңдылығын қадағалау департаменті

бастығының м.а

Қ.Ж. Жұмасай

2025ж. 4 наурыз

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы
Құқық қорғау органдары академиясы магистрантының
диссертациялық зерттеуінің нәтижелерін енгізу актісі

Комиссия құрамында:

төраға - Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Жедел-ізвестіру, қарсы барлау қызметі мен жасырын тергеу әрекеттерінің заңдылығын қадағалау департаменті бастығының м.а. Қ.Ж. Жұмасай;

- және комиссия мүшелері:
- 1) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Жедел-ізвестіру, қарсы барлау қызметі мен жасырын тергеу әрекеттерінің заңдылығын қадағалау департаментінің басқарма бастығы Д.А. Төлеуов;
 - 2) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Жедел-ізвестіру, қарсы барлау қызметі мен жасырын тергеу әрекеттерінің заңдылығын қадағалау департаментінің басқарма аға прокуроры Э.Ж. Сартаев;
 - 3) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Жедел-ізвестіру, қарсы барлау қызметі мен жасырын тергеу әрекеттерінің заңдылығын қадағалау департаментінің басқарма прокуроры М.О. Смаилов

Магистрант Б.М. Абдикеримовтың «Жасырын тергеу әрекеттері процессі этаптарының дифференциациясы: проблемалары мен оларды шешу жолдары» тақырыбы бойынша диссертациялық зерттеуінің материалдары Департаменттің практикалық қызметіне енгізілгені туралы осы акті жасалды.

1. Магистранттың диссертациялық зерттеуінің 2-тарауының 2.1 бөлігіндегі «Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде адамдардың конституциялық құқықтарының бұзылуының алдын алу жөніндегі шаралар» және 2.2 бөлігіндегі «Қазақстан Республикасындағы жасырын тергеу әрекеттерінің статистикалық есептілігінің проблемалық мәселелері, оларды шешу жолдары» атты зерттеу нәтижелеріне талдау жүргізілді.

Магистранттың «Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде адамдардың конституциялық құқықтарының бұзылуының алдын алу жөніндегі шаралар» атты

диссертациялық зерттеуінің нәтижелерінде Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірленген. Олардың ішінде тергеу сотының жасырын тергеу әрекеттерін санкциялаумен байланысты сұрақтарды қарау кезінде прокурорлық қадағалауға қатысты.


Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасындағы жасырын тергеу әрекеттерінің статистикалық есептілігінің проблемалық мәселелері, оларды шешу жолдары» атты диссертациялық зерттеуінің нәтижелерінде проблеманың теориялық және қолданбалы аспектілеріне, сондай-ақ оны шешудің институционалдық-құқықтық тетіктеріне жүйелі талдау жүргізілген, оның ішінде жасырын тергеу әрекеттерінің есебін цифрландыру. Ұсынылып отырған шараларды жүзеге асыру, прокурорлық қадағалауды оңтайландыруға, іс жүргізу әрекеттерінің ашықтығын арттыруға және Қазақстан Республикасы Конституциясының 18-бабының кепілдіктерін күшейтуге (жеке өмірдің қол сұғылмайтындығы) ықпал етеді.

2. Магистранттың диссертациялық зерттеуінің енгізу нысаны: 1) «Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде адамдардың конституциялық құқықтарының бұзылуының алдын алу жөніндегі шаралар» атты диссертациялық зерттеуінің нәтижелеріндегі ұсыныстар назарға алынып, Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексіне өзгертулер мен толықтырулар енгізу үшін уәкілетті органның қарауына жолданды. 2) «Қазақстан Республикасындағы жасырын тергеу әрекеттерінің статистикалық есептілігінің проблемалық мәселелері, оларды шешу жолдары» атты диссертациялық зерттеуінің нәтижелерінде ұсыныстар Департаменттің практикалық жұмысына енгізілді.


3. Магистранттың диссертациялық зерттеуінің енгізу тиімділігі: Магистранттың ғылыми зерттеуінің нәтижелері құқық қорғау саласындағы заңнаманы жетілдіруге және жасырын тергеу әрекеттерінің есебін жетілдіруге ықпал етеді.


4. Магистранттың диссертациялық зерттеуінің жұмысын енгізу күні: 15.01.2025ж. (2-тарауының 2.1 бөлігі), 27.02.2025ж. (2-тарауының 2.2 бөлігі).


Төраға:

 К. Жұмасай

Комиссия мүшелері:

 Д. Төлеуов

 Э. Сартаев

 М. Смаилов



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ ЖАНЫНДАҒЫ
ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫ



**«ҚАЗІРГІ ЗАҢ ҒЫЛЫМЫНЫҢ
ДАМУЫ: ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»**

VII халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференция материалдары

Астана 2024

УДК 34.343.140.02

Абдикеримов Бекмурат Мусанович
магистрант Академии правоохранительных органов
при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан,
г. Астана, Республика Казахстан

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПРОИЗВОДСТВА НЕГЛАСНЫХ СЛЕДСТВЕННЫХ ДЕЙСТВИЙ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Аннотация. В статье рассматривается вопрос о негласных следственных действиях в контексте уголовно-процессуального законодательства Республики Казахстан. Автор анализирует изменения, внесенные в Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан с целью модернизации системы уголовного судопроизводства.

Отражено положение, закрепленное в статье 83 Конституции Республики Казахстан, о роли прокуратуры в обеспечении законности, в частности при производстве негласных следственных действий. Автор исследует, как прокуратура, от имени государства, осуществляя высший надзор за точным и единообразным применением законов сталкивается с проблемами законодательного характера. Особое внимание уделено механизмам, направленным на обеспечение неприкосновенности частной жизни лиц, при производстве негласных следственных действий.

Статья предоставляет четкий обзор надзорной роли прокуратуры, в том числе в ходе производства негласных следственных действий и подчеркивает важность обеспечения конституционных норм и законов при осуществлении этой функции.

Ключевые слова: негласные следственные действия; прокуратура; высший надзор; конституционные права граждан; концепция правовой политики.

Аннотация. Мақалада Қазақстан Республикасының қылмыстық процесінде жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу мәселесі талқыланады. Автор қылмыстық сот ісін жүргізу жүйесін жаңғырту мақсатында Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесілік кодексіне енгізілген түзетулерді талдайды.

Мақалада Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабында бекітілген, прокуратураның заңдылықты қамтамасыз етудегі, атап айтқанда, жасырын тергеу әрекеттерін жүргізудегі рөлі туралы ережеге тоқталып кеткен. Автор прокуратураның мемлекет атынан заңдардың нақты және біркелкі қолданылуына жоғары қадағалауды жүзеге асыра отырып, заңнамалық сипаттағы проблемалармен қалай бетпе-бет келіп жатқанын зерделейді. Жасырын тергеу әрекеттері өндірісінде адамдардың жеке өміріне қол сұғылмауын қамтамасыз етуге бағытталған механизмдерге ерекше назар аударылады.

Мақалада прокуратура органдарының қадағалау рөліне, оның ішінде жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу кезіндегі рөліне нақты шолу келтіріліп, осы функцияны жүзеге асыру кезінде конституциялық нормалар мен заңдарды қамтамасыз етудің маңыздылығы атап көрсетіледі.

Түйінді сөздер: жасырын тергеу әрекеттері; прокуратура; жоғары қадағалау; азаматтардың конституциялық құқықтары; құқықтық саясат тұжырымдамасы.

Annotation. The article discusses the issue of covert investigative actions in the context of the criminal procedure legislation of the Republic of Kazakhstan. The author analyzes the changes made to the Criminal Procedure Code of the Republic of Kazakhstan in order to modernize the criminal justice system. The provision enshrined in article 83 of the Constitution of the Republic of Kazakhstan on the role of the prosecutor's office in ensuring the rule of law, in particular in the conduct of covert investigative actions, is reflected. The author examines how the Public Prosecutor's Office, on behalf of the state, exercising supreme supervision over the accurate and uniform application of laws, faces problems of a legislative nature. Particular attention is paid to the mechanisms aimed at ensuring the inviolability of the private life of



Международный научный журнал "АКАДЕМИК", Республика Казахстан, г.Астана
 АО "Jusan Bank" TSESKZKA p/c KZ88998HTV0001487716
 сайт: www.journal-academic.com, E-mail: info@journal-academic.com
 БИН 200640031052

СПРАВКА

Уважаемый Абдикеримов Б.М.!

От имени международного научного журнала АКАДЕМИК позвольте выразить Вам наше глубокое почтение.

Рады сообщить Вам, что в рамках своей деятельности Ваша статья «ПРОБЛЕМНЫЕ АСПЕКТЫ УЧЕТА НЕГЛАСНЫХ СЛЕДСТВЕННЫХ ДЕЙСТВИЙ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН, ПУТИ ИХ РЕШЕНИЯ» принята к публикации

Дата публикации: 5 февраля 2025 г.

В приложении к данной справке отправляем Вам сертификат о публикации статьи.

Надеемся, что Ваша научная статья будет полезна и способствует дальнейшему развитию науки.

С наилучшими пожеланиями,
 Международный научный журнал АКАДЕМИК.

Б.А. ТЕМИРБЕКОВ

Генеральный директор ТОО
 Международный научный
 журнал "АКАДЕМИК"



05.02.2025 г.